		Еңбекке жастан, … (өнерге бастан) 		
		Еңбек етсең емерсің, … ерінбесең жеңерсің) 		
Жеке жұмыс 	**«Әмиян» әдісі.**	1.Сейітқұлдың арманы. (Отыз үйлі кедейді байыту, ел қатарына қосу, жайлы қоныс табуды, елінің аман болуын). 2.Еңбекқор Сейітқұл. (Қолына кетпен алып, халқына да кетпен ұстатып, Қабырғаның бойына егін егеді, судан арық қазып шығарады, артығын сатып, малға айырбастайды, жарлы жақыбайлар келе бастайды). 3. Сейітқұл - жұрт ағасы. (адал бейнет, табан ет, маңдай терімен елін байытты, шымнан биік қорған салдырды, Бұқара, Қоқанға мал айдатты, жәрмеңке базар болғызды, егінмен , саудамен айланысты). 47ЫБырай туралы не білесіңдер?	**Дескриптор:** 1.Сұрақтарға жауап беру ҚБ:1	Оқулық, жұмыс дәптерлері.
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин. 	**«Қоржын»әдісі арқылы кері байланыс жасау** *Әңгіменің тақырыбын белгілеп, идеясын өз көзқарастарың ыз негізінде*	**Бүгінгі сабақтан алған пайдалы ақпараттарды «жасыл қоржын»***өте жақсы түсіндім*, **«көк қоржын»** *жақсы түсіндім*, **«қызыл қожын»** *әлі де түсінуім керек.* Үйге тапсырма: «Еңбек мұратқа жеткізер»	Оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай бақылау парағы бойынша 1-10 баллдық жүйемен әр оқушы өзіне-өзі тиісті баллын қойып бағалайды.	

	<u>түсіндіріңіздер</u> Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:***Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:***Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.	тақырыбына эссе жазу.	Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін ***«Уық» әдісі*** арқылы бағалайды.	



Ы.АЛТЫНСАРИН «ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ» ӘҢГІМЕСІ

Абдуллина Айшат Найзабекқызы,
«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ әдебиеті пәні мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	«№13 орта мектебі»КММ	
Пәні:	Жаратылыстану	
Бөлім:	Жер және ғарыш	
Педагогтің аты-жөні:	Абдуллина Гульмарал Онгарбаевна, Тажмагамбетова Светлана Сагынбаевна	
Күні:	06.02.2025	
Сынып: 3 «Б»	Қатысқандар саны 20	Қатыспағандар саны
Тақырыбы	**20.** Жер сфералары деген не?	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.4.1.1 Жер сфераларының орналасу реттілігін түсіндіру және көрсету 3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар Жер сфераларының орналасу реттілігін түсіндіру және көрсетеді ,ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтайды			
	Сабақтың барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс-тар
Сабақтың басы 7 минут	**І. Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу. Түгендеу. **Психологиялық ахуал қалыптастыру «Қал қалай?»** әдісі бойынша - Қалдарың қалай? - Сабаққа дайындықтарың қалай? -Бүгінгі көңіл күйлеріңіз қалай? Топқа бөлу **«Сиқырлы дорба»** Дорба ішіндегі түрлі түсті асықтар арқылы топтарға бөлінеді. - Көк асық – **ГИДРОСФЕРА** - Ақ асық – **АТМОСФЕРА** - Жасыл асық – **БИОСФЕРА** - Сұр асық – **ЛИТОСФЕРА** **«Өзін-өзі бағалау»** парағы таратылады.	Мұғаліммен сәлемдеседі. Жағымды көңіл күй орнайды. Оқушылар топқа бөлінеді. Топтық ережені ұстанады.	Жарайсыңдар! 	Интерб елсенді тақта. Дорба, асықтар
	Өткен сабақты пысықтау «Қаламсап» әдісі арқылы алдыңғы білім қайталанады. 1. Топырақтың қандай қасиеті бар? 2. Құнарлылық дегеніміз не?	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	Ауызша мадақтау **ҚБ:**Жарайсың ! Өте жақсы! Дұрыс! Тамаша! Дескриптор: *Білім алушылар*	Қаламсап

	3.Қарашірік қалай пайда болады? 4.Топырақ құрамының өзгеруіне адам қалай әсер етеді? https://learningapps.org/view11316226 Леорнинг қосымшасы арқылы Топырақ анықтамасы құрастырылады.	Сілтеме арқылы тапсырма орындалады.	Топырақ қасиетін сипаттайды; Қарашірік қалай түзілетінін айта алады;	https://learningapps.org/view11316226
Сабақтың ортасы 33 мин	**Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын.** **III. Жаңа тақырып.** Білу және түсіну . Оқулықпен жұмыс. **Сен** -жердің қандай қабықтары болатынын білесің; -жердің әр қабығы неден құралатынын анықтайсың. **Жауап бер** Өзіңді қоршаған ортаның нысандарын ата. Жанды табиғат жансыз табиғаттан қалай ерекшеленеді? Өз өлкеңде қандай су қоймалар бар? Ауа қандай табиғатқа жатады? **Суретке қарап, сипаттап айт**  Жердің төрт қабығы бар. Оларды **сфера** дейді. Коллажға мұқият қара. Әр қабыққа нелер жататынын ата. Әр қабықтағы нысандарға не ортақ? Бір сөзбен атауға тырыс. Бұл қабықтар қайда орналасады деп ойлайсың? **Қайда орналасқанын ата** Суреттерге қара. Олар жердің қай қабығында орналасқан? Жердің қабықтарында тағы	Өзін қоршаған ортаның нысандарын атайды. Жанды табиғат жансыз табиғаттан қалай ерекшеленетінін түсіндіреді. Коллажға мұқият қарап, әр қабыққа нелер жататынын атайды. Әр қабықтағы ортақ нысандарды бір сөзбен атайды. Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтып талқылайды.	**ҚБ:**Жарайсың ! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! **Дескриптор:** 1.Өзін қоршаған ортаның нысандарын атайды. 1б 2.Жанды табиғат жансыз табиғаттан қалай ерекшеленетінін түсіндіреді.1б 3.Өз өлкесіндегі суқоймалар жайлы айтады.1б **ҚБ:**Жарайсың ! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! **Дескриптор:** 1.Коллажға мұқият қарап, әр қабыққа нелер жататынын атайды.1б 2. Әр қабықтағы ортақ нысандарды	Оқулық . Оқулық 

	нелер орналасатынын ата. **Мәтінді түсініп оқы.**  **ЕБҚ** Жердің неше қабығы бар? Оларды атап көр. **Топтық жұмыс** https://wordwall.net/ru/resource/79079101 Вордвалл қосымшасы арқылы «Жер сфералары» сәйкестендіру тапсырмасы орындалады. **Жұптық жұмыс**  **Жеке жұмыс** 	Сәйкестендіру тапсырмаларын орындайды. Жер сфераларының моделін жасайды. Негеш сфералардың қандай ерекшелігін көрсеткенін айтады. Дұрыс ақпаратты белгілейді.	бір сөзбен атайды.1б  ҚБ: Кереметсің! **Дескриптор:** 1.Жер сфераларының моделін жасайды.1б **Дескриптор:** 1. Кестедегі ақпараттың дұрыс/ бұрыстығын анықтайды.1б **ҚБ:**Жарайсың ! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын!	дәптер https://wordwall.net/ru/resource/79079101 Түрлі түсті қағаз, желім, ақ парақ  Таратпа қағаздары
Сабақтың соңы 5 мин	**IV.Сабақты қорытындылау.** **«Орнын тап»** әдісі арқылы сфералар компаненттерін тауып, тақтадағы жер қабықтарына орналастырады. -Бүгінгі сабақ түсінікті болды ма? Бұл сабақта қандай жаңа білім алдыңыздр? **Оқушылардың білімін бағалау** **Рефлексия**  	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады. Өздері кері байланыс жасайды.	Сен тамаша баласың! Сабаққа жақсы қатыстыңдар! Рақмет сендерге! Балдар жиынтығын қою	Плакаттар Рефлексия парақтары

МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУДЫ ЖОСПАРЛАУ

Абрахманова Е.Ж.,Кадирова З.К.,
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№47 жалпы білім беретін мектебі» КММ директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары

Сапалы қызметті ұйымдастыруда мектепішілік бақылау үлкен функция атақарады. Барлық мектеп әкімшілігінің, мектеп командасының үйлесімді жұмысының мектепішілік бақылау жоспарында көрініс табуы тиіс. Білім беру саласындағы инновациялармен байланысты динамикалық өзгерістер мектеп әкімшілігінен білім беру процесін тиімді іске асыру үшін өзгерістерді жоспарлау мен басқаруда жаңа тәсілдерді талап етеді.

Мектепішілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау. 6 бағытқа назар аудара отырып, әр мектептің әкімшілігі оқу жылының соңында бақылау объектілерін анықтайды және нақты білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін жетілдіру идеясына бағытталған басқару шешімдерін болжайды.

МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ
2025-2026 оқу жылы

№ р/н	*Бақылау тақырыбы*	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылаудың түрі	Бақылаудың әдісі	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
I. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау										
1	Оқушылардың оқулықпен қамтылуы	Жетіспейтін оқулықтармен оқушыларды қамту жұмыстарын жүргізу, кітапханашысының жұмысын жүйелеу	Оқушылардың оқулықпен қамтылуын қадағалау, жетіспейтін оқулықтарды анықтау	Сыныптық-жалпылаушы	Байқау, әңгіме	Тамыз		Директор жанындағы кеңес	Хаттама	

2	Жалпыға бірдей міндетті біліммен қамту айлығын өткізу. «Мектепке жол» акциясы	Оқушылардын мектепке тарту базасын анықтау және жасау, Мектепке оқушыларды тарту, Тізімін құру және тегін тамақтандыруға сынып жетекшісі тарапынан құжаттарды дайындау Отбасы төмен, оқушыларының тегін тамақтанумен қамту, «Мектепке жол » акциясын өткізу мақсатында	Мектепке оқушыларды тарту, Тізімін құру және тегін тамақтандыруға сынып жетекшісі тарапынан құжаттарды дайындау Отбасы төмен, оқушыларының тегін тамақтанумен қамту, «Мектепке жол » акциясын өткізу	Сыныптық-жалпылаушы	талқылау	Тамыз		Пед. кеңес	Хаттама	
3	Білім беру аясында ҚР-ның білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды енгізу бойынша мектеп жұмысының негізгі бағыттары	Педагогтерде 2025-2026 оқу жылына арналған нормативтік құжаттармен таныстыру	Негізгі оқу жылының ерекшеліктерін таныстуру	Сыныптық-жалпылаушы	талқылау	Тамыз		Пед кеңес	Хаттама	
4	Қорытынды аттестаттау, PISA-ға дайындық жоспарын құру, бекіту	Оқушыларды жүйелі дайындау мақсатында	Жоспар, нормативтік құжаттар	тақырыптық	талқылау	Қыркүйек		Оқу ісі меңгеруші ісі	Анықтама Хаттама	
5	Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейтуге бағытталған жұмыстар (үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары білім алушылар арасындағы алшақтықты қысқарту)	Оқушыларды жүйелі дайындау мақсатында	Жоспар, нормативтік құжаттар	тақырыптық	талқылау	Қыркүйек		Оқу ісі меңгеруші ісі	Анықтама Хаттама	
II. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау										

1.	ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқытуды ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес 2025-2026 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды құрастыру, пән бірлестіктерінде талқылау, бекіту**.**	Білім беру саласындағы заңнаманы сақтау	Құжаттар	Сыныптық-жалпы лаушы	Құжаттарды зерттеу	Қыркүйек		Педкеңес	Хаттама	
2.	*Әдістемелік жұмыстың жоспарын бекіту.*	Білім беру саласындағы заңнаманы сақтау	Бірлестік отырысы	дербес	Құжаттарды зерттеу	қыркүйек		Әдістемелік кеңес	Хаттама	
3.	Мектеп іс-қағаздарын жүргізуге қойылатын талаптар (элект. журналы, күнделікті сабақ жоспарлары, оқушылардың бас құжаттары).	Білім беру саласындағы заңнаманы сақтау	Құжаттар	дербес	Құжаттарды зерттеу	Қыркүйек	Оқу ісі мең герушісі Пән мұғалімдер	ДЖО	Хаттама	
4.	БЖБ,ТЖБ, зертханалық, сарамандық жұмыстарының кестесін бекіту	Мемлекеттік білім беру стандартының орындалуын қадағалау	зертханалық, сарамандық жұмыстар	тақырыптық	Құжаттарды зерттеу	Қыркүйек		Оқу ісі меңгеруші сі алды кеңес	Анықтама	
5.	Пән бірлестіктері бойынша үйірмелердің, оқу мотиві жоғары, төмен оқушылармен жұмыс жоспарларын талдап, бекітуге ұсыну	Жоспарларды талдау, бекіту	Оқушылар	Сыныптық-жалпы лаушы	Байқау, талдау	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөнін дегі орынбасары	Педкеңес	*Хаттама*	

6.	Үйден оқитын оқушылардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарын (орта мерзімді жоспар), тексеру, бекіту.	ЕББҚ оқушылардың құжаттарының талапқа сай болуын бақылау	ЕББҚ оқушылардың құжаттары	жекелей	Байқау, талдау	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Педкеңес	Хаттама	
III.Оқу процесінің сапасын бақылау										
1	Мұғалімдердің білім жетілдіру жұмыстары	Білім жетілдіру курсына баратын мұғалімдердің тізімін құру, перспективалық жоспар құру	Білім жетілдіру курсына баратын мұғалімдерді анықтау және түзету енгізу арқылы өз уақытында мұғалімдердің білім жетілдіру институтына баруын кадағалау.	тақырыптық	мониторинг	тамыз		Әдістеме отырыс	Жоспар құру	
2	Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлермен жұмыс жоспарын бекіту.	Жас мамандармен жұмыс жоспарын құру	Бірлестік жетекшілерінің жас мамандарымен жұмыс жоспарын құрылуының сапасын бақылау, тәлімгерлерді бекіту	тақырыптық	Бақылау	тамыз		Педкеңес	Хаттама	
3	2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің оқу мақсатына сәйкес тапсырмаларды жоспарлауы	Аттестаттаудан өтетін педагогтердің ҚМЖ талапқа сай жазылуын бақылау	Аттестаттаудан өтетін педагогтер	Шолу	Тікелей сабақтарына қатысу	тамыз		Әдістемелік кеңес	Анықтама Өтініш Хаттама	
4	Әдістемелік бірлестік жетекшілердің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары	Бірлестік жетекшілердің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының сапалы болуы және жүйелі болуын қадағалау	Әдістемелік кеңес	дербес	әңгіме	тамыз		Әдістемелік кеңес отырысы	Хаттама	
IV.Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау										

1	4-9-сыныптарда кіру бақылау жұмыстарын алу: 1)	Білім алушылардың білім деңгейіндегі олқылықтарды анықтау	Сынып оқушылары	тақырыптық	Байқау	Қыркүйек		Оқу ісі меңгерушісі алдында отырыс	Анықтама	
V.Оқу-зерттеу қызметі										
1	Мектепшілік, аудандық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы	Оқушылардың біліктілігін шыңдау	Сынып оқушылары	тақырыптық	Бақылау , талдау	Қыркүйек		Директор жанындағы кеңес	Хаттама	
2	ТЭЖ-дің екінші қорытынды кезеңінде атқарылатын жұмыстарға шолу жасау	ТЭЖ-дің үшінші қорытынды кезеңінде атқарылатын жұмыстардың орындалуын бақылау	ӘБ жұмыстары	шолу	бақылау	қыркүйек		Әдістемелік кеңес	хаттама	
1	«Жас маман мектебі» жұмысы Мектепке келген жас мамандардың ортаға бейімделуі, сауалнама алу, тренингтер өткізу	Тәлімгер тағайындау, мектептің жұмыс тәртібімен таныстыру Жас мамандармен жұмыс жоспарын құру	Жас мамандар Бірлестік жетекшілерінің жас мамандарымен жұмыс жоспарының құрылуының сапасын бақылау, тәлімгерлерді бекіту	дербес	Байқау, талдау	Қыркүйек-		Әдістеме кеңес	Жас маман мектебінің отырысы	
VII.Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау										
1	*А.Байтұрсынұлының туған күні мен ҚР халықтарының Тілдер күнін өткізуге арналған мерекелік іс – шараларды жоспарлау, өткізу*	Тілге деген құрмет, оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру	Сынып сағаты	дербес	Байқау	Қыркүйек		Әдістемелік бірлестік	Хаттама	
2	Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстарының ұйымдастырылуы	Оқушылардың ыстық тамақпен қамту жұмыстарының жүргізілуі	Аз қамтылған және Отбасы төмен оқушыларды тегін тамақтандырудың қадағалау	тақырыптық	Байқау	Қыркүйек		ДЖО	Хаттама	

3	Оқушылардың сабаққа қатысуы	ЕББҚ оқушылардың оқу процесіне тартылуы	Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы жұмыстарын жүргізілуі, мониторинг жасалуын қадағалау	Сыныптық жалпылаушы	Байқау, әңгімее	Қыркүйек		Оқу ісі меңгерушісі алдындағы отырыс	Хаттама	
VIII. Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау										
1	*Оқу кабинеттерінің жабдықталуы, оқу жылына дайындығы*	Оқу кабинеттеріндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, СанПИн ережесінің сақталуы	Оқу кабинеттері	тақырыптық	Байқау,талдау, әңгімелесу	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, Кәсіподақ комитеті	Оқу ісі меңгерушісі алдындағы отырыс	Анықтама	

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ (ЖИ) ҚОЛДАНУ

Ажиғалиева Бақнұр Еділжанқызы,
Қыдырбаева Аружан Амандыққызы
Ұ. Құлымбетов атындағы №64 ЖББОМ
ағылшын тілі пәні мұғалімдері

Қазіргі заманда білім беру жүйесінде цифрландыру үрдісі қарқынды дамып келеді. Соның ішінде ағылшын тілін оқытуда жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану — педагогикалық тәжірибеде жаңа сапалық деңгейге көтерілуге мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі. ЖИ технологиялары оқыту процесін жекешелендіруге, тиімді кері байланыс орнатуға және білім алушылардың қажеттіліктеріне сай бейімделген оқу ортасын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Бірқатар зерттеулердің мәліметтері бойынша, ЖИ қолданылатын оқыту платформалары білім алушылардың тіл меңгеру қарқынын орта есеппен 25–40%-ға арттырады (OECD, 2023). Мысалы, Duolingo және ChatGPT сияқты жүйелер грамматикалық құрылымдарды автоматты түрде түзетіп, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмек көрсетеді. Мұндай құралдар оқушылардың жеке оқу стиліне бейімделе алады, бұл дәстүрлі әдістермен салыстырғанда анағұрлым тиімді нәтижелер береді. Сонымен қатар, Pearson (2024) компаниясының зерттеуінде жасанды интеллект қолданылған интерактивті сабақтар студенттердің сабаққа қызығушылығын 60%-ға дейін арттырғаны атап өтіледі.

ЖИ технологияларының басты артықшылықтарының бірі — оқытудың дараландыруы. Әрбір оқушының білім деңгейі мен оқу қарқыны әртүрлі болғандықтан, жасанды интеллект жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. Мәселен, интеллектуалды жүйе оқушының қателіктерін талдап, сол бойынша келесі тапсырмаларды ұсынады. Бұл тәсіл когнитивті жүктемені азайтып, білімді бекітуді жеңілдетеді. Мысалы, Microsoft Copilot немесе Grammarly сияқты құралдар

оқушылардың жазба жұмыстарын талдап, нақты ұсыныстар беріп отырады. Мұндай жүйелер тек грамматикалық дәлдікті ғана емес, стилистикалық сауаттылықты да арттырады.

Сонымен қатар, ЖИ тілдік орта қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. ChatGPT немесе Google Bard сияқты тілдік модельдермен диалог жүргізу арқылы оқушылар ағылшын тілінде сөйлесу дағдыларын табиғи жағдайда дамыта алады. Бұған қоса, сөйлеу мәнерін талдау, дыбыстауды түзету, интерактивті жаттығулар құрастыру сияқты мүмкіндіктер шет тілін үйренуді жандандырады. Бұл тәсіл әсіресе онлайн оқыту форматында өз тиімділігін көрсетіп отыр. Жасанды интеллект көмегімен оқушылар виртуалды тренингтер мен рөлдік ойындар арқылы шынайы өмір жағдайларын модельдей алады. Осылайша, білім алушылардың коммуникативтік және мәдени құзыреттері бір мезгілде дамиды.

Дегенмен, жасанды интеллектіні білім беру саласына енгізу барысында бірқатар мәселелер де туындайды. Біріншіден, технологияға тәуелділік қаупі бар — оқушылар өздігінен ойланудан гөрі, дайын жауаптарға сүйеніп кетуі мүмкін. Екіншіден, дербес деректердің құпиялылығын сақтау маңызды. Пайдаланушылардың оқу тарихы мен дауыстық жазбалары сияқты мәліметтер сенімді түрде қорғалуы тиіс. Үшіншіден, кейбір сарапшылардың пікірінше (Smith, 2022), ЖИ жүйелері мәдени контексті әрдайым дәл түсіне алмайды, бұл тілдің прагматикалық мағынасын бұрмалауға әкелуі мүмкін. Сондықтан мұғалімнің рөлі — ЖИ ұсынған ақпаратты педагогикалық тұрғыдан сараптап, оны тиімді бағыттау.

Білім берудің болашағына көз жүгіртсек, жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше, оның кәсіби мүмкіндігін кеңейтеді. ЖИ педагогтарға оқушылардың оқу үлгерімін автоматты түрде талдау, бағалау жүйесін жетілдіру, оқу материалдарын бейімдеу секілді функцияларды тиімді орындауға көмектеседі. Ал мұғалімнің басты міндеті — тұлғалық, эмоционалдық және мәдени аспектілерді дамытатын орта құру. Себебі тіл үйрену тек лингвистикалық емес, мәдени және психологиялық процесс болып табылады.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану — қазіргі білім беру жүйесін жетілдірудің инновациялық жолы болып табылады. Ол оқытуды тиімді, икемді және қызықты етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, ЖИ технологияларын қолдану кезінде педагогикалық бақылау мен адам факторының маңызын ұмытпау қажет. Болашақта жасанды интеллект пен мұғалімнің бірлескен жұмысы білім беруді жаңа сапалық деңгейге көтеретіні сөзсіз. Ағылшын тілін меңгертудің интеллектуалды жүйелерге сүйенген жаңа моделдері дәстүрлі әдістемелермен үйлескен жағдайда, білім беру сапасы мен тиімділігі айтарлықтай артады деп күтілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. OECD (2023). “AI in Education: Global Trends and Insights.” Paris: OECD Publishing.
2. Smith, J. (2022). “Artificial Intelligence and Language Learning.” Journal of Educational Technology, 45(3), 112–124.
3. Duolingo AI Research Report (2024). Duolingo Inc.
4. Pearson Education (2024). “AI Integration in Language Teaching.” London: Pearson Publishing.
5. Microsoft Research (2023). “AI and Personalized Learning.” Redmond, WA.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ВИЗУАЛИЗАЦИЯ: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Аманжол Сымбат Махатқызы,
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы
№1 Хромтау орта мектебінің физика пәні мұғалімі
Жолдыбаева Мадина Мырзабайқызы,
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы
№1 Хромтау орта мектебінің химия пәні мұғалімі

Қазіргі таңда білім беру жүйесі үздіксіз өзгеріп, цифрландыру мен жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының ықпалы артып келеді. Әсіресе, жаратылыстану пәндерін (физика, химия, биология, география) оқытуда күрделі ұғымдарды түсіндіруде визуальды көру және елестету қабілеті маңызды рөл атқарады. Дегенмен дәстүрлі оқыту барысында оқушылардың кеңістік ойлау, абстрактілі ұғымдарды елестету және процестерді көз алдына келтіру қабілеті әрқашан бірдей дамымайды. Бұл өз кезегінде пәнге деген қызығушылықтың төмендеуіне және түсіну деңгейінің әлсіреуіне әкеледі.

Сондықтан заманауи білім беруде жасанды интеллект пен визуализация әдістерін біріктіре отырып, оқыту форматын жаңарту өзекті болып отыр. Мұндай тәсіл тек ақпаратты қабылдау үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, оқушының танымдық белсенділігін арттырады, ғылыми ойлауды дамытады және зерттеушілік қабілетті қалыптастырады.

Мақсаты: жаратылыстану пәндерін оқытуда жасанды интеллект пен визуализацияны қолданудың тиімді жолдарын көрсету.

Міндеттері:

1. Жасанды интеллекттің білім берудегі маңызын анықтау;
2. Визуальды тәсілдердің оқушылардың қабылдауына әсерін талдау;
3. AI құралдарын физика және химия сабақтарында қолданудың тиімді мысалдарын ұсыну.

Негізгі бөлім

1. Жасанды интеллект – заманауи білім берудің құралы

Жасанды интеллект (Artificial Intelligence, AI) – адамның ойлау, талдау, үйрену қабілеттерін еліктейтін технологиялар жиынтығы. Қазіргі таңда ChatGPT, Google Gemini, Canva AI, DeepMind сияқты жүйелер білім беру саласында белсенді қолданылуда. AI оқытудың жеке даралығын қамтамасыз етіп, оқушының деңгейіне сәйкес материал ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушы есеп шығару барысында қателессе, жасанды интеллект оның қатесін талдап, түсіндірме береді немесе баламалы әдіс ұсына алады. Бұл оқушының өз бетімен ойлану дағдысын жетілдіреді.

Сонымен қатар, AI технологиялары виртуалды зертхана, интерактивті модель, бейімделген тапсырма сияқты визуальды құралдарды автоматты түрде жасай алады. Бұл физика мен химиядағы тәжірибелерді қауіпсіз әрі көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

2. Визуализация – ғылыми ұғымдарды түсінудің кілті

Визуализация (көрнекі бейнелеу) – ақпаратты көру арқылы қабылдауды, елестетуді және есте сақтауды жеңілдететін тәсіл. Психологиялық тұрғыда адамның қабылдауының 80%-ы көру арқылы жүзеге асады, сондықтан көрнекі бейнелер оқушылардың ойлау қабілетін белсендіреді. Физика пәнінде визуализация арқылы қозғалыс, күш, энергия, қысым сияқты абстрактілі ұғымдарды нақты мысалмен көрсетуге болады. Мысалы, қозғалыс траекториясын 3D модель түрінде көрсету немесе толқындардың таралуын анимациямен түсіндіру оқушылардың түсінуін айтарлықтай жеңілдетеді.

Ал химия пәнінде визуализацияның орны ерекше. Молекулалардың кеңістік

құрылымын, атом арасындағы байланыстарды, реакция механизмін көзбен көру арқылы түсіндіру оқушылардың химиялық ойлауын дамытады. Canva AI немесе Chemix платформалары арқылы мұғалімдер молекула моделін автоматты түрде жасай алады.

3. Жасанды интеллект пен визуализацияның өзара байланысы

Жасанды интеллект пен визуализацияны бірге қолдану — жаратылыстану пәндерін оқытудың жаңа форматы. AI визуальды бейнелерді автоматты түрде құрастырып қана қоймай, олардың мағынасын түсіндіреді, оқушыға бейімдеп ұсына алады.

Мысалы:

- Физикада – AI қозғалыс заңдарын түсіндіретін 3D симуляция жасап, оқушыға түрлі параметрлерді өзгерту арқылы тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.
- Химияда – жасанды интеллект химиялық реакция теңдеуін енгізсең, оның молекулалық бейнесін визуальды түрде көрсетеді.


Осындай құралдар оқушының дербес зерттеу қабілетін арттырып, пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Мұғалім үшін бұл тәсіл — сабақ мазмұнын түрлендірудің тиімді жолы. Мұғалім AI құралдарын сабақ жоспарына енгізу арқылы күрделі ұғымдарды түсіндіруді жеңілдетіп, уақыт үнемдей алады.

Сонымен қатар, бұл әдіс инклюзив білім беру жүйесінде де аса пайдалы. Ойлау қабілетінің баяулығы бар оқушылар үшін визуальды ақпарат пен AI түсіндірулері материалды қабылдауды жеңілдетеді. Мысалы, қысым мен күш арасындағы байланыс график түрінде көрсетілсе, жасанды интеллект оны дыбыстық немесе қысқаша мәтіндік түсініктемемен сүйемелдей алады.

4.Физика және химия пәндерінде қолдануға тиімді визуализациялық форматтағы платформалар

Mozaika 3d- біз бұл қосымшаны ең алдымен 8–18 жас аралығындағы оқушыларға ұсынамыз.Тарих, технология, физика, математика, биология, химия, география және бейнелеу өнері пәндеріне қатысты интерактивті оқу көріністері оқуды қызықты саяхатқа айналдырады.

3D-көріністер бірнеше тілде қолжетімді, бұл өз кезегінде шет тілдерін үйрену мен тәжірибелеуге тамаша мүмкіндік береді.



Сілтеме: **https://www.mozaweb.com/kk/mozaik3D**


Phet Colorado-Бұл жоба 2002 жылы Нобель сыйлығының лауреаты **Карл Виманның** бастамасымен АҚШ-тағы **Колорадо университетінде (Боулдер қаласында)** құрылды. Жобаның басты мақсаты — **математика мен жаратылыстану ғылымдары бойынша тегін интерактивті симуляциялар** жасау.

PhET симуляторлары білім беру саласындағы **терең зерттеулерге** сүйене отырып жасалған және оқушыларды **ойын түріндегі интуитивті ортада** белсенді зерттеуге, тәжірибе жасауға және жаңа заңдылықтарды өз бетімен ашуға ынталандырады.

Мысалы, физика пәнінде оқушылар денелердің қозғалысын, энергияның түрленуін немесе жарықтың сыну құбылысын визуалды түрде бақылай алады. Ал химия сабақтарында атомдар мен молекулалардың әрекеттесуін көру арқылы абстрактілі ұғымдарды нақты түсінеді.

PhET симуляторларының тағы бір артықшылығы — олардың **көптілді интерфейсі**, яғни қолданушылар өз ана тілінде немесе шет тілінде тәжірибе жасап, сонымен қатар тілдік дағдыларын жетілдіре алады.

Осылайша, PhET Interactive Simulations жобасы — **жасанды интеллект пен визуализация мүмкіндіктерін тиімді біріктіре отырып**, оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттыратын және оқу процесін жандандыратын заманауи білім беру құралы болып табылады.





Сілтеме: https://phet.colorado.edu/
Efizika-

• **Қызмет саласы**: физика пәні бойынша виртуалдық лаборатория жұмыстарын, электронды демонстрациялық эксперименттер мен эксперименттік тапсырмаларды ұсыну.

• **Мазмұны**: сайтта физика курсының әр түрлі бөлімдеріне (механика, молекулярная физика, электричество и магнетизм, колебания и волны, оптика, квантовая физика және т.б.) арналған **200-ден астам** виртуалды лабораториялық жұмыстары, эксперименттік тапсырмалары және демонстрациялары бар.

• **Пайдаланушылар үшін мүмкіндіктері**:

○ Оқушылар мен мұғалімдер «гостевой доступ» (қонақ режимінде) немесе тіркелгі арқылы қол жеткізе алады.

○ Тапсырмалар нақты уақыт режимінде жұмыс істейді — стационарлы және нестационарлы физикалық модельдер ретінде.

○ Кейбір тапсырмалар олимпиадалық деңгейге дайындық үшін арналған.

• **Тілдік қолдау**: сайттың интерфейсі орыс тілінде және ағылшын (English) тілінде қолжетімді.

• **Қосымша мүмкіндіктер**: форум, жаңалықтар бөлімі, курс іздеу жүйесі.

Артықшылықтары

1. **Интерактивті тәжірибелік жұмыстар** — оқушылар теорияны тәжірибемен байланыстырып, түсінікті түрде меңгере алады.
2. **Көп бөлімді қамту** — сайт физика пәнінің барлық негізгі тақырыптарын қамтиды.
3. **Олимпиадалық бағыт** — күрделі тапсырмалармен дайындау мүмкіндігі бар.
4. **Тегін қолжетімділік (гостевой режим, кейбір элементтер үшін)**

— оқушыларға кедергісіз пайдалануға мүмкіндік береді.

5. **Реал-уақыт режимі** — физикалық модельдер жедел түрде әрекет етеді, өзгерістер көрініп тұрады.

6. **Ағылшын тілінде қолдау** — шет тілін үйрену бөлігінде де қолдануға жарамды.


Кемшіліктері / шектеулері

1. **Тілдік шектеулер** — негізгі контент орыс тілінде, қазақ тілінде интерфейс немесе нұсқаулық болуы белгісіз.

2. **Физикаға бағытталуы** — сайт негізінен физикаға арналған, химия, биология, география секілді пәндерге арналған толық виртуалдық зертханалары жоқ.

3. **Тіркелу қажеттілігі** — кейбір курстар мен толық мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін тіркелу талап етілуі мүмкін.

4. **Жаңарту мен техникалық қолдау** — сайттың жаңартылуы, техникалық қолдауы мен сервер тұрақтылығы маусымдық болуы мүмкін.



Сілтеме: https://efizika.ru/?lang=ru

Қорытынды

Жасанды интеллект пен визуализацияны біріктіре қолдану – білім берудің жаңа парадигмасын қалыптастырады. Бұл тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми және кеңістік ойлауын дамытады. AI арқылы визуальды модельдер құру оқушылардың күрделі процестерді өз көзімен көріп, түсінуіне жағдай жасайды. Мұғалімнің рөлі тек ақпарат берушіден бағыттаушыға айналып, оқыту үдерісі интерактивті және шығармашылық сипат алады.

Болашақта жасанды интеллект негізіндегі визуальды оқыту құралдары физика мен химия пәндерінде зерттеу мен тәжірибені виртуалды форматқа көшіруге мүмкіндік береді. Бұл білім беру сапасын арттырумен қатар, оқушылардың ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаева С.Қ. Жаратылыстану пәндерін оқытудағы цифрлық технологиялар. – Алматы: Рауан, 2023.

2. OECD Education. AI in Education: Challenges and Opportunities, 2022.

3. UNESCO. Artificial Intelligence in Education: A Review of Policy and Practice, 2023.

4. PhET Interactive Simulations. University of Colorado Boulder. – https://phet.colorado.edu

5. Жумабаева А.Т. Визуализация в обучении естественнонаучным дисциплинам. – Нұр-Сұлтан, 2021.

ЦИФРОВОЙ ПЕДАГОГ: РОЛЬ УЧИТЕЛЯ В ЭПОХУ ИИ

Амангелді Алтынай Бақытқызы,
Апендина Гульжазира Хамитовна,
учителя русского языка и литературы СШ №8, г. Актобе

Введение: Трансформация роли учителя

Развитие технологий и широкое внедрение искусственного интеллекта (ИИ) в повседневную жизнь оказали заметное влияние на современную систему образования. Если раньше учитель традиционно выступал основным и часто единственным источником знаний, то сегодня любую информацию ученик может получить в пару кликов. Однако это не приводит к уменьшению роли учителя; напротив, она кардинально трансформируется, становясь более сложной и гуманистической.

В условиях насыщенной цифровой среды роль учителя смещается от **передатчика знаний** к **медиатору, навигатору и наставнику**. Основной задачей педагога становится не предоставление фактов, а развитие у учеников навыков критического мышления, цифровой безопасности и глубокого понимания мира.

1. Понятие и компетенции Цифрового педагога

Возникает новая педагогическая фигура — **цифровой педагог**. Это учитель, который не просто владеет ИКТ-компетенциями , но и способен интегрировать цифровые инструменты, включая ИИ, в учебный процесс.

Цифровой педагог XXI века должен обладать следующими ключевыми навыками:

- **Цифровая этика и безопасность:** Обучение учеников ответственному и безопасному использованию технологий, а также пониманию этических проблем, связанных с ИИ.
- **Гибкость и открытость к инновациям:** Готовность постоянно осваивать новые инструменты и методы, умение адаптировать учебный материал под меняющиеся технологические реалии.
- **Развитие высших мыслительных навыков:** ИИ может предоставить ученику голую информацию, но **интерпретация, обсуждение, поиск смысла и глубокое понимание** остаются задачей учителя.
- **Работа в тандеме с ИИ:** Главный принцип цифрового педагога — **обучать вместе с ИИ, а не вопреки ему**.

2. Сдвиг парадигмы: От контроля к персонализации

Внедрение ИИ радикально меняет приоритеты педагогической деятельности:

А. От контроля к поддержке и наставничеству

Инструменты ИИ позволяют автоматизировать рутинные и ресурсоемкие процессы, такие как проверка тестовых и стандартизированных заданий. Освободившееся время педагог направляет на **развитие личности, коммуникативных и социальных навыков** учащихся. Роль учителя трансформируется из контролирующего органа в **поддерживающего наставника**.

Б. От массового обучения к персонализации

Традиционное образование часто ориентировано на "среднего" ученика. ИИ, используя диагностические и аналитические платформы , помогает создать **адаптивные образовательные траектории**. Ученик, который испытывает трудности, может получить дополнительные упражнения, а одаренный — более сложные, творческие задания. При этом именно **педагог оценивает прогресс** ученика, корректирует его направление и обеспечивает эмоциональную вовлеченность.

3. Инструменты и их применение

Цифровой педагог использует широкий арсенал инструментов для повышения эффективности и вовлеченности:

- **Генеративные платформы с ИИ:** ChatGPT, Canva Magic Write, Quillionz, Curipod используются для создания черновиков текстов, разработки тестовых вопросов или генерации идей для проектов.
- **Образовательные среды:** Google Classroom, Moodle, Khan Academy служат для организации учебного процесса, хранения материалов и сбора данных.
- **Диагностика и аналитика:** Специализированные платформы предоставляют учителю данные об успеваемости, вовлеченности и пробелах в знаниях, что позволяет принимать **обоснованные педагогические решения**.

4. Вызовы, риски и пути их преодоления

Широкое внедрение ИИ сопровождается серьезными вызовами, которые должен учитывать цифровой педагог:

Вызов/Риск	Описание проблемы	Стратегии преодоления
Цифровой разрыв	Не все педагоги готовы к технологическим изменениям, что создает неравенство в качестве образования.	Систематическое обучение педагогов, программы менторства (когда более опытные учителя обучают коллег).
Этические проблемы и мотивация	Чрезмерное злоупотребление ИИ (например, написание эссе) может снижать учебную мотивацию и личную ответственность ученика.	Фокус на **проектном и исследовательском обучении**, где ИИ используется как помощник, а не как исполнитель. Разработка заданий, требующих синтеза, а не репродукции.
Эмоциональная дистанция	Технологии, в том числе онлайн-обучение, могут невольно создавать дистанцию, не заменяя **«живое» слово, поддержку и эмпатию** учителя.	Активное использование технологий для рутины, но сохранение **максимума времени для личного общения** в классе, обсуждений, дискуссий и развития эмоционального интеллекта.

Заключение: Человек в центре процесса

Искусственный интеллект уже стал неотъемлемой частью современного образования, и его влияние будет только расти. Однако, несмотря на колоссальное развитие технологий, главный, незаменимый элемент обучения — это **человек**.

Цифровой педагог — это учитель нового времени, который не конкурирует с ИИ, а работает в тандеме с ним, развивая в учениках самое важное: **мышление, креативность, эмпатию и умение быть Человеком**. Будущее образования зависит от способности педагогов принять эту новую роль и стать истинными навигаторами в эпоху цифровой трансформации.

Список использованной литературы

1. Селевко, Г.К. «Современные образовательные технологии». — М.: Народное образование, 2020.
2. Андреев А.А. «Цифровая дидактика». — СПб.: Питер, 2022.

3. ЮНЕСКО. Доклад: «Искусственный интеллект в образовании: вызовы и перспективы», 2021.
4. Heffernan N., Heffernan C. «The ASSISTments Ecosystem...» IJAIED, 2021.
5. Choi, J., et al. (2023). "Artificial Intelligence and the Future of Teaching." EdTech Review.

КЕЙБІР ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Арызахметов Еркебулан Алтынбекулы,
Ақтөбе қаласы Сазды орта мектебінің
математика пәні мұғалімі,
Танақұлов Әсет Алтынбекұлы,
Ақтөбе қаласы Ш. Құдайбердіұлы атындағы
№66 орта мектебінің математика пәні мұғалімі

Аннотация. *Мақалада мектеп математика курсының кейбір күрделі есептерін шешу барысында геометриялық әдістерді тиімді қолдану жолдары көрсетіледі. Функциялардың ең үлкен және ең кіші мәндерін табу барысында векторлар мен координаталық әдістер қолданылады.*

Тірек сөздер: *векторлық әдістер, Пифагор теоремасы, косинустар теоремасы, векторлардың скаляр көбейтіндісі.*

Геометриялық әдістің негізгі идеясы берілген есепке геометриялық интерпретация беріп, оны геометриялық түрлендірулер арқылы шығару болып табылады. Жалпы көптеген есептің шығарылуының геометриялық альтернативасын байқау өте күрделі мәселе. Осыған орай кейбір есептерді шешуге геометриялық әдісті қолданылуын талдау мақсатында осы мақалада бірнеше алгебралық есептің геометриялық әдіс көмегімен шешеміз.


Геометриялық әдіске біздер координаталар әдісін, векторлар әдісін, және геометриялық фигураларға келтіру әдістерін жатқыза аламыз. Көп жағдайда геометриялық әдіс көмегімен есепті шешу, қарапайым стандартты әдіспен шешуден әлдеқайда жеңілдейді. Сондықтан да, геометриялық әдісті меңгеру есеп шығаруда қолданылатын мықты қару десек те болады. Әдісті түсіну үшін келесі есептерді қарастырайық.

Есептерді шешудің мысалдары

Мысал 1. Функцияның ең кіші мәнін табыңыз:

$$f(x) = \sqrt{x^2 + 4} + \sqrt{x^2 - 3x\sqrt{3} + 9}$$

Шешуі. Келесі суреттен ΔACD және ΔBCDүшбұрыштарынан $AC = 2$, $CD = x$, $\angle ACD = 90°$, $BC = 3$, $CD = x$, $\angle BCD = 30°$ болсын.



1-сурет

ΔACD -Пифагор теоремасы бойынша $AD = \sqrt{x^2 + 4}$, ал

ΔBCD -косинустар теоремасы бойынша

$BD = \sqrt{x^2 + 9 - 3x\sqrt{3}}$.

$f(x) = (AD + DB) = AB$.

ΔABC -косинустар теоремасы бойынша AB:

$$AB = \sqrt{2^2 + 3^2 - 2 \cdot 2 \cdot 3 \cos \cos 1\,20°} = \sqrt{19}.$$

Жауабы: $\sqrt{19}$.


Ескерту. Суретте D нүктесі үшбұрыш ішінде орналасуы мүмкін, бірақ, ол жауапқа әсері болмайды, өйткені, функцияның ең кіші мәні $D \in AB$ болған жағдайда ғана орындалады.

Мысал 2. Теңдеуді шешіңіз:

$$\sqrt{x^2-5x\sqrt{2}+25}+\sqrt{x^2-12x\sqrt{2}+144}=13$$

Ескерту. Иррационал теңдеулерді оқушылар бағдарлама бойынша 11 класстан бастап, екі жағын квадраттау әдісі арқылы шығарады, бұл әдіс өте ұзақ шығарылады, ал мұндай теңдеулердің геометриялық әдіспен шығарылуы әлдеқайда тезірек жүзеге асырылады.

Шешуі. Теңдеудің геометриялық интерпретациясы келесі 2 суретте көрсетілген :



ΔABC - Пифагор теоремасы бойынша $AB=13$

$D\in AB$ болғандықтан

$f(x)=(AD+DB)=AB$ мұндағы, $f(x)=\sqrt{x^2-5x\sqrt{2}+25}+\sqrt{x^2-12x\sqrt{2}+144}$

x -ті табу үшін келесі теңдіктерді аламыз:

$S_{\Delta ABC}=\frac{1}{2}\cdot 5\cdot 12=30,$

$S_{\Delta ACD}=\frac{1}{2}\cdot 5\cdot x\cdot sin\ sin\ 4\ 5^\circ=\frac{5x\sqrt{2}}{4}$,

$S_{\Delta BCD}=\frac{1}{2}\cdot 12\cdot x\cdot sin\ sin\ 4\ 5^\circ=3x\sqrt{2},$


$S_{\Delta ABC}=S_{\Delta ACD}+S_{\Delta BCD}\Leftrightarrow 30=\frac{5x\sqrt{2}}{4}+3x\sqrt{2}$, және $x=\frac{60\sqrt{2}}{17}$

Жауабы: $\frac{60\sqrt{2}}{17}$.

Мысал 3. Функцияның ең үлкен мәнін табыңыз:

$$f(x)=\sqrt{x^2+9}-\sqrt{x^2-x\sqrt{3}+1}$$

Шешуі. $\angle ACB=90^\circ$, $\angle ACD=30^\circ$, $AC=x$, $BC=3$, $CD=1$ және D үшбұрыштың ішкі облысында орналасқан болатын ΔABC қарастырайық.



Пифагор теоремасы бойынша ΔABC -дан $AB=\sqrt{x^2+9}$. Косинустар теоремасы бойынша ΔACD -дан $AD=\sqrt{x^2-x\sqrt{3}+1}.$

$f(x)=(AB-AD)=A_1B-A_1D=DB$

Мұндағы, $A_1\in AC$ (яғни, егер $D\in AB$)

Косинустар теоремасы бойынша ΔBCD -дан:

$BD=\sqrt{1^2+3^2-2\cdot 1\cdot 3\cdot cos\ cos\ 6\ 0^\circ}=\sqrt{7}.$

Жауабы: $\sqrt{7}$.

Мысал 4. Функциялардың ең кіші мәндерін табыңыз.

a) $f(x)=x\sqrt{2}+\sqrt{2x^2+2x+1}+\sqrt{2x^2-14x+25}+\sqrt{2x^2-26x+89};$

b) $g(x)=\sqrt{5x^2+20}+\sqrt{5x^2-32x+64}+\sqrt{5x^2-40x+100}+\sqrt{5x^2-8x+16}.$

Шешуі. Бұл есептердің стандартты жолмен шешуі өте күрделі. Геометриялық әдіс көмегімен шешімді қарастырсақ:

a) Келесі векторларды қарастырайық $\vec{a}(x;x)$, $\vec{b}(4-x;3-x)$, $\vec{c}(x+1;x)$, $\vec{d}(5-x;8-x)$ және олардың ұзындықтары сәйкесінше:

$|\vec{a}|=x\sqrt{2};$

$|\vec{b}|=\sqrt{2x^2-14x+25};$

$|\vec{c}|=\sqrt{2x^2+2x+1};$

$|\vec{d}|=\sqrt{2x^2-26x+89}.$

Демек, функцияны $f(x)=|\vec{a}|+|\vec{b}|+|\vec{c}|+|\vec{d}|$ түрінде жазуымызға болады.

Векторларды қасиеті бойынша: $|\vec{a}| + |\vec{b}| + |\vec{c}| + |\vec{d}| \geq |\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} + \vec{d}|$

Онда, $f(x) = |\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} + \vec{d}|$. $\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} + \vec{d} = (10; 11)$ болады. Демек, $|\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} + \vec{d}| = \sqrt{221}$, бұдан, $f(x) = \sqrt{221}$

Жауабы: $\sqrt{221}$

b) Келесі векторларды қарастырайық $\vec{a}(5x; 10)$, $\vec{b}(16 - 5x; 8)$, $\vec{c}(20 - 5x; 10)$, $\vec{d}(5x - 4; 8)$ және олардың ұзындықтары сәйкесінше:

$|\vec{a}| = \sqrt{25x^2 + 100} = \sqrt{5} \cdot \sqrt{5x^2 + 20}$;

$|\vec{b}| = \sqrt{25x^2 - 160x + 320} = \sqrt{5} \cdot \sqrt{5x^2 - 32x + 64}$;

$|\vec{c}| = \sqrt{25x^2 - 200x + 500} = \sqrt{5} \cdot \sqrt{5x^2 - 40x + 100}$;

$|\vec{d}| = \sqrt{25x^2 - 40x + 80} = \sqrt{5} \cdot \sqrt{5x^2 - 8x + 16}$.

$g(x) = \frac{|\vec{a}|+|\vec{b}|+|\vec{c}|+|\vec{d}|}{\sqrt{5}}$.

Әрі қарай $f(x)$ функциясы үшіе сияқты:

$\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} + \vec{d} = (32; 36)$, $|\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} + \vec{d}| = 4\sqrt{145}$. Демек, $g(x) = \frac{4\sqrt{145}}{\sqrt{5}} = 4\sqrt{29}$

Жауабы: $4\sqrt{29}$.

Мысал 5. Функцияның ең кіші мәнін табыңыз:

$$f(x) = \sqrt{2x^2 - 4x + 2} + \sqrt{2x^2} + \sqrt{2x^2 - 2x + 2}$$

Шешуі. Келесі төрт нүктені қарастырайық $O(0; 0)$, $A(1; 1)$, $B\left(\frac{1-\sqrt{3}}{2}; \frac{1+\sqrt{3}}{2}\right)$, $M(x; x)$ және OM, AM, BM арақашықтықтарын табайық:

$$OM = \sqrt{2x^2}, AM = \sqrt{2x^2 - 4x + 2}, BM = \sqrt{2x^2 - 2x + 2}.$$

$$f(x) = OM + AM + BM.$$

ABO үшбұрышының оның қабырғаларын есептеу оңай мәселе: $AO = BO = AB = \sqrt{2}$. Демек, ABO үшбұрышы теңқабырғалы және $f(x) = (OM + AM + BM) = 3R$. Мұндағы, R -сырттай сызылған шеңбердің радиусы, онда $\sqrt{2} = R\sqrt{3}$ болғандықтан, $f(x) = 3R = \sqrt{6}$.

Жауабы: $\sqrt{6}$.

Мысал 6. Функциялардың ең үлкен және ең кіші мәндерін табыңыз:

a) $f(x) = 4\sqrt{1 - x} + 3\sqrt{x}$

b) $g(x) = \sqrt{x} + 4\sqrt{1 - \frac{x}{2}}$

Шешуі.

a) Келесі векторлар және олардың ұзындықтарын қарастырайық:

$\vec{a} = \left(\sqrt{1 - x}; \sqrt{x}\right)$, $\vec{b} = (4; 3)$, $|\vec{a}| = 1$, $|\vec{b}| = 5$

$\vec{a}$ және $\vec{b}$ векторларының скаляр көбейтіндісі: $\vec{a} \cdot \vec{b} = 4\sqrt{1 - x} + 3\sqrt{x}$.

Скаляр көбейтіндінің қасиеті бойынша: $\vec{a} \cdot \vec{b} \leq |\vec{a}| \cdot |\vec{b}|$, онда $f(x) \leq 5$. Демек, функцияның максимумы 5-ке тең. Бұл теңдік орындалуы үшін векторлар коллинеар болуы қажет, яғни, $\vec{a} \uparrow\uparrow \vec{b}$, онда $\frac{\sqrt{1-x}}{4} = \frac{\sqrt{x}}{3}$, теңдік $x = \frac{9}{25}$ нүктесінде орындалады.

Функция $D(f) = [0; 1]$ өзінің анықталу облысында үзіліссіз болады, $[0; 0{,}36]$ кесіндісінде өседі және $[0{,}36; 1]$ кесіндісінде кемиді. $[0; 0{,}36]$ және $f(1) = 3$. Демек, $f(x) = 3, f(x) = 5$.

Жауабы: $f(x) = 3, f(x) = 5$.

a) Берілген $g(x)$ функциясын келесі түрде жазамыз:

$$g(x) = \sqrt{x} + 2\sqrt{1-\frac{x}{2}} + 2\sqrt{1-\frac{x}{2}}$$

Келесі векторлар және олардың ұзындықтарын қарастырайық:

$\vec{a} = \left(\sqrt{x}; \sqrt{1-\frac{x}{2}}; \sqrt{1-\frac{x}{2}}\right)$, $\vec{b} = (1; 2; 2)$, $|\vec{a}| = \sqrt{2}$, $|\vec{b}| = 3$

$\vec{a}$ және $\vec{b}$ векторларының скаляр көбейтіндісі: $\vec{a} \cdot \vec{b} = \sqrt{x} \cdot 1 + \sqrt{1-\frac{x}{2}} \cdot 2 + \sqrt{1-\frac{x}{2}} \cdot 2.$

Яғни, $\vec{a} \cdot \vec{b} = \sqrt{x} + 4\sqrt{1-\frac{x}{2}}$. Скаляр көбейтіндінің қасиеті бойынша: $\vec{a} \cdot \vec{b} \leq |\vec{a}| \cdot |\vec{b}|$, онда $g(x) \leq 3\sqrt{2}$. Бұл теңдік орындалуы үшін векторлар коллинеар болуы қажет, яғни, $\vec{a} \uparrow\uparrow \vec{b}$, онда $\frac{\sqrt{x}}{1} = \frac{\sqrt{1-\frac{x}{2}}}{2}$, теңдік $x = \frac{2}{9}$ нүктесінде орындалады.


Функция $D(f) = [0; 2]$ өзінің анықталу облысында үзіліссіз болады, $\left[0; \frac{2}{9}\right]$ кесіндісінде өседі және $\left[\frac{2}{9}; 2\right]$ кесіндісінде кемиді. $g(0) = 4$ және $g(2) = \sqrt{2}$. Демек, $g\,(x) = \sqrt{2}, g\,(x) = 3\sqrt{2}$.

Жауабы: $g\,(x) = \sqrt{2}, g\,(x) = 3\sqrt{2}$.

Мысал 7. $x + y + z = 8$ шартын қанағаттандыратын $f(x; y; z)$ функциясының ең кіші мәнін табыңыз:

$$f(x; y; z) = \sqrt{x^2+1} + \sqrt{y^2+4} + \sqrt{z^2+9}$$

Шешуі. Есептің шешіміне келесі сурет сәйкес келеді:



4-сурет.

$ABCD$ сынық сызығының ұзындығы 10-нан кем емес, егер $x + y + z = 8$ онда $f\,(x; y; z) = 10$ болады.

Жауабы: 10.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Арызахметов Е.А., Танақұлов Ә.А. «Есептерді шешудің стандартты емес әдістері», Ақтөбе, 2019

2. Супрун В.П. «Математика для старшеклассников. Нестандартные методы решения задач»,-М.: 2009

3. Сканави М.И. «Сборник задач по математике для поступающих во ВТУЗы», М.: 2013

4. Кушнир И. «Шедевры школьной математики. Задачи с решениями в двух книгах», Киев, 1995

5. Золотарева Н.Д., Семендяева Н.Л., Федотов М.В. «Геометрия. Базовый курс с решениями и указаниями», Москва, БИНОМ, 2015.

6. Будак Б.А., Золотарева Н.Д., Федотов М.В., «Геометрия. Углубленный курс с решениями и указаниями», Москва, БИНОМ, 2020.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Аскарова Акерке Бериккалиевна,
Семей қаласы «№35 ЖОББМ »КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі таңда білім беру саласында тың өзгерістер орын алып жатыр. Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасының енгізілуі осыған дәлел. Бұл бағдарламаның басты мақсаты: заман талабына сай жеке тұлғаны тәрбиелеу. Ал заман талабына сай жеке тұлғаны қалыптастыру бәсекеге қабілетті, сауаттты, құзіретті және білікті азаматтарды дайындау мұғалімдерге қойылатын талап сандық-сапалық тұрғыдан арта түсті. Оқушыларды білім берудегі басты бағыт оларды ауыспалы, қарқынды дамып жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге бейімдеуге, теориялық алған білімдерін іс жүзінде қолдана алуға үйрету.

Математикалық сауаттылықтың әдістемесі мазмұнын кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін сипаттайтын ережелер, сондай-ақ оқытуда дамытушылық және тұлғалық-іскерлік тұрғыдан қарау әрекеті құрайды.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты, бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға. Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес. Бастауыш баласы үшін жаңа рөл - оқушы, жаңа әрекет - оқу болса, осы мәселелерге олардың шаршамай, жалықпай, қызығушылықпен араласып кетуіне, маңайы мен қарым-қатынасының күшеюіне жағдай жасау мұғалімнің шеберлігін және осы жастағы оқушының психологиялық ерекшелігін жете білуін керек етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда «функционалдық сауаттылық», «құзіретті тұлға», «функционалды сауатты тұлға» сияқты ұғымдар көп қолданылады.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адам өзінің оқу және жазу дағдыларын қоғамда, әлеуметтік ортада, қарым-қатынаста қолдана білу қабілеті. Яғни ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға тез бейімделуіне жағдай туғызу деген сөз. Басты қабілет-адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты іріктеп алуы және оны басқаға жеткізе алу дағдылары. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында, бастауыш буыннан басталады. Бастауыш сынып білім алудың фундаменті болғандықтан, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру өзекті болып табылады. [1]

Функционалдық сауаттылықтың бірнеше негізгі түрлері бар:

- Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде еркін сөйлеуді көздейтін коммуникативтік сауаттылық; басқа біреудің ауызша және жазбаша сөзін барабар түсіну қабілеті және өз ойын өз бетінше жеткізе алу;

- Ақпараттық сауаттылық-оқулықтар мен анықтамалық әдебиеттерден ақпаратты іздеу, интернеттен және білім беру дискілерінен, сондай-ақ басқа да іртүрлі

көздерден ақпаратты алу, ақпаратты өңдеу және жүйелеу және оны әртүрлі тәсілдермен ұсыну қабілеті.

- Іс-әрекет сауаттылығы-ұйымдастырушылық қабілеттер мен дағдылардың көрінісі, іс-әрекетке мақсатын қою және ауызша тұжырымдау, жоспарлау және қажет болған жағдайда оны өзгерту, осы өзгерістерді ауызша дәлелдеу, өзін-өзі бақылауды, бағалауды жүзеге асыру, түзету және т.б.

«Математика» пәні бойынша оқу іс-әрекетінде функционалдық сауаттылықты дамыту мүмкіндіктерін қарастырайық. Оқу пәні арифметикалық санау дағдыларын қалыптастыруды, геометрия негіздерімен таныстыруды, заттардың жазықтықта орналасқан жерін тану және осы орынды тілдік құралдар арқылы белгілеу дағдысын қалыптастыру: төмен, жоғары, арасында, қасында, артында, жақынырақ, әрі қарай; уақыт бойынша бағдарлаудың практикалық қабілеті, сюжеті өмірлік жағдайлармен байланысты мәселелерді шешу қабілеті.

«Сауаттылық» терминінің өзі бұл зерттеуде белгілі бір мазмұнға ие. Мұнда сауаттылық деп бұл білімді мектеп бағдарламасының талаптары шеңберінде меңгеруді емес, математикалық білім мен біліктерді функционалды түрде пайдалана білуді айтады. Ал бұл қабілетті «функционалды математикалық сауаттылық» деп атауға болады.

Сонымен, «математикалық функционалдық сауатттылық» -адамның өзі өмір сүріп жатқан әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, дәлелді математикалық пайымдаулар жасау және математиканы бүгінгі және болашақты қанағаттандыратындай қолдану қабілеті. Қабылданған анықтамада «математикамен айналысу» қарапайым физикалық немесе әлеуметтік математиканы орындау дегенді білдірмейді (мысалы, дүкеннен сатып алынатын тауардан қайтарым сомманы санау емес). Бұл матемаиканы кең ауқымды мақсаттарға байланысты қолдануды білдіреді. [2]

«Построй юрту» — дети с помощью движений изображают процесс установки юрты, развивая чувство ритма и взаимодействия.





«Укрась юрту» — выкладывание орнаментов в сочетании с ритмическими движениями способствует развитию эстетического восприятия.




Шанырак – символ единства — круговые движения символизируют сплоченность и дружбу.

Практика показала:

- дети стали увереннее в движениях, точнее передают ритм;
- повысилась эмоциональная выразительность и творческая инициатива;
- дети лучше ориентируются в пространстве, умеют действовать коллективно;
- появился интерес к национальным традициям, символике.

Трудности и пути их преодоления

- недостаточно развитое чувство ритма у некоторых детей - постепенное усложнение упражнений.
- трудности у детей с нарушениями речи - использование наглядности и индивидуальных подсказок.
- сложности с синхронностью - многократное повторение движений в игровой форме.

Рекомендации педагогам. Регулярно включать музыкально-ритмические игры в образовательный процесс.

Подбирать разнообразный музыкальный материал: марши, танцы, спокойные мелодии.

Использовать этнокультурные образы для воспитания интереса к традициям.

Создавать условия для творческой импровизации детей.

Поощрять эмоциональные проявления и инициативу ребенка.

Сборник музыкальных игр «Шаңырақ астындағы ойындар» демонстрирует, что музыкально-ритмические движения являются эффективным средством развития дошкольников. С их помощью формируются музыкальные и двигательные навыки, эмоциональная отзывчивость и эстетический вкус, а также закладывается основа патриотического воспитания через приобщение к национальной культуре.

Таким образом, музыкально-ритмическая деятельность способствует формированию

гармоничной, творчески активной личности ребенка.

Литература:

Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991.

Орф К. Шульверк. Музыка для детей. – М., 2003.

Кабалевский Д.Б. О музыке. Избранные статьи. – М., 1988.

Байжуманова Г. Музыкальное воспитание детей дошкольного возраста. – Алматы, 2012.

Битимбаева А.Ф. «Шаңырақ астындағы ойындар» - Сборник авторских музыкальных игр.

ЗЕЙІН ПРОЦЕСІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Болатова Қарлығаш Жомартқызы,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы
«Жамбыл облысының білім басқармасы
Байзақ ауданының білім бөлімінің»
«Психологиялық педагогикалық түзету кабинеті»
КММ-нің педагог-психологі

Тренинг өткізу үшін екі жұп сурет жинағы бір-бірінен 10-15 айырмашылығы бар және бірнеше анықталмаған сурет мазмұны қисынсыз бейнелерді, жартылай боялған сурет дайындалады.

1-ші тапсырмадағы бейнені бір-бірімен салыстыру арқылы өзара айырмашылықты тауып беруін талап етесің.

2-ші тапсырмадағы бейнені көрсетіп, не жетіспейді, суреттің қай бөлігі жетіспейді немесе суреттегі қисынсыздықты көрсетуін талап етеді.

3-ші тапсырмада жартылай боялған суретті алып, екінші жартысын тура солай етіп бояу талап етіледі. Осы үш тапсырманың нәтижесін бағалағанда айырмашылық тапты, суреттегі заттың жетіспеген бөлігін , жалпы саны қанша, қисынсыз сурет бар немесе дұрыс боялмаған суреттің жалпы саны да есептеледі.

Тапсырма: оқып, санай алатын балаға 5 қатар етіп ретсіз жазылған әріп тіркесін ұсынып, әр қатардағы әріп тізбегінің ішінде кездейсоқ ұшырасқан сөзді оқиды да, оның астын сызып қояды. Бұл сөз 2-3-4-5 әріптен құралған болуы мүмкін. Әріп пен сөзді анық етіп қолмен немесе машинамен жазуға баланы қызықтыру үшін күлдіргі сөзді жазуға болады. Нәтижесін қортындылау сөзді табу жылдамдығына және табылған сөздің санына қарай бағытталады.

Зейінді дамытуға арналған жаттығулар

1. Зейіннің ауысу қабілетін дамыту жаттығуын балаға ескертіп, бірнеше сөз тіркесі айтылады.

Тапсырма: үстел, төсек, қой, кесе,қарындаш, дәптер,кітап, торғай, шанышқы, айтқан сөзге зер салып тыңдау.

Нақты шарт: жануарды білдіретін болса, атын естіген сәтте алақанын шапалақтау. Бала қателесіп кетсе, сөзді қайталап анық айтқызу. Ойынды екі рет қайталағанда уәде бойынша өсімдікті сипаттайтындай болуы керек.

2. Келесі бөлімінде 2-бөлімді қосып өткізуге болады. Яғни жануар туралы айтқанда орнынан тұрады.

Зейіннің тұрақтылығын дамытуға арналған жаттығу

Тапсырма: Зейінінің тұрақтылығын дамыту үшін газет-журналдан қысқаша жеңіл балаға түсінікті бір шумақ үзінді алып, әр жолды оқып отырып осы сөйлемдегі «а» дыбысының астын сызып, санап шық деп тапсырма беріп, уақытты белгілеп, жазу таңбасының қанша қате жібергенін қадағалау керек.

Зейіннің бөлінуі мен ауысуына жаттығу

Нұсқауда өзгеріс болады: әр қатардағы «а» әрпін сызып тастап, «б» әрпінің астын сыз немесе «а» әрпінің алдында «н» әрпі тұрса «а»-ны сызып таста, «а» әрпінің алдында «л» әрпі тұрса «ә» әрпінің астын сыз. Мұнда да жіберген қателігі мен уақыттың ұзақтығы есепке алынады. Мұндай дамытушы жаттығуды жарыс түрінде өткізу керек.

Ырықты зейінді дамытуға арналған жаттығу

Тапсырма: Бір парақ таза қағаз бен түрлі-түсті қарындаш беріліп, бірінен соң бірі он үшбұрыштың суретін салу талап етіледі.

Осы суретті салып біткен соң балаға тапсырма бір-ақ рет беріледі деп қатаң ескертіп айтады да, «зер салып тыңда, 3,7,9 үшбұрышты қызыл қарындашпен жіңішке сызық түсір» деп ұсыныс жасап, бала, әрі қарай не стеймін деп сұраса, өзіңнің түсінігің бойынша жаса деп айту керек. Егер бала тапсырманвы бірден түсініп, дұрыс орындаса, бұдан да күрделірек тапсырманы орындауға болады.

Зейіннің бөлінуін дамытуға арналған жаттығу

Тапсырма: Кері санай білетін болса, 10,9,8,7,6,5,4,3,2,1 деп санай отырып, жалпы дамыту жаттығуы еңкею, отыру, бұрылу сияқты қарапайым жаттығуды орындату керек. Мұны жылдамырақ орындатуға немесе жаттығусыз санатуға болады. Қателік санын, уақытты есептеуге болады.

Сан білетін бала үшін зейіннің бөлінуін жаттықтыру үшін мынадай жаттығу жүргізуге болады. 25 тор көзге ретсіз 1-ден 5-ке дейінгі сандар жазылған, соның ішінде 10 саны жоқ, бала қарап тұрып, қай санның жоқ екенін тез ауызша айтса, психолог жазу арқылы санап тұрады.

«Түгендеу-шатастыру» ойыны

Мақсаты: Еріксіз зейінді дамыту.

Жүргізуші сол жерде отырған баланың атымен, тегін қате айтады. Бала зейін қойып, мұқият тыңдап отырады. Тек қана атымен тегін дұрыс айтқанда ғана алға шығады.

Егер кімде-кім қателессе, ойыннан шығады, айыбын төлейді (жұмбақ, жаңылтпаш, әзіл өлең).

«Не өзгерді?» ойыны

Мақсаты: Баланың танымдық белсенділігін ояту, зейінін және ес процесін дамыту.

Тапсырма: Үстелдің үстіне бірнеше зат, не болмаса кішкентай бес ойыншық қойылады. Балаға үстелде тұрған ойыншықты есінде сақтау ұсынылады, содан кейін «көзіңді жұм» - деп нұсқау беріледі, осы кезде жүргізуші ойыншықтың біреуін алып тастайды да, қай ойыншықтың жоғалғанын табу ұсынылады.


Осы ойынның басқа нұсқасы: тапсырма заттың орналасуының өзгергенін табу болып табылады. Ойыншыға үстелдегі заттың қандай тәртіппен орналасқанын есінде сақтауы ұсынылады, ал кейін ойынды жүргізуші бірнеше заттың орнын ауыстырады да, не өзгергенін табуды ұсынады.

Егер бұл ойын балаға тым қиын болса, онда сөзбен бірігіп айту тәсілі қолданады.

«Фигураны есте сақтап, суретін салу» жаттығуы

Мақсаты: Көру зейінін дамыту.

Нұсқау: Шағын өлшемдегі әртүрлі фигура тақтаға салынып бетін жауып қояды. Бала дәптер мен қаламсапты дайындайды.Психолог: мен қазір фигураны тақтаға саламын. 1,2,3 деп санап тақтадағы фигураны көрсетемін.Мен беске дейін санап бұл фигураны қайта жауып қоямын. Сенің міндетің – фигураға зейін салып қарап, оны есте сақтау.



Алғашқы тәжірбиеде бұл жаттығу бағаланбайды. Бала жаттыққаннан кейін бағалауға болады. Фигура қатары әртүрлі болуы мүмкін. Ең күрделі элементі шетінде болғаны жөн. Бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ кеңістіктегі бағдарында айырмашылығы бар фигураны пайдалану қызық.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Гавдикадирова Анаргуль Узакбаевна,
Шагамбаева Гульфия Болатовна,
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы «Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ-нің тарих пәні мұғалімдері

«Сенде бір кірпіш дүниеге ,кетігін тап та, бар қалан »деп халқымыздың ұлы ақыны Абай атамыз айтқандай өмірдегі өз жүрек қалауым ұстаздық мамандық болғаннан кейін осы мамандықтың қыр сырын меңгеруге бар ынта жігеріммен кірістім. Өйткені, көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық — ұстаздық . Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған.Сондықтан да ол әрдайым шәкіртінің болашағына жарқын үміт сыйлап, жол сілтейді. Менің пікірім бойынша бүгінгі ұстаз шәкіртіне тек білім беріп қана қоймай, ғылым негіздерінен мәлімет беріп , оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелей отырып, оқушының бойына жүрек жылылығын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын дарыту қажет. Ол үшін білімді, еңбекқор, бала жанын түсіне алатын болса ғана ұстаздық кәсіптің шыңына жете алады деп ойлаймын. Әйтседе осы мақсатта барлық педагогтармен бірлесе қауымдаса жұмыс істеуге міндетті екендігін де назардан тыс қалдыруға болмайды..

Сондықтан өз ортасына сыйлы, іскер әріптестеріммен бітесе қайнаса жұмыс істеу тек нағыз ұстаздың ғана қолынан келетінін жадымызда шығармауымыз қажет. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Мен өз кәсібімді, өз пәнімді, барлық шәкірттерімді, мектебімді шексіз сүйемін. Ұстаздық қызметіме деген қызығушылық пен сүйіспеншілік мені небір қиын әрекеттерге жетелеп, іске батыл кірісуге септігін тигізеді.

Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалатынына сенемін. Қазақстан Республикасы білім беру заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтары, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау - білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр.. Еліміздің бүгіні мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан–жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өзбетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу.

Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет ететіндігін түсіне. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады. Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген

ізденімпаз мұғалім қажет. . Басқаша айтқанда, мұғалімнің кәсіби шеберлігі – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы.

Сондықтан кәсіби мұғалім - құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман екенін үнемі басшылыққа алып отырамын. Өзімнің пәнім ағылшын тілін үйретуде де тек қана білім беріп қана қоймай оның алған білімдерінн өмірде қолдана алатындай дәрежеге жеткізсем деймін..

Қорыта айтқанда.сыни тұрғыдан ойлап, жаңа технологияларда жұмыстана алатын, құзыретті, да жан – жақты дамыған шәкірт тәрбиелеуге бар күш жігерімді саламын. «Сенің қолыңнан келеді», «Біз саған сенеміз», «Саған үміт артамыз» деген түрткі сөздердің өзі – ақ психологиялық ахуал туғызып шәкірттеріме шабыт беретінін үнемі жадымда ұстаймын.Өз мектебімізде ұйымдастырылып отырған әрбір шараларда ,семинарларда, үштілділік саясаты өз нәтижесін беруде. Ал , мен өзім әрдайым «кәсіби тұрғыдан дайынмын ба?» деп психологиялық тұрғыдан өзіме әрдайым сұрақ қойып өзімді қамшылап отырамын.

Педагогтың өзін – өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші мен қайнар көзі десек, өзін – өзі жетілдіру қажеттілігі болып табылатындығына сенімдімін. Осы орайда өз ұжымдастарыммен тәжірибе алмасу маған творчествалық шабыт, асқан зор қуат береді. Педагогикалық қауымдастық , бірлесе жұмыс істеу ортақ мақсатқа жетелейтін потенциялды қозғаушы бірден-бір күш екенін көз жеткізіп келемін.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ- ДРАМАТУРГ

Дауренбекова Динара Танашовна,
Найзабекова Айгуль Бирлескеновна,
«Жетісу облысы білім басқармасының
Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жақыпбаев атындағы
орта мектебі» коммуналдық мекемесінің
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Қазақ сөз өнерінде драматургия 20 ғасырдың басында қалыптасты. Қазақ жастары ұйымдастырған әдебиет, ойын-сауық кештері ұлттық сахналық өнер мен драматургияның бастамасы болды. Бұлардың тәжірибелері отандық драматургияның пайда болуына, ұлттық драмалық шығармалардың жазылуына ықпал жасады.

Қазақстанның әр түкпіріндегі алғашқы сахналық талпыныстар Қазан төңкерісімен ілесе, ұлттық драматургияның дүниеге келуіне негіз болды. Төңкеріс қарсаңында және одан кейін Ж. Аймауытов, М. Дулатов, К. Тоғысовтың, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ж. Шанин, т.б. алғашқы драмалық шығармалары ұлттық драматургияның жанрының негізін қалады. Ұлттық драматургияның пайда болып, қалыптасуы мен дамуына ерекше еңбек сіңірген ұлы қаламгер Әуезов XX-ғасырдың 20-жылдары «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз» пьесаларын жазып, сахнаға шығарды. Бұлардың барлығында да өткен замандағы қоғамның әлеуметтік қайшылықтарын суреттеп, сан қилы кейіпкерлердің қайталанбас бейнелерін жасады. Күні бүгінге дейін сахнадан түспей келе жатқан «Еңлік- Кебек» халық жырының негізінде жазылып, бірнеше өңдеулерден кейін ұлттық драматургияның қайталанбас

классикалық дүниесіне айналды. Трагедияның түп нұсқасы 1923 жылы жеке кітап болып басылып шықты.

Көркем әдебиеттің өшкенді жандырып, өлгенді тірілтетін құдіретті қасиетін ұлы дана жазушы, кең ақылды, терең ойлы кемеңгер Мұхтар Әуезов «Еңлік – Кебек» трагедиясымен көрсетіп берді. Жиырма жасар Мұхтар Әуезовтің қиялын қозғап, қолына қалам алдырған Еңлік пен Кебек жайлы халық аңызы болатын. Махаббат жолында құрбан болған Еңлік пен Кебек атты ғашықтар тағдыры баяндалады. Қос ғашық Еңлік пен Кебек тағдыры жайлы М.Әуезов драмасы қойылғанға дейін аңызға айналған бұл оқиғаның екі әңгіме, екі поэма түріндегі төрт нұсқасы жарияланған, яғни, драмалық шығармаға арқау болғанға дейін аңыз қолдан – қолға өтіп, сараланып, оның тұрақты сюжеттік желісі құрылып, образдар айқындалып, халықтық идея дәстүрлі арнаға түскен.

«Еңлік – Кебектегі» екі жастың арасындағы махаббат өрістей түсіп, көп тақырыпты қамтиды. Мысалы, адамгершілік, адамның жеке басын қадірлеу, ел бірлігін көксеу, бұқара халыққа бейбітшілік өмір тілеу, болашаққа үміт, сенім көзімен қарау тәрізді күрделі мәселелер көтеріледі.

20-жылдардағы драматургияның көркемдік шоқтығы биік «Қарагөз» - махаббат пен жеке бастың бостандығы жолындағы күресті суреттейтін шығарма. Трагедия ауыз әдебиетінен ұтымды пайдаланған «Жар-жар», «Беташар», айтыс және басқа өлең-жырлар ерекше көрік, поэтикалық мазмұн береді. Фольклорлық материалды пайдаланып жазылған осы пьеса отандық драматургия жанрының дамуына ерекше ықпал етті.

Драматургияның тақырыптық аясы кеңейіп, сюжет пен тартыс ұйымдастырудың, кейіпкер бейнелерін сомдаудың, диалог пен монолог құрудың үлгілері жасалған, көркем-идеялық мазмұны терең пьесалар театр репертуарын байыта түсті.

Қазақ қызының мінез-құлқын, іс-әрекетін, сыр сезімін, қимыл-қылығын дәл, терең, нәзік суреттеуде шебер алдына жан салмайды. Жазушы әңгімелерінде орын алған әйел тақырыбы оның драмалық шығармаларында да үлкен мәнге ие. Мәселен, «Қаракөз» пьесасы – характерлер сипаты толық ашылған, күрделі психологиялық тартысқа құрылған, драматургияның қатал талаптарына жауап бере алатын дүние. Пьесада Сырым, Нарша, Қаракөз, Мөржанның ішкі жан дүниесінде болып жатқан астаң-кестең сезім қақтығыстары, ой мен сезім қайшылықтары шиыршық атқан тартысқа ұласқан.

Қаракөз бен Сырым өз заманының озық жандары. Махаббат теңсіздігіне, әділетсіздікке қарсы шығып, өз бостандықтарын қорғау – ол заманда екінің бірінен келе бермейтін ерлік құбылыс. Қазақтың феодалдық заманында Нарша сияқты әлдінің баласын менсінбей, Мөржан сияқты азулылармен арпаласып, дәстүр, жоралғы – жобаны бұзу, өзінің сүйгенімен қосылып алып, шымылдық ішінде айтыс құру Қаракөз бойына аз әрекет емес. Қабағынан қар жауған қатал Мөржанның алдында ол міз бақпай, өзін еркін ұстайды. Айбарлы әженің сұрағына көзінің астымен бір қарап алып барып, баяу да селқос жауап береді. Ел билігін ұстаған осы кісінің зілді ескертуі өңменінен өтіп, еңсесін басып кеткен сияқты.

Пьесадағы кейіпкердің бірі - Нарша. Ол әлдінің баласы бола тұра, қалыңмалы төленген қалыңдығын күшпен алмай, өз махаббатымен, шын ниетімен келгенін қалайды. Қаракөздің оны менсінбеуі трагедияға душар етеді. Қалыңмалы төленген, енді не істесе де өз еркінде деп түсінетін надандық мінезден іргесі аулақ Наршаның достарына шешіліп мұңын шағып, шешіле сөйлеуі көрермен ықыласын арттырады. Нарша аузымен Қаракөз сырттай сипатталады. Сыпайы, сұлу мінезді, қылықты қыз көз алдыңызға елестейді. Ата – баба дәстүрімен дүниесін төгіп, заңды күйеу боп келе жатқан Нарша

кеудесінде удай дерт: Қаракөз оны сүймейді, майда мінезбен кері серпіп отыр. Наршаның екі ұдай хал – жайы өзіне қаншама батса да, ол сыр білдірмей, Қаракөзді қатты сыйлайды, сезімін селт етерліктей зілді сөзге бармайды.

Сырым алғашқы адымында шалдуар жігіт немесе думан қуған тентек ретінде елестеуі де ықтимал, бірақ Қаракөздің қатты боранда үш күн, үш түн адасуы, жұрттың бәрі одан күдер үзген кезде сал Сырымның өз басын өлімге байлап, жас аруды іздеп табуы оның бейғам өміріне жарық ұшқын ұялағандай болды.

Жас жеткіншектің сезімі оянып, ғашықтық оты ұшқындап, шын өмірді тани бастайды.

Пьесадағы басқа күйлерді былай қойғанда, қалыңмалы алынған, ұзатылып бара жатқан Қаракөз бен Сырым арасындағы сүйіспеншілікті суреттеудің өзі драматургтің революция алдындағы қазақ өміріндегі «Құдалық дәстүрін» құптамайтынын айғақтайды» .

М.Әуезовтің отызыншы жылдардағы пьесаларының ішінде “Түнгі сарын” трагедиясы 1934 жылы жазушының үлкен таланты мен шығармашылық мол мүмкіндігін айқын танытты. “Түнгі сарын” пьесасы 1916 жылғы қазақ даласында болған ұлт-азаттық қозғалыстың таптық мәнін ашумен қатар, қазақ қоғамының төңкеріске дейінгі шындығын суреттейтін құнды шығарма.

Қазақстан топырағында өтіп жатқан күрделі де сан қилы саяси - әлеуметтік құбылыстарды бейнелеп, өткір тартысқа, жаңа тіршілік жолындағы айқасқа құрылған Әуезовтің «Түнгі сарын», т.б. пьесалар жазылып, сахнада қойылды. Бұлардың кейбіреулері партиялық идеологияға ыңғайлап жазылғанымен, тарихи шындық арқауы үзілмей, шынайы бейнелеу тапқан.

Пьеса оқиғасы әлеуметтік мәні зор драмаға құрылса, шиеленісіп өрбуі үстінде қаһармандар шынай суреттеліп, даралық қасиеттерімен шебер айқындалған. Драманың жанрлық табиғатынан туатын айрықша белгінің бірі – шығармадағы тартыстың ең ақырында зор жарылыс – басты қаһармандар аянышты өлімімен аяқталуы. “Түнгі сарын” да осылай тамамдалады, бірақ шығармадағы күрестің астарлы ағыны, тереңдегі толқыны жеріне жетпегендігі, түптің түбінде, анау Тәнеке, Бөрібасарлар бойындағы қайрат халық жүрегіндегі кек оты қайта тұтанып, Казанцев, Нұрқандардың күлін көкке ұшыратынын оқырман іштей сезіп, ойша топшылап отырады.

Әуезов пен Ә.Тәжібаевтың «Ақ қайың», Әуезовтің «Абай» трагедияларында жалғасын тапты. Ұлы Абайдың өмірі мен қазақ халқының өткен ғасырлардағы әлеуметтік болмысын суреттейтін «Абай» трагедиясы отандық драматургияның көркемдік қуатының молдығын көрсетіп берді. Сондай-ақ, Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесалары күрделі жанрдың өзіндік ерекшелігін меңгерудің үлгісіне айналды.

Қазақ халқының даңқты жазушысы, ғалымы, педагогы, қоғам қайраткері М.Әуезов аса құнды еңбектері үшін туған халқының зор құрметіне бөленіп, шығармашылықта ең жоғары биігіне көтерілді. Ұлы жазушының талантын шарықтатып, көркемдік дамудың шырқау биігіне жеткізген өмір жолы оңай емес еді. Ол дамылсыз ізденудің, табанды еңбектенудің қиын-қыстау жолдарын бастан кешірді.

М.Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы әдебиетшінің, оның қаламгерлік қарымының, ой-арманы мен мақсат-мұратының биік мүдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық екені баршаға мәлім. Жазушы, драматург, әдебиетші ғалымының өлмес туындылары ұлы суреткер дің зиялылығы, асқақ азаматтығы, қаламгердің шығармашылық қызметтіндегі жарқын өнегесі болып қала береді.

Сахна өнерінің негізгі қазығы - драматургия саласында тер төгіп жүрген жазушылар тек өз ісін меңгерген емес, сонымен бірге рухани жан дүниесі бай,

өнері өрге жүзген, әдебиеттің жаршысы бола білген, білімді, сұлулық пен поэзияны түсінетін, елін, жұртын сүйетін азаматтар болса ғана сахналық өнеріміз ұрпақтан ұрпаққа мәңгі мұра болып қалары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1.Ысқақұлы Д. «Талант пен тағдыр» Алматы, 1997
2. Нұрғали Р. «Драма өнері» Алматы, 2001
3.Тәжібаев Ә. «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» 1971.
4. Смағұлов С. «Ұлт театры туралы»

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ - БІЛІМ БЕРУДІҢ БОЛАШАҒЫ

Джамбулова Назым Жайлауовна,
Жетісу облысы білім басқармасының
Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жақыпбаев атындағы
орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі,
Хусаинова Айдана Бағдатовна,
«Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебі»
КММ-нің информатика пәні мұғалімі

Заманауи қоғамның дамуында ақпараттық технологиялардың рөлі күннен-күнге артып келеді. Жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллекті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектінің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне парапар. Аталған технологияның кең қолданысқа ие болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқара алады Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында да революциялық өзгерістерді алып келуде. Бұл мақалада ЖИ-нің білім беру жүйесіне ықпалы, оның артықшылықтары мен мүмкіндіктері, сондай-ақ, кездесетін қиындықтар мен шешімдер қарастырылады.

Жасанды интеллект білім беру процесін тиімдірек ету үшін әртүрлі құралдар мен әдістерді ұсынады. Мысалы, жасанды интеллект негізіндегі оқу платформалары оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқыту бағдарламаларын құра алады. Бұл әдіс білім алушылардың оқу үлгерімін жақсартуға, мотивациясын арттыруға және өз бетімен білім алу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

ЖИ-нің артықшылықтары

1. Жеке оқыту: жасанды интеллект алгоритмдері білім алушылардың оқу стилін, деңгейін және қызығушылықтарын анализдей отырып, оларға арнайы бағдарламалар ұсына алады. Бұл білім алушыларға өз қарқынымен білім алуға мүмкіндік береді.

2. Уақытты үнемдеу: Мұғалімдер мен оқытушылар үшін жасанды интеллект автоматтандырылған жүйелер арқылы әкімшілік жұмыстарды жеңілдетуге көмектеседі. Мысалы, бағалау, тестілеу және оқу материалдарын дайындау сияқты міндеттерді автоматтандыру арқылы мұғалімдер өз уақытының көп бөлігін оқушылармен жұмыс істеуге жұмсай алады.

3. Қолжетімділік: жасанды интеллект технологиялары арқылы білім алу мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де қолжетімді болады. Онлайн курстар мен виртуалды оқыту платформалары географиялық шектеулерді жояды.

4. Деректерді талдау: жасанды интеллект жүйелері студенттердің оқу нәтижелерін талдау арқылы білім беру бағдарламаларын жетілдіруге көмектеседі. Бұл мұғалімдерге өз сабақтарын тиімдірек жоспарлауға мүмкіндік береді.

Мектептерде жасанды интеллектті қолдану мұғалімдер үшін оңтайлы шешім болып келеді. Өйткені ЖИ мұғаілімнің жұмысын жеңілдетеді. Сабақ жоспарын құрудан бастап , кезкелген құжатты өңдеуге дейін.

Оқу үдерістерін автоматтандыру.

Жасанды интеллект мектептердегі оқу үдерісінің әртүрлі аспектілерін автоматтандыруға қалай көмектесетінін егжей-тегжейлі қарастыруға болады. Міне, жасанды интеллект білім беру процестерін автоматтандырудың кейбір нақты жолдары:

1. Оқу материалдарын басқару:

Оқулықтарды, оқу бағдарламаларын және оқу ресурстарын қоса алғанда, оқу материалдарын автоматты түрде жаңартып, қолдайтын мазмұнды басқару жүйелерін жасайды.

Өзгеретін стандарттар мен білім беру талаптарын ескере отырып, материалдарды жаңарту және бейімдеу процестерін автоматтандыру.

2. Электрондық тесттер мен бағалаулар:

Тесттер мен тапсырмаларды автоматты түрде жасау және тексеру жүйелерін енгізу.

Қосымша қолдауды қажет ететін оқушыларды жылдам анықтау үшін жасанды интеллект аналитикасын пайдаланып, оқушылардың үлгерімін бақылау және бағалау.

3. Әкімшілік тапсырмаларды басқару:

Тіркеу, сабаққа қатысу мен ресурстарды бақылау және сабақты жоспарлау сияқты әкімшілік тапсырмаларды автоматтандыру.

Оқушылар, педагогикалық ұжым және мектеп қаржысы туралы мәліметтерді есепке алудың тиімді жүйелерін құру.

4. Кері байланысты басқару жүйелері:

Оқушылар мен олардың ата-аналарына үлгерімі мен жетістіктері туралы ақпаратты жылдам алуға мүмкіндік беретін ЖИ-ді қолданатын ата-аналар мен оқушылар үшін кері байланыс жүйесін енгізу.

Оқушылардың үлгерімі мен тәртібі туралы есептерді автоматты түрде жасау.

5. Қабылдау және қабылдау процесін автоматтандыру:

Құжаттарды және сұхбаттарды автоматтандырылған сканерлеуді және талдауды қоса, қабылдау және студенттерді іріктеу процесін жеңілдету үшін ЖИ пайдалану.

Білім беру үдерістерін автоматтандыру мұғалімдер мен әкімшілерге мектеп ресурстарын тиімдірек басқаруға және сапалы білім беруге көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ автоматтандырудың артықшылықтары мен міндеттерін талқылау және оқу процесінде адамдардың өзара әрекетін сақтауға назар аудару маңызды.

Алайда, білім беруде АИ енгізілуімен жаңа сын-қатерлер де туындайды. Деректердің құпиялылығы, АІ қолдану этикасы және технологияға тәуелділік немесе оқу процесінде адамның өзара әрекеттесу рөлінің төмендеуі сияқты ықтимал әлеуметтік салдарларды ескеру маңызды. Кездесетін қиындықтар

Дегенмен, ЖИ-нің білім беру саласындағы қолданылуы кейбір қиындықтарды да туындатады:

1. Этика мәселелері: жасанды интеллект технологияларын қолдану кезінде деректердің қауіпсіздігі мен жеке өмірді қорғау мәселелері туындайды. Білім алушылардың жеке ақпаратын қорғау маңызды міндет болып табылады.

2. Технологиялық дайындық: Білім беру мекемелерінің жасанды интеллект технологияларын енгізуге дайындығы әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір мектептерде қажетті инфрақұрылым мен ресурстар болмауы мүмкін.

3. Мұғалімдердің рөлі: ЖИ-нің енгізілуі мұғалімдердің рөлін өзгертуі мүмкін. Олар тек ақпарат беруші емес, сонымен қатар білім алушылардың жеке дамуына бағыт беруші ретінде әрекет етуі керек.

Қорытынды

Жасанды интеллект білім берудің болашағын айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Оның мүмкіндіктері мен артықшылықтары білім беру процесін тиімдірек, қолжетімді әрі қызықты етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, жасанды интеллект технологияларын енгізу барысында кездесетін қиындықтарды ескере отырып, этикалық нормаларды сақтау және мұғалімдердің рөлін қайта қарастыру маңызды. Осылайша, білім беруде жасанды интеллектті пайдалану маңызды перспективалар мен қиындықтарды ұсынады. Жасанды интеллектті дұрыс пайдалану тиімдірек, қолжетімді және инклюзивті білім беруге әкелуі мүмкін. Білім беруде жасанды интеллектті қолдану бойынша одан әрі зерттеулер мен әзірлемелер білім беру контекстінде AI технологияларын қолдану мен озық тәжірибелерді анықтау үшін маңызды болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Woolf, B. P. (2010). "Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning."
2. Luckin, R., et al. (2016). "Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education."
3. Holmes, W., et al. (2019). "Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning."
4. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.
5. Білім беру ЖИ консорциумы. (2021). «Білім берудегі ЖИ: үздік тәжірибелер мен нұсқаулар».
6. Ұлттық білім беру зерттеулері орталығы. (2017). «Оқытудың болашағы: ЖИ және білім». Зерттеу есебі, 42.

РАБОТА ЛОГОПЕДА ПО РАЗВИТИЮ РЕЧИ У ДЕТЕЙ С ОНР

Джаналиева Назира Кубанычбековна,
учитель-логопед Кордайского КППК
Кенжебаева Гүлжайна Артыкбаевна,
учитель-логопед Кордайского КППК

Развитие речи у детей с общим недоразвитием речи (ОНР) является одной из приоритетных задач логопедической работы. Нарушения речи у таких детей проявляются в недостаточном формировании всех компонентов речевой системы — фонетико-фонематического, лексического и грамматического. Поэтому логопедическая работа требует системного и комплексного подхода.
На занятиях логопед использует разнообразные методы и приёмы: артикуляционную гимнастику, упражнения на развитие фонематического слуха, лексико-грамматические задания, игры на формирование связной речи. Большое внимание уделяется развитию мелкой моторики, так как она тесно связана с речевыми функциями.

В процессе коррекционно-развивающей работы логопед учитывает индивидуальные особенности каждого ребёнка. Занятия проводятся как в индивидуальной, так и в подгрупповой форме, что способствует формированию коммуникативных навыков, уверенности в

себе и положительной мотивации к обучению.

Таким образом, систематическая работа логопеда направлена не только на устранение речевых нарушений, но и на развитие познавательной активности, коммуникативных умений и успешную социализацию ребёнка в коллективе.

ЕҢ ҮЛКЕН ОРТАҚ БӨЛГІШ. ЕҢ КІШІ ОРТАҚ ЕСЕЛІК.

Елдесбаева Асель Бердимуратовна,
Ақтөбе қаласы, №45 жалпы білім беретін орта мектебінің математика пәні мұғалімі


Пән/Сынып:	5 “А”сынып
Күні:	08.10.2025
Тарау немесе бөлім атауы:	**5.1В Натурал сандардың бөлінгіштігі**
Сабақтың тақырыбы:	Ең үлкен ортақ бөлгіш. Ең кіші ортақ еселік.
Оқу мақсаты:	5.5.1.2.мәтінді есептерді шығаруда ЕҮОБ және ЕКОЕ қолдану;
Бағалау критериі:	Сабақтың соңында оқушылардың барлығы берілген сандардың ЕҮОБ таба алады, ЕҮОБ табу алгоритмін айта алады

Сабақтың барысы:

Уақыты	Кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
2 минут	Ұйымдастыру	Сәлеметсіздерме! Бүгін, ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселік тақырыбын қарастырамыз.Сабақтың соңында оқушылардың барлығы берілген сандардың ЕҮОБ таба алады, ЕҮОБ табу алгоритмін айта алады **Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылармен сәлемдесу. Сабақтың тақырыбын және мақсатымен оқушыларды таныстыру. Үй тапсырмасын тексеру. Өткенді қайталау: ¬ Жазылуы тақ цифрлармен аяқталатын сандарды тақ сандар деп атайды. ¬ Жазылуы жұп цифрлармен аяқталатын сандарды жұп сандар деп атайды. ¬ 1 - ге және өзіне ғана бөлінетін натурал сандарды жай сандар деп атайды	Оқушылар сәлемдеседі Үй тапсырмасын қатар отырған оқушымен дәптер алмастырып тексеру	Өзін-өзі бағалау  **Дескриптор:** -жұп және тақ цифрларды айыра алады	Жұмыс парағы Көрнекіліктер

8 мин	Жаңа сабақ	Жаңа сабақ. Видео сабақ. YouTube каналынан тақырып түсіндіріледі. Берілген натурал сандардың әрқайсысына еселік болатын ең кіші натурал санды, сол сандардың ең кіші ортақ еселігі деп атайды. 4 пен 6 сандарының ең кіші ортақ еселігі 12. Жазылуы: ЕКОЕ (4; 6)=12. Ең кіші ортақ еселікті табу тәсілдері. 1 - тәсіл. Берілген натурал сандардың ең кіші ортақ еселігін, сол сандарды жай көбейткіштерге жіктеу арқылы табу. Ол үшін: 1) берілген натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу арқылы; 2) берілген сандардың ең үлкенінің жай көбейткіштерін жазып, оны оның жіктелуінде жоқ, бірақ басқа сандардың жіктелуінде бар жай көбейткіштермен толықтыру керек; 3) шыққан көбейткіштердің көбейтіндісін табу керек. Егер берілген натурал сандардың үлкені кішілеріне еселік болса, онда үлкен сан осы сандардың ең кіші ортақ еселігі етіп алынады. Мысалы, ЕКОЕ(57, 19)=57; ЕКОЕ(8, 16, 32)=32. Өзара жай екі санның ең кіші ортақ еселігі, осы сандардың көбейтіндісіне тең. Мысалы, ЕКОЕ(5, 7)=35; ЕКОЕ(3, 11)=33; ЕКОЕ(10, 21)=210; ЕКОЕ(6, 35)=210. 2 - тәсіл. Үлкен санды еселей отырып, берілген сандардың ең кіші ортақ еселігін табу. 2 - мысал. ЕКОЕ(12, 16)=48 Тапсырмалар. Оқулықтан №297	Жаңа тақырып туралы видео қарайды Оқушылар мысалдарды жаза отыра жаңа тақырыпты ашады	**Дескриптор:** - Екі санның еселіктерін дұрыс табады 2балл	https://youtu.be/WNiI5qvi4J0 Слайд

15 минут		Берілген натурал сандардың әрқайсысына еселік болатын ең кіші натурал санды, сол сандардың ең кіші ортақ еселігі деп атайды. **Жеке жұмыс**. Деңгейлік тапсырмалар. 1. 96 санын жай көбейткішке жікте. 2. 56 мен 160 сандарын жіктеп ЕҮОБ мен ЕКОЕ тап. 3. Үсеннің 39 көк, Асанның 52 сары асығы бар, ал Серікте Үсеннің асықтарынан 26асық көп және боялмаған. Олар асықтарын өздері мен достарына тең бөлді. Неше бала әр түстен неше асықтан алды? Жауабы: 1. $96=2^2*3$ 2. ЕҮОБ $(56;160)=2^{3=8}$ ЕКОЕ$(56;160)=2^5*5*7=32*5*7=1120$ 3. 12 бала 13 асықтан алады. Оқулықтан №303, №309, №310 Ең кіші ортақ еселікті тап: А) 3^2*5 және$2*3*5^2$ ЕКОЕ$(45,150) =2*3*5^2*3=450$ Б) 2^2*3^2*5 және $2*5^2$ ЕКОЕ$(180,50) =2^2*3^2*55=900$ В) 2^3*3 және $2*3^2*7$ ЕКОЕ$(24,126) =2*3^2*7*2*2=2^3*3^2*7=504$ Г) $2*3*5$; 2^2*5 және 2^2*3^2 ЕКОЕ$(30,20,36) =2^2*3^2*5= 180$	Өзара пікір алмасып ,бір- біріне тапсырма орындауда көмектеседі. Мұғалім берген деңгейлік тапсырманы орындайды Оқушылар кітаптан жаңа тақырып есептерін шығарады	**Дескриптор:** - деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындайды, әр дұрыс тапсырмаға 1 балл 3 балл **Дескриптор:** - кітаптан шығарылған әр тапсырмаға 1 балл 3 балл	Слайд Кітаппен жұмыс
10мин	Жеке жұмыс	Қосымша тапсырма орындау. «Jigsaw»әдісі. 	Тапсырманы орындайды	Дескриптор: - сұрақтарға жауап бере алады 2 балл	**Genially платформасы**
5 минут		**Бүгінгі сабақта:** ең үлкен ортақ бөлгіш (ЕҮОБ)ұғымының анықтамасын білу;	Тақырыпты меңгергенін анықтау		Презентация

		екі және одан артық сандардың ЕҮОБ-ін табу **Үйге тапсырма:** №316, №318 Венн диаграммасы. ЕКОЕ ЕҮОБ 			

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ЭТИКАСЫ

Елеукенова Гаухар Абибуллиевна,
Бегимова Айнагуль Курашовна,
Ақтөбе қаласы, Ж.Тәшенов атындағы №68 ЖББОМ
бастауыш сынып мұғалімдері

Кіріспе

Цифрлық дәуірде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап жатыр. Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары оқыту процесін жеңілдетіп, тиімділігін арттыруға мүмкіндік беруде. Алайда бұл өзгерістермен бірге этикалық мәселелер де туындауда. Мұғалімдер мен білім беру ұйымдары ЖИ-ды қолдану барысында деректер қауіпсіздігі, оқушының жеке кеңістігі және кәсіби жауапкершілік секілді маңызды аспектілерге назар аударуы тиіс.

1. Деректер қауіпсіздігі

Жасанды интеллект жүйелері оқушылар туралы үлкен көлемде деректер жинайды: оқу үлгерімі, мінез-құлық, қызығушылықтар, тіпті эмоциялық реакциялар. Бұл деректерді сақтау мен өңдеу барысында келесі қауіптер туындайды:

• 🔐 Жеке деректердің таралуы

Егер жүйе дұрыс қорғалмаса, оқушының жеке ақпараты үшінші тарапқа өтіп кетуі мүмкін.

• ♡ Кибершабуылдар қаупі

Білім беру платформалары хакерлік шабуылдарға ұшырауы мүмкін, бұл оқушылардың қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді.

• 📜 Құқықтық реттеу қажеттілігі

Қазақстанда дербес деректерді қорғау туралы заң бар, бірақ ЖИ-ға қатысты нақты нормалар әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі деректерді жинау, сақтау және пайдалану барысында оқушының құқықтарын сақтауға міндетті.

2. Оқушының жеке кеңістігі

ЖИ технологиялары оқушының оқу барысын толық бақылауға мүмкіндік береді. Бұл кейде оқушының жеке кеңістігіне қол сұғу ретінде қабылдануы мүмкін.

• 👁 Толық бақылау – толық еркіндік емес

Оқушының әрбір әрекетін бақылау оның еркіндігін шектеп, сенімсіздік тудыруы мүмкін.

• □ Жеке ерекшеліктерді ескеру

ЖИ жүйелері оқушыны тек деректер арқылы бағалайды, ал тұлғалық қасиеттер мен шығармашылық қабілеттер ескерілмей қалуы мүмкін.

• □ Сенім мен қолдау атмосферасы

Мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді қарым-қатынас ЖИ-дан маңыздырақ. Технология – тек құрал, ал адамгершілік – білімнің негізі.

3. Мұғалімнің рөлі мен жауапкершілігі

Жасанды интеллекттің дамуы мұғалімнің рөлін өзгертуде. Енді мұғалім тек ақпарат

жеткізуші емес, бағыттаушы, сарапшы және этикалық бақылаушы рөлін атқарады.

• 🎓 ЖИ-ды дұрыс қолдану

Мұғалім ЖИ құралдарын тиімді әрі этикалық тұрғыдан қолдана білуі керек. Бұл үшін арнайы дайындық қажет.

• 🧭 Бағыттаушы рөл

Мұғалім оқушыға тек білім беріп қана қоймай, ЖИ арқылы алынған ақпаратты дұрыс түсінуге көмектеседі.

• ⚖️ Жауапкершілік пен шешім қабылдау

ЖИ ұсыныстары негізінде шешім қабылдағанда мұғалімнің кәсіби және адамгершілік жауапкершілігі бірінші орында тұруы тиіс.

Қорытынды

Жасанды интеллект білім беру саласына үлкен мүмкіндіктер әкелуде. Алайда оның этикалық аспектілерін ескермей қолдану оқушының құқықтарына, жеке кеңістігіне және мұғалімнің кәсіби беделіне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан ЖИ-ды білім беру жүйесіне енгізу барысында этика, қауіпсіздік және адамгершілік қағидалары басты назарда болуы тиіс.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Жайтақова Гүлфарам Төлепкерейқызы,
Ақтөбе қаласы №3 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Абай Құнанбаевтың шығармалары қазақ халқының рухани-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және олардың тәрбиелік мәні ерекше назар аударуды қажет етеді. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздері жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі қоғамдағы моральдық құндылықтардың өзгеруі, әлеуметтік-мәдени жаңғырулар мен жаһандану процестері жас ұрпақтың тәрбиесіне жаңа талаптар қояды. Осы орайда, Абай шығармаларының тәрбиелік қуаты ерекше маңызға ие болып отыр, себебі олар адамгершілік пен парасаттылықты дәріптейді.

Абайдың "Қара сөздері" мен өлеңдеріндегі тәрбиелік идеялар қазіргі заманның ең өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Мәселен, адалдық, еңбекқорлық, білімге ұмтылу секілді құндылықтар бүгінгі жастардың бойында тәрбиеленуі тиіс. Абайдың шығармашылық мұрасы жастардың рухани-адамгершілік дамуына ықпал ете отырып, олардың өмірлік бағдарын анықтауға көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесінде Абай шығармаларын тәрбие құралы ретінде пайдалану практикалық маңыздылыққа ие. Бұл шығармалар арқылы оқушылардың рухани дүниесін байыту, олардың ішкі мәдениетін қалыптастыру, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге дайындық жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Абайдың шығармалары жастарды ұлттық мәдениетке баулу, ана тілін құрметтеу және тарихи сана-сезімін дамыту сияқты мәселелерді шешуге көмектеседі.

Қазіргі таңда Абай шығармаларын оқыту мен зерттеу арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, олардың рухани әлемін байыту, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық белсенділікті арттыру мүмкіндіктері кеңейе түсуде.

Сондықтан Абай шығармаларын тәрбие құралы ретінде пайдалану білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Абай Құнанбаевтың шығармаларының тәрбиелік маңызы қазіргі білім беру жүйесінде ерекше орын алады. Оның шығармашылық мұрасы қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтарының негізін

құрайды және жастарды адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге арналған бай материал болып табылады. Бұл бөлімде Абай шығармаларын тәрбие құралы ретінде пайдалану мәселесін тереңірек қарастырамыз.

Абайдың шығармаларының басты ерекшелігі – олардың терең философиялық мазмұны мен адамгершілікке баулитын құндылықтарға толы болуы. Мысалы, оның "Қара сөздері" адам өмірінің мәні, адамгершілік, білім, еңбек, адалдық сияқты тақырыптарды қамтиды. Бұл шығармалар жас ұрпақты ойлануға, өзін-өзі тануға және қоғамға пайдалы болуға шақырады. Абайдың өлеңдеріндегі тәрбиелік идеялар да осы бағытта өрбиді. Мәселен, "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде білімге ұмтылудың маңыздылығы айқын көрсетілген.

Абай шығармаларының тәрбиелік маңызы қазіргі қоғамда ерекше маңызға ие. Бүгінгі таңда жаһандану, әлеуметтік-мәдени өзгерістер жастардың рухани дамуына жаңа талаптар қойып отыр. Абайдың шығармалары арқылы жастарды ұлттық мәдениетке баулу, ана тілін құрметтеу, тарихи сана-сезімін дамыту мүмкіндігі бар. Бұл құндылықтар қазіргі қоғамдағы моральдық құндылықтардың өзгеруіне қарсы тұруға көмектеседі.

Абай шығармаларының негізінде тәрбиелік бағдарламалар мен әдістемелік нұсқаулар әзірлеу арқылы білім беру жүйесін жетілдіру мүмкіндігі бар. Бұл бағдарламалар жастарды рухани-адамгершілік дамуға бағыттай отырып, олардың өмірлік бағдарын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, Абайдың шығармашылық мұрасы арқылы оқушылардың ішкі мәдениетін қалыптастыру, олардың рухани дүниесін байыту мүмкіндігі кеңейе түсуде.

Алайда, Абай шығармаларын тәрбие құралы ретінде пайдалану барысында кейбір қиындықтар да туындауы мүмкін. Мысалы, қазіргі жастардың кейбірі ұлттық мәдениетке қызығушылық танытпауы мүмкін. Сондықтан, бұл мәселелерді шешу үшін оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында заманауи педагогикалық технологияларды қолдану қажет.

Қорытындылай келе, Абай Құнанбаевтың шығармаларын тәрбие құралы ретінде пайдалану – жас ұрпақты рухани-адамгершілік дамуға бағыттайтын маңызды қадам. Бұл шығармалар арқылы жастардың ішкі мәдениетін қалыптастыру, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге дайындық жасауға ықпал ету мүмкіндігі бар. Сондықтан, Абай шығармаларын білім беру жүйесінде кеңінен пайдалану қажет деп санаймын.

БІЛІМ МЕН КӘСІБИ МАМАНДЫҚ: ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА ЖАУАП БЕРУ

Жемисова Гульнара Айтугановна,
«№1Хромтау орта мектебі» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалім

Қазіргі замандағы жаһандану, технологиялық даму және еңбек нарығындағы өзгерістер білім беру жүйесіне және кәсіби даярлыққа жаңа талаптар қояды. Қоғамның әр саласында білікті мамандарға сұраныс артып келеді. Осы тұрғыда, білім мен кәсіби мамандық өзара тығыз байланысты факторлар ретінде қоғамдағы адам капиталын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі қоғамдағы қарқынды өзгерістер, еңбек нарығының үдемелі сұраныстары мен жаңа технологиялардың дамуы білім беру жүйесіне де жаңа талаптар

қойып отыр. Әсіресе, кәсіби маман даярлауда білім сапасы, құзыреттілік пен икемділік басты өлшемге айналды.

Бүгінгі таңда кәсіби маманнан тек қана теориялық білім емес, практикалық машық, инновациялық ойлау, сыни тұрғыдан талдау қабілеті, өмір бойы оқуға дайын болу қасиеттері талап етіледі. Демек, білім беру жүйесі еңбек нарығымен тығыз байланыста болуы шарт.

Ең алдымен, қазіргі қоғам білімді тек ақпарат жиынтығы ретінде ғана емес, оны тиімді пайдалана алатын, сыни ойлайтын, креативті, коммуникативті қабілеттері жоғары тұлға қалыптастыру құралы ретінде қарастырады. Сондықтан да білім беру жүйесі тек академиялық біліммен шектелмей, студенттерді өмірлік және кәсіби дағдылармен қаруландыруы қажет.

Кәсіби мамандықты дұрыс таңдау — тұлғаның өмірлік жолына, қоғамдағы орнына, тіпті елдің экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Жастардың кәсіби бағдарлануы мектеп қабырғасынан басталуы тиіс. Мұнда кәсіби кеңес беру, өндірістік тәжірибелер ұйымдастыру, еңбек нарығының сұранысына сәйкес ақпарат беру — маңызды құралдардың бірі.

Сонымен қатар, еңбек нарығы үнемі өзгеріп отыратындықтан, өмір бойы оқыту (lifelong learning) қағидаты басты бағыт болуы тиіс. Бұл — тек білім беру ұйымдарының ғана емес, әрбір азаматтың жеке жауапкершілігі. Өйткені қазіргі таңда бір ғана мамандықпен зейнетке дейін жұмыс істеу мүмкіндігі азаюда.

Қазіргі қоғамның талаптарына сай білім беру – кәсіби маманның табысты болашағының кепілі. Әрбір жастың өмірлік жолында дұрыс мамандық таңдауы мен сапалы білім алуы елдің дамуының негізін қалайды. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу арқылы Қазақстан әлемдік өркениет көшінде өз орнын нығайтады.

Қорытындылай келе, қазіргі қоғамға жауап бере алатын білім мен кәсіби мамандыққа ие болу үшін мемлекет, білім беру мекемелері және жеке тұлғаның күш біріктіруі аса маңызды. Тек осындай жағдайда ғана еліміз дамыған мемлекеттер қатарына қосылып, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыра алады.

Кәсіптік бағдар беру мектептен басталып, жоғары оқу орындарында тереңдетіліп, практикалық тәжірибемен ұштасуы тиіс. Сонда ғана студент бәсекеге қабілетті маманға айналады. Жастардың еңбек нарығында өз орнын табуы үшін кәсіби біліммен қатар, ақпараттық технологияларды меңгеруі, шет тілдерін білуі, ұжымда жұмыс істей білуі аса маңызды.

Сонымен қатар, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кәсіби бейімделуді талап етеді. Жаңа кәсіп түрлері пайда болуда, сондықтан мамандардың қайта даярлануы да маңызды. Мұндай жағдайда білім беру жүйесінің басты міндеті – икемді, бейімделгіш, заманауи өзгерістерге дайын маман даярлау болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде техникалық мамандықтарға, инженерлік салаға, IT технологияларына деген сұраныс күн санап артып келеді. Бұл жағдай білім беру мекемелерінің оқу бағдарламаларын еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіруді қажет етеді. Университеттер мен колледждер жұмыс берушілермен әріптестік орнатып, дуальды оқыту жүйесін дамыту арқылы түлектердің тәжірибелік дағдыларын нығайтуы тиіс.

Білім беру ісіндегі тағы бір маңызды мәселе – үздіксіз білім алу принципін жүзеге асыру. Қазіргі заманда адамның алған білімі бірнеше жылдан кейін ескіріп қалуы мүмкін. Сондықтан әр маман жаңа білімдерді игеріп отыруға, кәсіби шеберлігін үнемі арттыруға міндетті. Бұл – қоғам дамуының, технологиялық прогрестің басты шарты.

Сонымен бірге кәсіби этика мен адами құндылықтар да маман даярлауда ерекше рөл атқарады. Қазіргі қоғам тек білікті ғана емес, сонымен қатар жауапты, әділ, өз ісіне адал мамандарды қажет етеді. Бұл тұрғыда тәрбие мен білімнің бірлігін қамтамасыз ету

– заманауи педагогиканың басты міндеттерінің бірі.

Жаһандану дәуірінде халықаралық тәжірибені меңгеру, үздік білім беру үлгілерін енгізу де маңызды. Қазақстандық студенттердің академиялық ұтқырлығы, шетелдік оқу орындарымен тәжірибе алмасуы – олардың кәсіби дамуына ықпал ететін негізгі тетіктердің бірі. Сондай-ақ отандық білім беру мекемелері шетелдік университеттермен бірлескен бағдарламалар ашу арқылы мамандардың халықаралық деңгейде танылуына мүмкіндік береді.

Осы орайда мемлекет тарапынан жасалып жатқан реформалар мен стратегиялық құжаттар білім беруді жетілдіруге бағытталғанын атап өткен жөн. «Қазақстан – 2050» стратегиясы, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы және ұлттық жобалар жастарды жаңа жағдайда тәрбиелеу мен оқытуға жол ашуда. Бұл құжаттарда еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес маман даярлау, жаңа технологияларды енгізу, жастардың кәсіби әлеуетін арттыру мәселелері айқын көрініс тапқан.

Қорытындылай келе, қазіргі қоғамның талаптарына сай білім беру – кәсіби маманның табысты болашағының кепілі. Әрбір жастың өмірлік жолында дұрыс мамандық таңдауы мен сапалы білім алуы елдің дамуының негізін қалайды. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу арқылы Қазақстан әлемдік өркениет көшінде өз орнын нығайтады.

Қорытындылай келе, қазіргі қоғамға жауап бере алатын білім мен кәсіби мамандыққа ие болу үшін мемлекет, білім беру мекемелері және жеке тұлғаның күш біріктіруі аса маңызды. Тек осындай жағдайда ғана еліміз дамыған мемлекеттер қатарына қосылып, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыра алады.

ИНТЕГРАТИВНЫЙ ПОДХОД В ПРЕПОДАВАНИИ ГЕОГРАФИИ КАК СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Жиенгалиева Аида Сериковна,
учитель географии КГУ СШГ №9 г.Актобе

Цель обучения ребенка состоит в том,
чтобы сделать его способным
развиваться дальше без помощи учителя.
Э. Хаббард

Настоятельной потребностью современного образования является поиск новых, более действенных педагогических технологий обучения. В современной практике обучения инновации рассматриваются, как необходимое условие интеллектуального, творческого и нравственного развития учащихся.

Меняется общество, в котором мы живем, меняются приоритеты. А вместе с ними и цели географического образования. Наступивший XXI век требует от преподавателя географии обучения школьников умениям самостоятельно получать нужные географические материалы, анализировать их. На первое место выступают задачи по формированию личности, способной к дальнейшему самообразованию.

Развитие индивидуальных качеств личности становится важнейшей задачей современного образования. Выпускник современной школы, которому предстоит жить и трудиться в постиндустриальном обществе, должен обладать определенными качествами личности:

- гибко адаптироваться к изменяющимся жизненным ситуациям, самостоятельно приобретать необходимые знания, умение применять их на практике для решения поставленных задач;

- самостоятельно критически мыслить, уметь увидеть возникающую проблему, грамотно и рационально подобрать необходимое решение;

- уметь творчески мыслить и генерировать принципиально новые идеи;

- самостоятельно и грамотно работать с информацией;

- быть коммуникабельным, уметь работать в команде;

Современные педагогические технологии непрерывного развития позволяют больше индивидуализировать дифференциацию на уроке географии, расширяя диапазон творческих работ учащихся и включая их в образовательный компонент учебно-воспитательного процесса.

В обучении географии интеграция охватывает все новые сферы. Совсем недавно учительство получило возможность обучаться со всем миром, не выходя из класса, из дома. Речь идет о всемирной сети Интернет. Интернет сделал доступ учителя-географа к информации простым. С развитием Интернета работа географа, сотрудничающего с учителем информатики, стала более интересной, эффективной и плодотворной, но отнюдь не более простой.

Создание в нашей стране единой образовательной информационной среды позволяет учителю географии использовать компьютер как техническое средство для доступа к тысячам других, хранящих огромное количество полезных учащимся ресурсов.

Использование ИКТ очень эффективно на всех стадиях педагогического процесса:

1. предоставление учебной информации;
2. усвоение учебного материала;
3. повторение и закрепление нового материала;
4. промежуточный и итоговый контроль и самоконтроль результатов обучения.

В процессе обучения с помощью ИКТ ребёнок учится самостоятельно:

1. работать с текстом;
2. использовать электронные таблицы;
3. создавать графические объекты и базы данных;
4. осваивает новые способы сбора и обработки информации;
5. расширяет свой кругозор и интеллект.

То есть компьютер является средством повышения эффективности процесса обучения в школе, а основная задача учителя мотивировать ученика в его занятиях географией, стимулировать познавательную активность и самостоятельность, индивидуализировать и дифференцировать процесс обучения.

Orange оранжевый- қызғылт сары
Yellow красный - ақ
Green - синий көк
Blue - зеленый- жасыл
Purple- фиолетовый - күлгін
Pink - черный - қызғылт
White- серый- сары
Black - розовый қара
Grey- белый - сұр
Red - красный -қызыл
Orange -оранжевый- қызғылт сары
Yellow – желтый-сары
Green -зеленый - жасыл
Blue - синий-көк
Purple- фиолетовый -күлгін
Pink -розовый - қызғылт
White-белый -ақ
Black -черный -қара
Grey-серый- сұр
«Қызықтыдеректер»

Көрермен қауымға тіл туралы қызықты деректерімізді бөлісекеткеніміздұрыссияқты. Ендеше адамзаттарихындағыкөптілменгерген полиглот ғалымдар мен басқа да тілтуралықызықтыфактілерімізді естеріңізге сала жүріңіздер.

Шығыс ғұламасыӘбунасырӘл-Фараби 70-кежуықтілдіменгерген.

Ұлы Абай орыс, қазақтілдеріменқатарпарсы,арабтілдерінменгерген.

А.С.Пушкин француз, ағылшын, неміс ,итальян, испан, грек, славян тілдерінбілген. Көне еврей тілінзерттеген.

Профессор ҚұдайбергенЖұбанов-көптілді білген адам.Тіпті ана тілімізді салыстырмалы жүйемен үйренугеде,зерттеуге де қажеті бар деп жапон тілін де игерген.

Олай болса, құрметті көрермен , тілді үйрену кеш емес.Ол үшін ниет етіп, көп еңбектену керек.

Вот подошла в концу наша интеллектуальная игра. Для подведения итогов мероприятии слово предоставляется членам жюри. Спасибо за внимание! Изучайтеилюбитеязыки!

Conculision. Dear teachers and participants our competition is over. You know everyting. Thank your very much for the holiday. Good bye !See you soon!

3 жүргізуші бірге:

Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,
Ана тілін білмей өскен әңгүдік.
Өсер болсаң, байтақ далаң тұрғанда,
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

Ана тілің - арың бұл ,
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте...- деп Қадыр Мырзалиев атамыз айтқандай, мейлі ол орыс тілі болсын, мейлі ағылшын тілі болсын, қай тілді меңгерсек те, өз тілімізге деген құрметіміз, өз тілімізге деген жанашырлығымыз ешқашан өшпесін дегіміз келеді. Осымен біздің бүгінгі зияткерлік ойынымыз өз мәресіне жетті. Назар қойып тыңдағандарыңызға үлкен рахмет. Сау болыңыздар!

ТАСЫМАЛ. БЕСІК ЖЫРЫ.


Марат Гүлназ Маратқызы,
Ақтөбе облысы Хромтау қаласы
№1 Хромтау орта мектебінің бастауыш сынып

Пәні:	**Ана тілі**			
Бөлім:	Буын және тасымал			
Сынып:	1 А			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.4.1.1.айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және есту, есте сақтау арқылы жазу;			
Сабақтың мақсаты	Сөздерді дұрыс тасымал жасауға үйренеді, бесік жырын жаттайды			
Құндылықтар: **Ақпан айы:** **ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**	Сабақ құндылығы: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ Апта дәйексөзі: Жаңартумен жаңғыру жақсылыққа жол ашады			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Сабақтың басы 5 минут	**Психологиялық ахуал қалыпт астыру** Біз қандаймыз қандаймыз Жарқыраған таңдаймыз Бір бірімізді қолдаумыз Пікіріміз құнды Қателесуге болмайды	Өлең жолдарын бірге оқиды		Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	**Өткенді еске түсіру** «КИНДЕР» әдісі Сөздерді буынға бөліп оқу. Туған жер, Отан, Дархан,дала, қала, қыран, елім.	Сыйлықты таңдап сөздерді буынға бөліп оқиды	**Дескриптор:** Сөздерді дұрыс буынға бөле алады Дыбыстарды ажырата біледі, қолданады	Фишкалар
Сабақтың ортасы 20 минут	**Апта дәйексөзі:** Жаңартумен жаңғыру жақсылыққа жол ашады хормен оқу **Жаңа тақырып Ұжымдық жұмыс** **Тақырыпты ашу** «**Сиқырлы стақандар»** ойыны -Берілген буындарды оқи отырып, құрастыру -Балалар біз не құрастырдық? -Сөздер неден құралады? -Тасымал деген не қалай ойлайсыңдар? "Тасымал" тақырыбын түсіндіру Ережемен жұмыс Құрақ, жұлдыз, бала сөздері жазып келе жатқан жолға сыймаса, қалай жазасың? Балалардың жауабын тыңдау. Балаларға осы сөздерді шапалақпен буынға бөлгізу. Балалармен бірге тұжырымдап, ережемен таныстыру. Жазу жолына сыймаған сөз буынға бөлініп тасымалданады. Сөздердің тасымалданбаған бөлігінен соң сызықша (дефис) қойылады: ұс-таз, дә-рігер, дәрі-гер. **Жұмбақ шешу:** Ғажап екен кіп-кішкентай Сәнді үй. Ішінде ұйықтап жатыр Балқып әлди. Бұл не? –Бесікке кімді жатқызады? –«Бесік жырын» кім орындайды?	Сұрақтарға жауап береді Ережемен жұмыс жасайды Жұмбақ шешеді	**Дескриптор:** Буындап оқиды. Тасымал сөзін анықтайды. **ДескриптоР:** Суретпен жұмыс жүргізеді. Өлеңді	Бесік «  Музыка  Ереже жазылған

	Суретпен жұмыс Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар? Тағы нені байқадыңдар? Суретке қарап, өлеңнің мазмұнына болжау жасап көріңдерші. Өлең кім жайында болмақ деп ойлайсыңдар? Өлеңнің мазмұнымен жүргізілетін жұмыстар: 1.Өлеңді тыңдатады. 2.Жеке оқушыларға оқытады. **Топтық жұмыс** 1-топ:Сурет пен сөздерді сәйкестендіру кез келген бір сөзді тасымалдау (*тақтада)* 2-топ: Әріптер арқылы сөз құрау Буынға бөліп жазу *(трубочкамен)* ***Қамажай, жорға*** 3- топ: Буындардан сөз құрау бір сөзді тасымалдау *(кір жаяды)* 4-топ: **Зерттеу жүргізу** Күріштің арасынан сөздерді тауып оқып буынға бөліп жаз *(күрішпен)* **ЕБҚ** Анаңның айтатын бесік жырын айта аласың ба? Анаң сені қалай еркелетеді? Мына сөздерді тасымалда Құндызым, шырағым, құрағым, жұлдызым. **ЕБҚ** Гүлді құрастыру ойыны; Буындарды оқып, жұбын табу арқылы **Қосымша тапсырма;** Буындарды сөздерді сәйкестендіру **Дәптермен жұмыс** Көркем жазу С С С С С С С с с с с с с с 2-жаттығу Құрақ-тар, құн-дыз,жұлдыз-ша,ба-ла. Асықпен күй орындау 3-тапсырма **Жұптық жұмыс** - Берілген сөздерді буынға бөл және тасымалда **Wordwall** платформасында тапсырма орындау	«Бесік жырынан» үзінді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Тасымалдау жасайды Жеке оқушы жұмыс жасайды Дәптермен жұмыс жасайды Жаттығу жасайды	оқушылардың бәрі оқиды. «Бесік жырының» әуенімен қосылып, оқушылар бірге айтады. **Дескриптор:** Буын, буын саны туралы түсінігі бар Тасымалдау туралы білімін көрсетеді «Фишкалар» әдісі арқылы мадақтау Өте жақсы орындадың! Тамаша жұмыс! **Дескриптор:** Көркем жазу емлесін сақтап жазады Сөздерді буынға бөледі. асымалдау белгісін	плакат Музыка Көркем жазу үлгісі Суреттер Асық Жұмыс парағы Кері
Сергіту сәті 2 минут				

Сабақты қорыту **6**минут Қосымша тапсырма 2минут Кері байланыс 5 минут	 -Әлди әлди бесік жырын қосылып айту **Кері байланыс «Теңге алу» ойыны** Сұрақтарға жауап беру - Бесік жырын кімге арнап айтады? бала - Анасы кішкентай сәбиіне қандай жырмен әлдилейді ? -Бесік жырын кім айтады ? Ана - Асық сөзін тасымалда - Сөздегі буын саны неге байланысты болады ? дауысты дыбыстарға - Қарлығаш сөзін неше тәсілмен тасымалдауға болады? 2 - Балалар сөзін буынға бөл - Алма сөзінде неше буын бар Бесік жырын жаттап келіңдер **Бағалау Оқушыларды мадақтау**	Кері байланыс жасайды	қойып, көшіріп жазады. **Дескриптор:** - Буындарға бөледі. - Тасымалдайды **Дескриптор:** - Сұрақтарға жауап береді. -Алған ақпараттарын қорытындылайды «Білім қоржыны» әдісі	байланыс тақтасы





«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ДАРЫНДЫ БАЛАМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

Мимықова Дина Саветқызы,
Ақтөбе қаласы №77 ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі,
Абдракманова Гулназ Қалжанқызы,
Ақтөбе облысы,Ырғыз ауданы Қалыбай ауылы
Қалыбай негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Еңсесін енді көтеріп жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны мүлдем бөлек»,-ау дейді. Демек, ұстаздар қауымының оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ғылыми насихаттау бағытында интеллектуалды дамуына жол ашу, ғылыми-танымдық қызығушылығын қолдау мақсатында дарынды оқушылармен жұмыс жасауына тура келеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғашқы рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі.Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті қазіргідей әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет. Ал ондай мамандар дарынды балалардың ішінен шығады.

Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке саласындағы туа біткен қасиетімен тығыз байланысты.Адамға белгілі бір қызметті ойдағыдай атқару мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысу қызметтің сол саласында талант деп атайды.Сонымен талантты адам дегеніміз-жоғары білікті шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Сонымен дарынды, талантты бала деп баланың, ата-ананың, мектептің үздіксіз еңбегінің жемісін айтуға болады.

Қабілетті балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру біздің тәжірибемізде төмендегідей негізгі бағыттарды қамтиды.

1. Жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың икемділігін, қабілеттілігін анықтау, оларды топтарға бөлу;
2. Оқу үрдісінің барлық сатыларында әр түрлі топтардағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің және дамытудың әдістемелік тәсілдерін жасау;
3. Әр алуан мақсатта жеке дидактикалық материалдардың жүйесін құру;
4. Білімді бағалау, бақылау жүйелерін жетілдіру;

Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізу нәтижесінде оқушылардың икемділігін, қабілеттерін ашуға, шығармашылық мүмкіндіктерін анықтауға болады.Шәкірттерді топтарға бөлу кезінде олардың оқу және жұмысқа деген қабілеттері ескеріледі. Оқуға қабілеттілік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Бұл белгі бойынша оқуға қабілеті жоғары, орташа және төмен деп үш топқа бөлуге болады. Оқушылардың жұмысқа қабілеті деп олардың өнімді оқу қызметімен шұғылдануын айтамыз.Жұмысқа қабілеттілік дәрежесі оқушылардың психо-физиологиялық мүмкіндіктерімен,оқуға ынтасы және іскерлігімен анықтайды. Жұмысқа қабілеттілікті арттыруда оқу дәйектілігі, оқуға құлшынысы, денсаулық жағдайы, табандылығы, сезімталдығы, оқудың тиімді тәсілдерін қолдану тағы басқалары елеулі рол атқарады. Жұмысқа қабілеттілігінің де жоғары, орташа, төмен деңгейлері бар. Оқушыларды топтарға бөлу үшін мұғалімдер мен сынып жетекшілер төмендегі бағытта жұмыстар жүргізеді:

А)оқушылардың жеке құжаттарын, мінездемесін, сынып журналын зерттеу.

Ә)оқушының сабақтағы, сабақтан тыс кездегі іс-әрекетіне бақылау жасау, талдау.

Б)әр түрлі формада білім тексеру жұмыстарын ұйымдастырып шәкірттің білім деңгейін айқындау.

В)оқушы білімін өздігінен жетілдіру іскерлігі мен дағдыларының бастапқы деңгейін анықтау мақсатында арнайы тексеру жұмыстарын жүргізу.

Осындай жұмыстарды жүйелі жүргізу және жан-жақты талдау арқылы оқушылардың икемділігін, қабілет мүмкіндіктерін айқындау болады.

Әр мұғалім, тәрбиешінің аса маңызды міндеттерінің бірі әр оқушының бойындағы қабілетті икемділікті көре білу болып табылады. Кейбір оқушылардың қабілеті ерте ашылған гүл сияқты жұрттың бәрін,таңдандырып жарқырап көрінеді, ал екіншілерінің мінез-құлқына, темпераментке байланысты көзге көп түсе бермейді, ал ұстаздың міндеті оқушылардың көзге түсе бермейтін қабілетін көре білу және оны дамытуды жүзеге асыру. Бұл бағытта жұмысты ұйымдастырудың ең басты да, негізгі формасы сабақ болып табылады. Оқу материалының саралап оқытудың сабақ түрінде қолданылуы, негізінен дидактикалық материалдардың мақсаты жүйесі және оқушылардың жеке ерекшіліктеріне қарай әдістемемелік тәсілдерді ұтымды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Қолдану мақсатына қарай дидактикалық материалдар ақпараттық, нұсқаушы, жаттықтырушы, аннотациялық бақылаушы болып бөлінеді.

Бұл материалдардың дені карточка-тапсырма, нұсқаушы парақтар, сызбалар тағы басқа түрінде беріледі. Дидактикалық материалдар ауызша және жазбаша, зертханалық және тәжірибелік, аналитикалық және графиктік сияқты танымды тапсырмаларды орындауды көздейді. Сөйтіп дидактикалық тапсырмалар жеке оқушының да, деңгейлік топтардың да ерекшіліктері мен дайындық дәрежелерін, мүмкіндіктерін ескере отырып жасалған бұл тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқушылардың өз күштеріне сенімі, білімді игеруге деген қызығушылығы, ынта-ықласы, қабілеті, қасиеттері ашылады.

Біздің тәжірибемізде шәкірттерге берілетін шығармашылық сипаттағы тапсырмалар сабақ үстінде негізгі бағдарламалық жұмыстар орындалып болғаннан кейін барлық оқушыларға, яғни бүкіл сыныпқа түгел беріледі. Тапсырманы орындаған оқушыға «өте жақсы» бағасы қойылады да, орындамаған оқушыға баға қойылмайды. Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар қабілетті шәкірттерді неғұрлым дамытуды көздейді, сондықтан тапсырмалар мазмұны стандартты тапсырмалардан өзгеше болып келеді. Осындай тапсырмаларды жүйелі орындату арқылы оқушылардыың қабілеттерін шыңдауға, ал кейбір көрінбей жүрген оқушылардың қабілеттерін, мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндік жасауға болады.

Қабілетті оқушылармен жеке жұмыстарды ұйымдастырудың біздің мектебімізде қолданылып жүрген тағы бір пәнді оқып, үйретуге, шығармашылық ситпаттағы тапсырмаларды орындауға ерекше белсенділік көрсеткен оқушылармен жұмыстың арнайы оқу бағдарламасы жасау барысында оқушылар жеке ерекше,қабілет,ынта-ықыласы, дайындағы,мұқият ескеріледі. Осындай бағдарлама бойынша жұмыс жасау қабілеті шәкірттің мүмкінділігін тежемей оның білімге,ғылыми жоба жарыстарына дайындауда төмендегі мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді:

1. Тақырыптың ғылыми құндылығы;
2. Аталған тақырыпты ашудағы шәкірт еңбегінің сипаты, қоскан жеке үлесі;
3. Шешендік шеберлігі, сөйлеу мәнері, ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;
4. Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;
5. Жұмыстың көркем безендірілуі.

Қабілетті шәкірттердің бейімділігі одан әрі дамыту, оның шығармашылық қызметін, іс-әрекетін жетілдірудің бір түрі, оларды олимпиадаларға дайындау жұмыстарын ұйымдастыру мектеп бойынша, сондай-ақ пән мұғалімдерінің арнайы жасалынған жеке жоспары негізінде жүргізіледі. Мектепшілік пән олимпиадасының жүлдегерлері, олимпиадаға катысатын үміткер оқушылар арнайы сауалнама негізінде іріктеліп мұғалімдерге бекітіліп беріледі. Бұл оқушылармен дайындық барысы, жоспарланған жұмыстың орындау сапасы мектеп басшылары тарапынан апта сайын тексеріледі, қорытындыланып отырылады. Тексеру кезінде тапсырмалардың талапқа сай іріктеп алынуы, оның орындалу сапасы, пайдаланып жүрген әдебиеттер, оның дұрыс іріктелуі, шәкірт дайындығының деңгейі,т.с.с.егжей-тегжейлі тексеріледі. Осындай жұмыстарды жүйелі жүргізудің нәтижесінде оқушыларымыз облыстық, республикалық олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болып жүр.

Құрметті әріптестер! Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ғылымды насихаттау бағытында интелектуалды дамуына жол ашу, ғылыми-танымдық қызығушылығын қолдау мақсатында дарынды оқушылармен жұмыс жасай берейік.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Мухамбетказина Марина Мажитовна,
Ақтөбе обл. Темір ауданы Кеңқияқ ауылы,
Кеңқияқ жалпы орта білім беретін
мектебінің бастауыш класс пәндері

Кіріспе:

Қазіргі таңда білім беру саласында цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларына білім беру үдерісінде интерактивті құралдар, мультимедиалық мазмұндар мен онлайн платформалар балалардың оқу материалын тез әрі қызығушылықпен меңгеруіне ықпал етеді. Бұл баяндамада цифрлық технологиялардың бастауыш білім берудегі маңыздылығы, артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады.

Мақсаты:

Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда цифрлық технологияларды тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, оқыту процесін заманауи талаптарға сай жетілдіру.

Міндеттері:

- Цифрлық технологиялардың оқыту процесіндегі маңызын ашу;
- Тиімді цифрлық платформаларды анықтау және қолдану;
- Мұғалім мен оқушы арасындағы байланыста жаңа әдістерді енгізу;
- Цифрлық құралдарды пайдалану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.

Негізгі бөлім:

1. Цифрлық технологиялардың білім берудегі маңызы

Цифрлық технологиялар – оқушылардың оқу үрдісіне белсенді араласуына, шығармашылық қабілетін дамытуына, ойлау жүйесін жетілдіруге жағдай жасайды. Олар оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді.

2. Бастауыш сыныптағы қолданылатын технологиялар:

- Интерактивті тақта
- BilimLand, Kundelik, Daryn.online секілді платформалар
- Видеосабақтар мен анимациялар

- Ойын арқылы оқыту бағдарламалары
- Электронды күнделік пен бағалау жүйелері

Негізгі жұмыс түрлері:

- Сандық оқыту платформаларымен таныстыру (презентациялар, тренингтер);
- Ашық сабақтар мен шеберлік сағаттарын өткізу;
- Электронды ресурстарды сабаққа енгізу (видео, интерактивті тапсырмалар);
- Қашықтықтан оқыту элементтерін пайдалану.

Қолданылатын тиімді платформалар:

- BilimLand, Kundelik.kz, Google Classroom, LearningApps.org, Kahoot, Quizizz, Wordwall
- ZOOM, Microsoft Teams – қашықтықтан немесе гибридті форматтар үшін

Жұмыс түрлеріне мысал:

1. Wordwall арқылы қазақ тілі сабағында "Сөйлем мүшелері" тақырыбында интерактивті тапсырма
2. LearningApps платформасында "Математика: 10 көлеміндегі қосу мен азайту" ойыны

Артықшылықтары:

- Оқушылардың қызығушылығын арттырады
- Көрнекілік және интерактивтілік
- Жеке және саралап оқытуға мүмкіндік береді
- Уақытты үнемдеу және оқу материалын тез меңгерту

Қиыншылықтары:

- Техникалық ақаулар мен интернетке тәуелділік
- Мұғалімдердің цифрлық сауаттылық деңгейі әртүрлі
- Барлық оқушылардың құрылғылармен қамтамасыз етілмеуі
- Сабақ дайындауға қосымша уақыт талап етеді

Мектептегі бастауыш ұжымымен өткізілетін жұмыс түрлері:

- Цифрлық құралдар бойынша тәжірибе алмасу отырыстары
- Әр мұғалім цифрлық сабақ үлгісін көрсетіп, ортақ база құру
- "Цифрлық сағат" апталық жобасы: әр мұғалім бір апта бойы сандық құралдармен сабақ өтеді
- Мектепішілік семинар: "Сандық технология – сапалы білім кепілі"
- Қиындықтарға байланысты кері байланыс жиналыстары, қолдау көрсету

Қорытынды:

Цифрлық технологиялар бастауыш сынып оқушыларына білім беруде үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Дегенмен, оны тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, техникалық базаны нығайту және оқушылардың денсаулығын ескеріп, дұрыс режим қалыптастыру қажет. Цифрлық сауаттылық – XXI ғасырдың басты дағдыларының бірі, сондықтан оны бастауыш деңгейден бастап дамыту өте маңызды.

Ұсыныстар:

- Мұғалімдерге цифрлық технологияларды пайдалану бойынша тұрақты семинарлар өткізу
- Мектептерді қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету
- Балаларға цифрлық мәдениетті үйрету
- Ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу

АКРОБАТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ТІЗБЕГІ: ТЕПЕ ТЕҢДІК ЖӘНЕ СЕКІРУ.

Мұхамбетова Жаңылсын Бақытжанқызы,
Сагинов Нурдаулет Нурлыбаевич Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы
№3 Қарауылкелді орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері

Бөлім- 3	**Гимнастикалық элементтер және оның түрлері**
Күні: 13.11.2024	**Класс: 8** сынып
Сабақтың тақырыбы	**Акробатикалық жаттығуларды тізбегі: Тепе теңдік және секіру**. Кіші аттың биіктігі 120 см секіру
Оқу мақсаттары	8.1.5.1 кең ауқымдағы дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын анықтау және бағалай білу
Сабақ мақсаттары	Оқушылардың тепе-теңдік ұстау және ептілік дене қабілеттерін дамыту. Тепе-теңдік жаттығуларын ұқыпты жасауға үйрету,кіші аттан секіру барысында берілген тапсырмаларды орындау кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау.
Құндылықтарды дарыту	Ынтымақтастық: өзара жақсы қарым-қатынас орнатады, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады, бір-біріне көмек көрсетеді. Академиялық әділдік: бір-бірін әділ бағалайды, идеялары мен ой-пікірлеріне құрметпен қарайды. Өмір бойы оқу: алған білімін өмірмен байланыстырады, кері байланыс орнатады, білім алуға деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Патриотизм және азаматтық борыш: отанға деген сүйіспеншілікті, адалдықты, өз іс-әрекеттерімен дәлелдейді. Өзіне және өзгеге құрмет: топтық жұмыс, жұптық жұмыс кезінде жүзеге асырады. Еңбек пен шығармашылық: альтернатив ойынды ұйымдастырады, ойын барысында жеңіске талпынады.



Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері/ уақыты	Педагог әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 13 мин.	Сәлемдесу. Оқушылардың спорттық киімдеріне назар аудару. Қатарда түзу тұруын қадағалау. Келмеген оқушылардың себебін анықтау. Сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру. Гимнастика (грек тілінен аударғанда "гимназия" -мен	Сабаққа спорттық киіммен келу. Қатарға тұру. Сәлемдесу. Рапорт тапсыру. Сабақтың тақырыбымен және мақсатымен танысу. Техника қауіпсіздігін сақтау. Бой жазу жаттығуларын орындау. - Жүру жаттығулары. -Баяу жүгіру.	Оқушыларм ен кері байланыс жасау 	спорт зал төсеніштер Ысқырғыш Секундомер Доп Конустар Тақта


	оқытамын ,жаттықтырамын) деген мағына береді.Ежелгі Грецияда біздің дәуірімізге дейінгі көптеген ғасырларда қалыптасқан Бағалау критерийлерін түсіндіру. Техника қауіпсіздік ережелерімен таныстыру 1.Гимнастикалық жабдықта белгілі бір уақытта бірнеше адамның жаттығу орындауына болмайды 2.Таянып секіру кезінде спортшының жүгіретін жолында және секіріп түсетін жерінде тұруға болмайды 3.Қандайда болсын құрал жабдықтар люорындалатын жаттығуларды мұғалімнің рұқсатынсыз бастауға болмайды 4.Спорт құралдарында мұғалімнің немесе әріптесіңнің көмегінсіз күрделі жаттығулар орындауға болмайды. 5.Спорт құралдарында жаттығуды орындамас бұрын міндетті түрде олардың жарамдылығын тексеріп алу керек Бой жазу жаттығуларын ережеге сай орындалуын қадағалау. Жаттығулар жасаған кездегі оқушыларға қауіпсіздік ережелерін айту. ЖДЖ жаттығуларын көрсету.	-Жүгіру жаттығулары. -Дем алу - ЖДЖ шеңберге тұрып орындау Тыныс жолдарын қалпына келтіру.		

Сабақтың ортасы 27 мин.	Ағаш аттан секіру - гимнастикалық көпсайыстың қарапайым түрлерінің бірі.Ол.ең алдымен күрделі тіреп секіру жаттығуларын меңгеруге көмектеседі.Өйткені секірудің әрбір жекеленген түрлерінде ортақ жайттар көп кездеседі.Ағаш аттан секіру аяқпен көпіршені (мостик) басудан басталады.Көпіршеден серпілуге қолдың алға қарай серпілуі дем береді.Бұл қимыл әрекеттер әрқашан ұқсас және барлық секіру түрлеріне ортақ болып келеді.Сонымен бірге бұлар секіру әдісінің жалпы түп негізін құрайды.Көпіршеге аяқты тіреп секіруді дұрыс үйрену және оны өз бетінше жетілдіру үшін бұл жаттығуды орындау кезеңдерін жақсы білу қажет.Тіреп секіру тұтасымен мынандай кезеңдерден тұрады. 1Екпіндей жүгіру 2Көпіршені басу 3Аяқпен серпілуі 4Қолды ағаш атқа тірегенге дейінгі қалықтап ұшу 5Қолмен серпілу 6Қолмен серпілуден кейінгі қалықтап ұшу 7 Жерге түсу Ағаш аттан секіруге арналған екпіндей	Кіші аттан секіруге арналған қыздырыну жаттығулары Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Жүгіріп келіп секіріп қос аяпен жерге түсу.Жерге түскеннен кейін тепе-теңдікті ұстап қалу. Ағаш аттан секіру барысындағы кезеңдерімен танысу. Мұғалім рұқсатымен көпірше үстіне шығып кіші атқа қолды тіреп дайындық жасау және дайындалып болған соң ер балалар аяқты алшақ ашып секіру,қыз балар жүгіріп келіп ағаш атқа тізерлеп отырып мұғалім рұқсатымен секіру.	Оқушылардың жасаған жұмыстарына байланысты қалыптастырушы бағалау  	Гимнастикалық құрал – жабдықтар. Гимнастикалық төсеніштер. Гимнастикалық кіші ат Спорт алаңы

	жүгіріп келу қашықтығы 12-15 м ден аспайды.Көпіршені ағаш аттың алдына қою кезеңде мынадай жайттар екпіндей жүгіріп келу жылдамдығы,секіру түрі,аяқпен серпілу күші есепке алынады.Мектеп бағдарламасында ағаш аттан секірудің екі түрінің бірі-екі аяқты кең ашып немесе екі тізені бүгіп секірудің бірі орындалуға тиіс 1-жаттығу секіру дағдысын дамыту бір орында тұрып ұзындыққа секіру.Секіру барысында қалықтап ұшу және жерге қону кезеңдерін орындатады  2- жаттығу жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.Жүгіру барысында екпіндей жүгіру кезеңдерін және жерге қону кезінде тепе-теңдікді ұстауды орындатады  3-жаттығу оқушылар мұғалім көмегімен кіші аттан секіру жаттығуын орындайды. Жаттығуларды және тапсырмаларды орындап көрсетеді. Мұғалім акробатикалық жаттығуларды орындау	Дескриптор - секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды. - жаттығуларды орындау техникаларын үйлесімді жасай алады. - берілген тапсырмаларды ережеге сай жасайды.	Classroomscreen әдісі арқылы оқушыларды бағалау 	

	кезінде оқушыны сақтандырады.  Жаттығуды қалай жасалатынын техникасымен көрсету.Тапсырма орындату барсында қауіпсіздікті сақтау. Жаттығулар жасау кезіндегі оқушылардың қателерін түзету.  3			

Сабақтың соңы 5 **мин**	**Кері байланыс** Сабақ тақырыбына байланысты қағаздағы суреттерді орындау ретімен қою. Оқушыларды екі топқа бөлу. 1-топ алға домалау әдісін ретімен жинақтап қою. 2-топ артқа домалау әдісін ретімен жинақтап қою. Топтар суреттермен ауысып тапсырманы қайта орындайды. Оқушылардың үй тапсырмасын мұқият тындауын қадағалау	Оқушылар бүгінгі сабақтың қалай өткендігін тақтада көрсетілген бағалаулар арқылы кері байланыс жасайды Үй тапсырмасы: жалпы дамыту және бой жазу жаттығуларын орындау	Тапсырманы уақытқа орындайды.	Кері байланыс Қағаздағы суреттер Тақта





и


Айбота Ертайқызы







«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ОҚУ ҮДЕРІСІН ЦИФРЛАНДЫРУ: ТӘЖІРИБЕ МЕН НӘТИЖЕЛЕР

Мырзағали Нургул Ярлыкашиновна,
Қобда көпсалалы колледжінің директордың оқу – ісі жөніндегі орынбасары,
Карасаева Перизат Абилхайровна,
директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары

Қазіргі таңда білім беру саласы жаңа даму сатысына аяқ басты. Цифрландыру – оқу процесін тиімді, ашық және нәтижелі етуге бағытталған негізгі құралдардың бірі. Әсіресе техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында бұл үрдіс оқу сапасын арттыру, басқару жүйесін жетілдіру және еңбек нарығына сай бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін аса маңызды.

Колледж деңгейіндегі оқу үдерісін басқару мен цифрлық технологияларды үйлестіру – тек техникалық шешім ғана емес, бұл стратегиялық маңызы бар жұмыс. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды енгізу – заман талабы. Әсіресе техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау, оқу үдерісін ұйымдастыру мен басқару тиімділігін арттыру – басты міндеттердің бірі. Осы орайда колледжімізде оқу үдерісін цифрландыру бағытында **Platonus** ақпараттық жүйесі кеңінен қолданылып келеміз.

Оқу үдерісін цифрландырудың қажеттілігі

Бүгінгі студент – цифрлық буын өкілі. Сондықтан оқу үдерісін дәстүрлі әдістермен шектеу оқу сапасын төмендетіп, білім алушының қызығушылығын бәсеңдетуі мүмкін. Бұл бағытта оқу ісін басқаруға ақпараттық технологияларды енгізу – уақыт талабы. Оқу процесін цифрландыру – білім беру мазмұнының заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз етумен қатар, білім алушының тұлғалық дамуына, дербес оқыту траекториясын қалыптастыруға жол ашады. Мәселен, сабақ кестесін автоматтандыру, электронды журналдар мен сынақ кітапшасы, онлайн бағалау және кері байланыс жүйелері арқылы оқу процесінің ашықтығы мен тиімділігі қамтамасыз етіледі.

Оқу ісін басқаруда цифрландырудың рөлі

Оқу ісі және ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасарлары ретінде, біз білім беру процесін стратегиялық тұрғыда ұйымдастырып, цифрлық жүйелерді оқу кестесіне, сабақ үрдісіне және бағалау жүйесіне үйлестіру жұмыстарын қолға алдық. Цифрлық технологияларды тиімді қолдану – басқару шешімдерінің жедел қабылдануын, оқу үдерісінің ашықтығын және сапалы мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Электронды журналдар студенттің оқу үлгерімін уақытылы бақылауға мүмкіндік берсе, автоматтандырылған есеп беру жүйесі оқытушының уақытын үнемдеп, сапалы талдау жасауға жағдай жасайды. Сондай-ақ, оқу жүктемесін оңтайландыру, академиялық күнтізбені үйлестіру және білім беру бағдарламаларының орындалуын қадағалау – цифрлық платформалар арқылы тиімді жүзеге асырылады.

Платформалар мен цифрлық құралдарды енгізу тәжірибесі

Platonus – білім беру ұйымдарына арналған кешенді басқару жүйесі. Бұл жүйе колледждің барлық оқу үдерісін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Колледжімізде Platonus жүйесі келесі бағыттар бойынша қолданылады:

✓ Сабақ кестесін автоматты түрде құрастыру;

✓ Электронды журнал жүргізу;

✓ Оқу үлгерімін бақылау (баға қою, рейтинг);

✓ Студенттердің қатысуын тіркеу;

✓ Онлайн құжат айналымы (транскрипт, академиялық анықтама, сынақ кітапшасы т.б.);

✓ Педагогтер мен студенттер арасындағы кері байланыс құралы ретінде.

Platonus жүйесі сонымен қатар бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға, оқыту процесіне қатысушылардың (студент, оқытушы, әкімшілік) өзара әрекетін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Білім алушылар мобильді қосымша арқылы күнтізбе, сабақ кестесі, үй тапсырмасы, бағалар мен ескертулерді көре алады. Бұл олардың оқу процесіне деген жауапкершілігін арттырып, цифрлық мәдениетін қалыптастырады.

Оқу үдерісін басқарудағы тиімділік

Platonus жүйесінің оқу ісін басқарудағы негізгі артықшылықтары:

✓ Ашықтық пен айқындық: студент пен ата-ана оқу жетістіктерін кез келген уақытта бақылап отыра алады.

✓ Жеделдік: оқытушы тарапынан енгізілген бағалар бірден жүйеде көрінеді.

✓ Қағаз бастылықты азайту: сабақ кестесі, журнал, ведомость т.б. – барлығы цифрлық форматта.

✓ Мониторинг мүмкіндігі: мамандықтар бойынша есеп беру жеңілдейді.

Сондай-ақ, оқытушылар мен бөлім меңгерушілері оқу процесінің әр кезеңінде нақты деректер негізінде педагогикалық шешімдер қабылдай алады. Бұл білім беру сапасының үздіксіз жақсаруына себеп болады.

Нәтижелер мен жетістіктер

Оқу және IT салаларының өзара ықпалдасуы бірнеше нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

✓ Сабаққа қатысу мен үлгерімді бақылау 100%-ға автоматтандырылды;

✓ Электронды бағалау жүйесі енгізілді;

✓ Студенттердің цифрлық сауаттылығы артты;

✓ Оқытушылардың IT құзыреттілігі бойынша біліктілігін арттыру семинарлары өткізілді;

✓ Қашықтан және аралас оқыту жүйесі толық жолға қойылды.

Қиындықтар мен шешу жолдары

Цифрландыру процесінде бірқатар қиындықтар да кездесті:

✓ Оқытушылардың кейбірі жүйені меңгеруде қиындықтар көрді – оқыту семинарлары ұйымдастырылды;

✓ Студенттер тарапынан жүйеге кіру мәселесі туындағанда – кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Platonus жүйесін енгізу оқу үдерісін басқаруды жаңа деңгейге көтерді. Ақпараттың қолжетімділігі, оқу жетістіктерін ашық бағалау, цифрлық есеп берудің жеңілдігі – білім сапасын арттыруға және оқу процесінің тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етуде.

Цифрландыру – бұл тек жаңа технологияны қолдану емес, бұл – білім беру парадигмасының өзгеруі. Ол оқытушы мен студент арасындағы қатынасты жаңа деңгейге шығарып, оқытудың тұлғалық және құндылықтық қырларын күшейтеді. Болашақта колледжіміз жасанды интеллект, Big Data және білім аналитикасы құралдарын оқу процесіне енгізуді жоспарлап отыр. Бұл – оқу сапасын жаңа деңгейге көтерудің және еңбек нарығына бейімделген маман даярлаудың кепілі.

Оқу ісін ұйымдастыру мен ақпараттық технологияларды үйлестіре отырып, колледжіміз цифрлық трансформацияны сәтті жүзеге асыруда. Бұл бағытта жүйелі жұмыс пен үздіксіз жетілдіру – басты стратегиялық бағдар болып қала береді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МУЗЫКА БАРЛЫҚ ДЕРТКЕ ЕМ

Нагиева Жадра Карашовна,
Ақтөбе қаласы № 40 жалпы білім беретін
орта мектебінң музыка пәні мұғалімі

Музыка – адамды ерекше рахатқа бөлейтін ұлы күш. Ән - әуен адам сезімін баурап алып, жанға жайлы, мол эмоциялық сәттер туғызады. Тартымды да мәнді музыка – дертке де шипа. Жақсы ән мен сазды музыка – жан азығы. Әсем ырғақты, жан тербетер ән, сазды музыка тыңдаған адамның жүрегі жай тауып, рахат сезімге, ерекше қуанышты күйге бөленеді. Солардың арқасында қан айналу, зат алмасу процесі жақсарады. Музыка көңілді көтереді, қайғыны жеңілдетеді, бойды сергітеді, жанға жайлы эмоция тудырады. Музыканың адам өміріндегі мәні ерекше. ”Ән жоқ жерде адам тірлігі де жоқ” деп Ю. Фучек өте тауып айтқан. Музыка адамды шаттыққа бөлеп, мұң - зарын сейілткен. Музыканың әсер - ықпалының күштілігі соншалық, ол адамдардың мінез - құлқы мен салт - дәстүрін де өзгерте алады екен. Сөзіміз дәлелді болу үшін қытайлық музыка зерттеушісі Сыма Цяньның мына пікірін еске алайық: ”Дүниеге келген адам баласы өміршең рухты, жүрек пен сананы еншілей туады. Ал, қайғы мен шаттық, ашу мен қуаныш болса, туа бітетін қасиеттер емес, мұның бәрі де сыртқы әсерге деген адам сезімінің өзгеруі ғана, әрі - беріден соң сезімді қалыптастыратын да сол сыртқы әсерлер. Содан да болар, баяу да бойлауық, зарлы да сарнауық әуен бел алған ортада халықтың санамен сарғайып, мұңға батқаны; егер ерке де еркін, жайдары да жеңіл, иірім - қайырымы алабұрта елпілдеген әуен бел алса, онда халықтың шат - шадыман ғұмыр кешкені; егер қатқыл да қаһарлы, бастауы жігерлі, қоштауы асқақ, қайырмасы кең орамды әуен бел алса, онда халықтың өзіне - өзі сенімді де табанды болғаны; егер қоңыржай да ашық, орнықты да қалыпты, байсалды да шыншыл әуен бел алса, онда халықтың сыпайы да ізетшіл болғаны; егер шалқар да шалқымалы, жүрекке жылы, жанға жайлы әуен бел алса, онда халықтың мейірім мен махаббатқа бөленгені; ал егер жабайылардың әндері сияқты шегіне жете бүлініп - бұрмаланған, жанығып – жан ұшырған, ырду - дырду әуен бел алса, онда халықтың бұзылғандық пен бейбастақтыққа белшесінен батқаны” Музыка дегеніміз — сырлы да сиқырлы дыбыс. Ал, дыбыс – табиғат. Табиғатсыз тіршілік жоқ болса, дыбыссыз музыка жоқ. Әуен көптеген сансыз дыбыстан құралады. Табиғаттан пайда болған жаңбыр, дауыл, жел үні, су сылдыры, құстардың әні, аңдардың үні мен қимылы, жан - жануарлардың боздауы,кісінеуі т.б.дыбыстарға еліктеуден әуен құралады. Мысалы, талантты сазгер Нұрғиса Тілендиевтің ”Құстар қайтып барады” әнінің ырғағына бір сәт құлақ түріп, зейін қоя тыңдаңызшы. Құлаққа құстардың қиқуы келіп, ол үн жүрегіңді баурап, көңілді мұң шалмай ма?

Халқымыздың білгір сазгері, академик Ахмет Жұбанов музыка жайлы: ”Қазақ халқының талантты күйшілерінің күйлерінде құлаққа әрең естілетін шөптің сыбдыры, кең далада келе жатқан жалғыз жолаушының әні, аспанда қалықтап жүрген қайсар бүркіттің қанатының суылы бар…” — деп ерекше тебірене жазыпты.

Ежелгі гректер музыка мен медицинаны қосып, оған қамқоршы етіп бір Құдайды — Аполлонды беріпті. Музыканың адам денсаулығына, көңіл - күйіне әсер ететіні жайлы мәліметтерді ұлы дәрігер Эскулаптың, ежелгі грек математигі, философы Пифагордың, философтар Аристотель мен Платонның еңбектерінен табуға болады. Музыка ырғағы күш - қуат беріп, көңіл - күйді

көтеретінін әскери мамандар да ертеден мойындаған. ”Музыка армияның жігерін екі - үш еселендіреді” деп орыс армиясының белгілі қолбасшысы А. В. Суворов дәл айтқан.

Қытай мен Грекияда музыканың емдік қасиеті жайлы ертеде ақ белгілі болып, ол біздің дәуірімізге музыкатерапия немесе вакалотерапия ретінде жетіп отыр. Музыканың дыбысына, ырғағына байланысты адам организмі әрқалай әсер алады. Сондықтан, оны кейбір жүйке ауруларын емдеуге, олардың алдын алу мақсатында пайдаланатыны белгілі. Мысалы, әсерлі музыка эндокринді бездер қызметін едәуір жақсартады да, гормондар бөліну күшейе түседі. Музыка ас қорыту тізбегіне де жағымды әсер етеді. Музыканың адамға әсері оның қандай аспапта орындалуына байланысты. Мысалы, сыбызғы үні қан айналымына, жүрек тамырларына пайдалы әсер етсе, скрипка мен фортепиано адамның жанын жай таптырып, жүйкесін тынықтырады екен. Ал, қазақтың екі шекті музыкалық аспабы қоңыр домбыраның күмбірлеген үні, киелі қылқобыздың жүрек елжіретер сырлы сазы қалай сізді бей - жай қалдыра алады?

Музыкатерапия қазіргі кездері невроздар мен неврастения секілді ауруларды емдеу мақсатында, шаршап, ұйқы қашқан кезде жүйкені тыныштандыратын ем ретінде пайдаланылып жүр. Музыкатерапия гипертониялық, жүректің ишемиялық аурулары мен нейроциркуляторлық дистония сырқатын емдеуде де қолдау тапты. Ғалымдар музыканың тіршілікке қандай пайдасы барын анықтау үшін бірде мынадай тәжірибе жасаған. Гүл өсірілген плантацияның бірінде үнемі жанға жайлы сазды музыка ойнап тұрған да, ал екінші бір плантациядағы гүлдер музыкасыз жай тәсілмен өсірілген. Тәжірибенің қорытындысында ғалымдар музыка ырғағымен өскен гүлдердің жақсы да әсем болып өскенін анықтаған. Тағы бір тәжірибе музыка сазымен сауылған сиыр сүтті әдеттегіден көбірек бере бастайтынын дәлелдеді. Өз ұлтымыздың да музыка мен сазды әуенге байланысты неше бір аңыздары бар. Солардың бірі — ботасынан айырылып, көздерінен жас сорғалап боздап тұрған аруанаға сырлы сыбызғымен ән ойнағанда жаңағы түйе боздағанын тыйып, бойы босаңсып, иіген екен. Міне, әннің құдіреті!

Осы келтірілген мысалдардан - ақ музыканы тек адам ғана емес, бүкіл табиғат ұнатады екен, ол бәріне қажет екен. Зейін қойып, зер салсаңыз, табиғаттың әрбір құбылысы, әрбір суреті таңғажайып саз, музыка емес пе? Мәселен, ағаш жапырағының сыбдыры, бұлақ суының сылдырай аққаны, құстардың үні, шегірткенің шырылы, араның ызыңы, көбелектің көлбей ұшуы… Сезіне, түсіне білген адамға бәрі әуен, бәрі музыка.

Табиғат аясында бірер сағат болудың өзі адамға бір аптаға қуат, күш - жігер беретіні сондықтан. Мысалы, жұмыстан шаршап келгенде 15 - 20 минут жанға жайлы жеңіл музыка тыңдасаңыз, жаныңыз сергіп сала беретінін, күш - қуат аз уақыттың өзінде қалпына оралатынын байқайсыз. Жігерлі, екпінді де шабытты музыка адамдарға жігер қосып, ерлікке бастайтыны белгілі. Мысал үшін өзіміздің елдің әнұранын (мемлекеттік гимнді) алайық. Ол ойнағанда бойыңда елге деген, халқыңа деген ерекше ұлттық сезім пайда болып, сол елдің азаматы екеніңді ерекше мақтаныш тұтатындай күш пайда болмайды емес пе?

Сазды да сырлы музыка, әсіресе, жасөспірімдер мен жас балалар үшін қажет - ақ. Музыка олардың орталық нерв жүйесіне, яғни, жүйкесіне әсер етіп, ой - өрісін жетілдіреді, рухани дүниелерін байытады, сезімталдыққа, нәзіктікке, қайырымдылыққа тәрбиелейді. Расында да, музыка – адамды ерекше рахатқа бөлейтін ұлы күш. Ән - әуен адам сезімін баурап алып, жанға жайлы, мол эмоциялық сәттер туғызады. Тартымды да мәнді музыка – дертке де шипа.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ХИМИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТИІМДІ ШЕШІМДЕР

Нургалиева Майя Койшыбековна,
Ақтөбе олысы, Ырғыз ауданы,
«Белшер негізгі орта мектебі» КММ-нің
химия-биология пәні мұғалімі

Бүгінгі күнде ғылым мен техника дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Жаратылыстану ғылымдары – химия, биология, физика – бұрынғыдай тек зертханалық жұмыстармен ғана шектелмейді. Қазіргі уақытта жасанды интеллект (ЖИ) арқылы осы ғылым салаларының мүмкіндіктері кеңейіп, жаңа зерттеу әдістері мен тиімді шешімдер пайда болуда. Бұл мақалада химия мен биология ғылымдарының жасанды интеллектпен бірігуінің маңыздылығы мен пайдасы туралы сөз қозғаймыз.

1. Жаратылыстану ғылымдары мен ЖИ бірігуінің қажеттілігі

Химия мен биология – табиғат құбылыстарын, тірі организмдердің құрылымын, олардың өзара байланысын зерттейтін маңызды ғылымдар. Бірақ соңғы жылдары бұл салаларда зерттелетін мәліметтер өте көп жиналуда. Мысалы, адамның ДНҚ құрылымы, өсімдіктердің өсу жолдары, химиялық заттардың өзара әрекеттесуі сияқты деректерді қолмен есептеу өте қиын.
Осы тұста жасанды интеллект көмектеседі. ЖИ – адамның ойлау қабілетін еліктейтін компьютерлік жүйе. Ол үлкен көлемдегі ақпаратты тез өңдеп, нақты шешім шығара алады. Сондықтан химия мен биологияда оны пайдалану – уақыт талабы.

2. Химиядағы инновациялық әдістер мен ЖИ көмегі

а) Химиялық заттарды болжау
Химияда жаңа заттарды жасау үшін түрлі тәжірибелер жүргізіледі. ЖИ бұл процесті жылдамдатып, қандай зат қандай затпен әрекеттесетінін алдын ала болжай алады. Бұл зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттырады.

ә) Лабораториялық есептеулерді жеңілдету
Зертханада кейбір есептерді қолмен шығару қиын. ЖИ арқылы күрделі есептерді компьютер автоматты түрде шешіп береді. Бұл оқушылар мен мұғалімдерге де көмектеседі.

б) Қауіпсіздік
Кейбір химиялық заттармен жұмыс істеу өте қауіпті. ЖИ арқылы тәжірибені алдымен компьютерде жүргізіп, қауіпсіздігін тексеруге болады.

3. Биологиядағы ЖИ қолдану тәсілдері

а) Адам ағзасын зерттеу
ЖИ көмегімен адам денсаулығына байланысты көп ақпараттарды саралап, ауру түрін ерте анықтауға болады. Мысалы, жүрек ауруы, қант диабеті сияқты дерттерге байланысты мәліметтерді ЖИ өңдеп, алдын ала ескертеді.

ә) Өсімдіктер мен жануарларды зерттеу
Ауыл шаруашылығында өсімдіктердің ауруларын анықтау үшін ЖИ пайдаланылады. Ол өсімдіктің суретіне қарап, қандай аурумен ауырғанын тез анықтайды.

б) Генетика саласы
ДНҚ зерттеулерінде ЖИ өте маңызды рөл атқарады. Адамның немесе жануардың тұқым қуалайтын қасиеттерін зерттеп, кейбір аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

4. Интеграцияның тиімді тұстары

- Уақыт үнемделеді – ЖИ арқылы есептер, зерттеулер тез әрі нақты жүргізіледі.
- Қателік азаяды – Адам қолымен есептегенде қате кетуі мүмкін. Ал ЖИ есептерді нақты шығарады.
- Шешім қабылдау оңайлайды – Қандай әдіс тиімді, қандайы тиімсіз екенін ЖИ саралап береді.

- Көп мәліметпен жұмыс істеу – ЖИ бір уақытта мыңдаған деректі талдай алады.

5. Мұғалімдер мен оқушылар үшін маңызы. Жаратылыстану пәні мұғалімдері сабақта ЖИ көмегімен тәжірибе көрсетіп, оқушыларға күрделі процестерді оңай түсіндіре алады. Мысалы, виртуалды зертханалар арқылы химиялық реакциялар көрсетіледі. Биология пәнінде ағза мүшелерін 3D форматта көрсетуге болады. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын жақсартады.

Қорытынды. Химия мен биология – болашақ ғылымдары. Ал жасанды интеллект – осы болашаққа апаратын көпір. Егер біз осы екі бағытты біріктіріп, тиімді қолдана білсек, көптеген ғылыми жаңалықтар ашамыз. Жаратылыстану пәні мұғалімдері де осы заманауи технологияларды сабақта тиімді қолданып, оқушыларға сапалы білім беруге мүмкіндік алады. Сондықтан ЖИ мен ғылымды қатар дамыту – бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам.

6. Болашақтағы мүмкіндіктер мен инновациялар.

Жасанды интеллект пен жаратылыстану ғылымдарының байланысы болашақта одан әрі нығая түсетіні сөзсіз. Бүгінде әлемнің жетекші университеттері мен зерттеу орталықтары химия, биология, физика және экология салаларында ЖИ қолданудың жаңа жолдарын іздеуде. Мысалы, ғалымдар жасанды интеллектті пайдаланып, адам ағзасындағы жасушалардың өзара әрекеттесуін модельдеп, жаңа дәрі-дәрмектерді ойлап табуда. Бұл дәрілер белгілі бір ауру түрін емдеуге нақты бағытталып, жанама әсерлерін азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, болашақта жасанды интеллекттің көмегімен экологиялық жағдайды автоматты түрде бақылау жүйелері кеңінен енгізілмек. Бұл жүйелер ауа сапасын, судың құрамын және топырақтың жағдайын онлайн түрде талдап, кез келген өзгерісті дер кезінде хабарлай алады. Осылайша, адам экожүйеге зиян келтірмей, табиғатты сақтауға мүмкіндік алады. Одан бөлек, мектеп пен жоғары оқу орындарында да жасанды интеллектке негізделген білім беру жүйелері енгізілуде. Мұндай бағдарламалар әр оқушының қабілетін ескеріп, жеке оқу жоспарын құра алады. Бұл — жаратылыстану пәндерін оқыту сапасын арттырудың ең тиімді жолдарының бірі. Мұғалімдерге де ЖИ көмегімен сабақ жоспарын дайындау, оқушылардың үлгерімін бақылау жеңілдейді.

7. Қазақстандағы ғылым мен ЖИ дамуы. Қазақстанда да жасанды интеллект пен жаратылыстану ғылымдарын біріктіру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Соңғы жылдары елде цифрландыру мен инновацияға ерекше көңіл бөлініп келеді. Университеттер мен зерттеу институттарында ЖИ зертханалары құрылып, жас ғалымдар жаңа жобаларды жүзеге асыруда. Бұл бастамалар еліміздің ғылыми әлеуетін арттырып, жас ұрпақтың технологияға деген қызығушылығын күшейтеді. Мысалы, кейбір жоғары оқу орындарында биология және химия пәндері бойынша виртуалды зертханалар енгізілді. Осы зертханаларда студенттер тәжірибелерді онлайн режимде орындап, нәтижесін талдай алады. Бұл әдіс қауіпсіз, ыңғайлы және материалды тиімді игеруге көмектеседі. Алдағы уақытта Қазақстанда ЖИ мен ғылым интеграциясы экономикалық және білім беру саласында үлкен серпіліс әкеледі. Бұл бағытта мемлекет пен ғалымдардың бірлесе жұмыс істеуі еліміздің инновациялық дамуына жол ашады.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект тек технология емес, ол – ғылым мен білімнің жаңа дәуіріне жол ашатын күш. Химия, биология және экология сияқты салаларда ЖИ қолдану адамзаттың өмір сапасын жақсартып, қоршаған ортаны қорғауға, аурулардың алдын алуға және жаңа ғылыми жаңалықтар ашуға мүмкіндік береді. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулер әрбір елдің дамуының басты көрсеткіштерінің бірі болмақ.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ИНДИВИДУАЛЬНАЯ РАБОТА С РЕБЕНКОМ С АУТИЗМОМ

Нурмашева Гульнара Буржановна,
Бақберген Әсия Болатқызы,
Ақтөбе КГУ "Актюбинский областной специальный комплекс "школа-интернат - колледж", КГУ "Актюбинская областная специальная школа, учитель начальных классов

Расстройства аутистического спектра (РАС) — это группа нейроразвитийных состояний, характеризующихся трудностями в социальном взаимодействии, коммуникации и наличии ограниченного, повторяющегося поведения. Каждый ребёнок с аутизмом уникален, и его поведенческие, эмоциональные и когнитивные особенности требуют особого подхода. Индивидуальная работа с ребёнком с РАС играет ключевую роль в его адаптации, социализации и развитии.

Главная цель индивидуальной работы — развитие потенциала ребёнка с аутизмом с учётом его особенностей. Это включает:

- Развитие коммуникативных навыков;
- Формирование навыков самообслуживания;
- Обучение социальному взаимодействию;
- Снижение тревожности и коррекция нежелательного поведения;
- Поддержка академических и когнитивных способностей.

Работа должна строиться на принципах последовательности, предсказуемости, гибкости и положительного подкрепления.

Принципы индивидуальной работы

1. Персонализированный подход

Каждый ребёнок с аутизмом отличается по уровню развития, сенсорной чувствительности, стилю обучения и интересам. Поэтому важно разрабатывать индивидуальный образовательный и коррекционный маршрут, основанный на оценке сильных и слабых сторон ребёнка.

2. Структурированность и предсказуемость

Дети с РАС часто испытывают трудности с адаптацией к новым условиям. Для них важно наличие чёткой структуры занятий, повторяемости действий и визуальных расписаний. Такие подходы снижают тревожность и повышают вовлечённость в процесс.

3. Использование альтернативной и дополнительной коммуникации (АДК)

Многие дети с аутизмом имеют нарушенную речь или не говорят совсем. В таких случаях применяются системы АДК: карточки PECS, жесты, пиктограммы, планшеты с речевыми приложениями. Они помогают ребёнку выражать желания, потребности и эмоции.

4. Поощрение и мотивация

Положительное подкрепление — один из наиболее эффективных методов в работе с детьми с РАС. Награды (похвала, жетоны, любимая игрушка) способствуют формированию желаемого поведения и мотивации к обучению.

Этапы индивидуальной работы

1. Диагностика и наблюдение

Работа начинается с оценки уровня развития ребёнка, его когнитивных и речевых навыков, особенностей поведения и взаимодействия с окружающими. Используются диагностические методики, а также поведенческое наблюдение.

2. Планирование

На основе диагностики разрабатывается индивидуальная программа. В неё включаются:

- Цели (краткосрочные и долгосрочные);
- Методы и средства обучения;
- График и длительность занятий;
- Формы контроля результатов.

3. Проведение занятий

Занятия могут включать:

- Сенсорную интеграцию;
- Логопедическую коррекцию;
- Социально-бытовое ориентирование;
- Игровую терапию;
- Элементы поведенческой терапии (ABA).

Занятия должны быть короткими, разнообразными и сопровождаться положительной обратной связью.

Основные методы работы с ребенком с аутизмом

1. ABA-терапия (прикладной анализ поведения)

- Научно доказанный метод.
- Использует поощрение для формирования нужного поведения.
- Учит ребенка навыкам через повторение и подкрепление.

2. TEACCH (структурированное обучение)

- Основан на визуальной поддержке.
- Упорядоченная среда и расписание.
- Задания подаются в виде последовательных шагов.

3. PECS (система обмена картинками)

- Используется для развития коммуникации через карточки с изображениями.
- Ребенок учится просить нужные предметы, показывая карточки.

4. Сенсорная интеграция

- Упражнения для улучшения сенсорной обработки (звук, свет, прикосновение).
- Часто применяются с детьми, у которых есть сенсорная гипо- или гиперчувствительность.


5. Эмоциональное развитие и социальные истории

- Используются для объяснения социальных ситуаций.
- Моделирование поведения и эмоций через рассказы, карточки, ролевые игры.

🖼 Виды визуальных картинок и материалов


1. Картинки PECS

- Простые изображения предметов, действий, эмоций.



Примеры:

- Картинка с изображением яблока → означает "Хочу яблоко"




2. Визуальное расписание

- Последовательность действий в течение дня.
- Помогает ребенку ориентироваться во времени и понимать, что будет дальше.

Пример:

Проснулся → Почистил зубы → Завтрак → Занятия → Прогулка





3. Карточки эмоций

- Помогают распознавать и называть эмоции (радость, грусть, злость и т.д.)
- Используются для развития эмоционального интеллекта.

Пример:

☺ Рад → 😫 Зол → ☹ Грустит

4. Карточки с действиями

- Учат глаголам и действиям (бежать, кушать, играть и т.п.)
- Используются в обучении речи и коммуникации.

4. Оценка эффективности

Регулярно проводится оценка прогресса ребёнка, корректировка целей и методов. Важно учитывать не только результаты тестов, но и повседневное поведение, взаимодействие с окружающими и эмоциональное состояние ребёнка.

Взаимодействие с семьёй

Семья играет ключевую роль в развитии ребёнка с РАС. Индивидуальная работа должна дополняться консультированием родителей, обучением их методам взаимодействия с ребёнком, а также совместным анализом успехов и трудностей. Родители становятся активными участниками коррекционного процесса.

Заключение

Индивидуальная работа с ребёнком с аутизмом — это сложный, но необходимый процесс, направленный на поддержку и развитие каждого уникального ребёнка. Успешность такой работы зависит от профессионализма специалистов, вовлечённости семьи, систематического подхода и уважительного отношения к особенностям ребёнка. Главная задача — создать условия, в которых он сможет максимально реализовать свой потенциал и стать полноценным участником общества.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МУЛЬТФИЛЬМНІҢ БАЛАҒА ӘСЕРІ

Нұрқадыр Ұлпан Күмісбекқызы,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы,
"Жамбыл облысының білім басқармасы
Жасанды интеллект қазіргі білім беру жүйесінде маңызды құралға айналып, оның көмегімен оқыту үдерісі тиімдірек және жеке дара түрде ұйымдастырылуда. Бастауыш сынып оқушылары үшін арнайы жасалған білім беру платформалары, мысалы ABCmouse, балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, олардың білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар мен ойындар ұсынады. Жасанды интеллект балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, тапсырмаларды бейімдей отырып, олардың дағдыларын дамытуды қолдайды. Бұл әдістемелік құралда бастауыш сыныптарда жасанды интеллекттің пайдасы мен білім беру платформаларының ерекшеліктері қарастырылған. Жасанды интеллект (ЖИ) – ақпараттық технологиялардың ең өзекті және дамып келе жатқан салаларының бірі. Ол тек ғылыми және инженерлік қоғамдастықтарда ғана емес, білім беру саласында да маңызды орын алуда. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен әлеуеті туралы белгілі ғалымдар мен зерттеушілер көптеген пікірлер білдірді. Мысалы, американдық ғалым және ойшыл Стюарт Рассел: «Жасанды интеллект адамның білімін, ойлау қабілетін және шығармашылығын толықтыруға арналған құрал болуы тиіс», – деп атап өткен болатын. Бұл пікір ЖИ-дің адамдарға көмек көрсету арқылы олардың әлеуетін арттыруға бағытталғанын көрсетеді.

Қазақстандық ғалымдар да жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыра отырып, оның маңызды рөлін атап өтуде.

Бастауыш сыныптардың білім беру үдерісінде жасанды интеллекттің рөлі айтарлықтай маңызды. Себебі, бұл кезеңде оқушылардың ақыл-ойы, шығармашылық қабілеттері мен дағдыларының негізі қаланады. Жасанды интеллект балаларға оқу мен білім алуда инновациялық әдістерді ұсынады, әрі олардың оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етеді. Сонымен қатар, ЖИ жүйелері оқушының деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсыну арқылы оқудың сапасын арттырады және балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын оятады.

Жасанды интеллекттің бастауыш сыныптарда қолданылуы баланың оқу үрдісіне деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, ЖИ технологиясы арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, оларды оқытудың арнайы әдістері таңдалады. Бұл оқушылардың өз мүмкіндіктеріне сай білім алуына мүмкіндік береді. Жасанды интеллект білімді үйрену мен дағдыларды меңгерудің интерактивті тәсілдерін ұсынады, соның ішінде автоматты түрде жаттығуларды орындау, тапсырмаларды орындауда жеке көмек көрсету және оқушының білім деңгейін бақылау. Мектептерде жасанды интеллектті

пайдалану білім беру саласының тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Бұл оқушылардың жылдам және сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Мысалы, интеллектуалды білім беру бағдарламалары мен қосымшалар балалардың оқыту деңгейін бақылап, дербес оқыту әдісін қолдана алады. Сонымен қатар, ЖИ құралдары оқу процесін қызықты етіп, балалардың пәнге деген ынтасын арттырады.

Жасанды интеллекттің бастауыш сыныптағы білім беру үдерісіндегі рөлі айтарлықтай маңызды. Бұл кезеңде балалардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық ойлау дағдылары қалыптасады. Жасанды интеллект арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығы арттырылып, оларды өз бетімен білім алу процесіне тартуға болады. Сонымен қатар, ЖИ оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқыту әдісін таңдай отырып, олардың өз мүмкіндіктеріне сай білім алуына мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің ең басты артықшылықтарының бірі – әр оқушының білім алу деңгейін анықтап, оған сәйкес келетін материалдар мен тапсырмаларды ұсыну мүмкіндігі. Дифференциалды оқыту әдісі әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалы мен тапсырмаларын бейімдейді. ЖИ платформалары оқушының деңгейін бағалай отырып, оның оқуды жалғастыру қарқынын, қиындықтарын және келесі қадамдарын анықтайды. Мысалы, бастауыш сыныптарда қолданылатын көптеген ЖИ жүйелері әр оқушының оқу сапасын автоматты түрде бағалап, қиындық туғызып жатқан тақырыптар бойынша қосымша көмек ұсынады. Оқушының жауаптарын тексеріп, дұрыс емес жауаптарды түзету үшін қосымша түсініктемелер мен ұсыныстар беретін жүйелердің бар болуы, оның білім алу сапасын арттырады.

Бастауыш сыныпта білім беруде жасанды интеллектіні пайдалану мүмкіндіктері» білім беру бағдарламасының өзектілігі бірнеше факторлармен анықталады:

1. Технологиялық прогресс: Технологиялардың жылдам дамуы және жасанды интеллектінің әртүрлі өмір салаларына енгізілуі білім беру процесіне, әсіресе мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру процесіне жаңартуды талап етеді.

2. Балаларды болашаққа дайындау қажеттілігі: Қазіргі әлемде балалар технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын ең ерте жастан меңгеруі керек, бұл оларды болашақ мамандығының талаптарына дайындайды.

3. Оқыту персонализациясы: Жасанды интеллект білім беру бағдарламаларын балалардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл материалды тиімді меңгеруге ықпал етеді.

4. Сын тұрғысынан ойлау мен шығармашылықты дамыту: Жасанды интеллект негізіндегі құралдар мектепке дейінгі балаларда интерактивті және ойын түріндегі оқыту арқылы зерттеу қызметін және шығармашылық ойлауды ынталандыра алады.

5. Педагогтарды қолдау: Жасанды интеллектіні пайдалану тәрбиешілердің жұмысын едәуір жеңілдетуі мүмкін, балалардың прогресін бағалау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ жеке білім беру маршруттарын әзірлеу үшін құралдар ұсынады.

6. Әлеуметтік – эмоционалдық даму: Жасанды интеллект балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын ойындар мен симуляциялар арқылы дамытуға көмектеседі, бұл мектепке дейінгі жаста ерекше маңызды.

7. Глобалдық трендтер: Көптеген елдер білім беру жүйелеріне жасанды интеллектіні енгізуде, бұл халықаралық стандарттар мен тәжірибелерден артта қалмау қажеттілігін туындатады.

8. Тұрақты даму және білімге қолжетімділік: Жасанды интеллект шалғай және әлеуметтік жағынан нашар аймақтарда білім беру ресурстарына қолжетімділікті

жақсарту әлеуетіне ие, бұл инклюзивті білім берудің маңызды аспектісі болып табылады.

Осылайша, бастауыш мектепте білім беруде жасанды интеллектіні пайдалану мүмкіндіктері тек қазіргі заманның талаптарына жауап беріп қана қоймай, балалар үшін сапалы және қолжетімді білім беру кеңістігін құруға ықпалетеді. Бастауыш білім беруде жасанды интеллектіні пайдалану мүмкіндіктері қазіргі мектептерде балаларды оқыту және тәрбиелеу процесіне инновациялық технологияларды интеграциялау қажеттілігінен туындады. Жасанды интеллект (ЖИ) жылдам дамып, білім беруді қоса алғанда, көптеген салаларда қолданылуда. Мұғалімдер мен бастауыш сыныптардың басқа педагогтарын ЖИ мүмкіндіктерін білім беру процесін байыту және әр балаға жеке көзқарас жасау үшін тиімді пайдалану үшін дайындау маңызды.

Жасанды интеллектті қолдайтын бастауыш сыныптарға арналған білім беру платформалары. Бастауыш сыныптарға арналған платформалар балалардың пәндік дағдыларын дамытуға және оқу процесін қызықты етуге бағытталған. Жасанды интеллекттің көмегімен оқу материалдарын тиімді бейімдеуге болады, бұл оқушыларға оңай және қолжетімді оқу тәжірибесін ұсынады. Мысалы, «Khan Academy» және «ABCmouse» платформалары жасанды интеллект негізінде жұмыс істейді, олар оқушылардың әртүрлі деңгейіне бейімделген тапсырмалар ұсынады.

«Khan Academy» платформасы – Khan Academy – ұл платформа бастауыш сынып оқушылары үшін танымал және тиімді онлайн білім беру платформасы. Платформа оқушыларға математика, ғылым, әдебиет және басқа пәндер бойынша тегін білім беруге мүмкіндік береді. Khan Academy платформасы өзіне тән ерекшеліктері арқылы оқушыларды мотивациялайды, сабақтарды қызықты әрі тиімді түрде жүргізеді. Бұл платформада ЖИ жүйесі оқушының білім деңгейін бағалап, оның әлсіз тұстарын анықтап, келесі тапсырмаларды сол бойынша ұсынады. Платформаның басты артықшылығы – әр оқушының жеке даму траекториясын жасау. Мысалы, егер оқушы арифметикада қате жіберсе, жүйе бұл қателікті талдайды және қосымша жаттығулар мен тапсырмалар арқылы оқушының білімін жақсартады.

ABCmouse платформасы – бастауыш сынып оқушылары үшін өте пайдалы және қызықты білім беру платформасы. Бұл онлайн білім беру ортасы 2-8 жас аралығындағы балаларға арналған, және ол математика, ғылым, тіл, өнер және музыканы қамтитын пәндер бойынша үйрену мүмкіндігін ұсынады. Платформада балалар түрлі ойындар, әндер, бейнемазмұндар және тапсырмалар арқылы білім алады, және оның көмегімен балалардың оқуға деген қызығушылығы артады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіхалықова, Д. «Жасанды интеллектті білім беру үдерісінде қолдану». – Алматы, 2020.
2. Тұрарханова, Ж. «Жасанды интеллект және бастауыш сыныптарда оқу». – Нұр-Сұлтан, 2021
3. Ахметова, Г. С. «Цифрлық технологиялар және олардың білім беру үрдісіндегі орны», Алматы: Рауан, 2022.
4. Құдайбергенова, Ж. Т. «Интерактивті оқыту әдістері», Астана: Фолиант, 2021.
5. Ермеков, С. Т. «Білім беру процесіндегі заманауи технологиялар», Алматы: Мектеп, 2021.
6. Қалиева Г. Жаңа технологиялардың тиімділігі // Биология, Қазақстан мектебі журналы. - 2010. - № 2.

SOCIAL MEDIA AND TEENAGERS

L.A.Taimaganbetova, N.S.Izzhanova
English teachers
School:№64
City:Aktobe

In the 21st century, social media has become an inseparable part of everyday life, especially for young people. Teenagers are among the most active users of platforms such as Instagram, TikTok, Snapchat, and YouTube. These platforms are not only used for entertainment but also for communication, self-expression, and even education. However, the strong influence of social media on teenagers brings both positive and negative outcomes. Understanding the role of social media in the lives of teenagers is important for parents, teachers, and society as a whole.

One of the main advantages of social media is communication. Teenagers can stay connected with their friends and family even if they live far away. Social media breaks distance barriers and allows young people to build relationships across the world. For many teenagers, chatting, sending messages, and video calling have become the most natural way of communication.

Another positive effect is self-expression. Social media provides teenagers with opportunities to express their ideas, interests, and talents. They can create videos, share photos, and write blogs to show their creativity. This process can help them build self-confidence and develop digital skills that may be useful for future careers. Social media is also a powerful tool for education. Many platforms are used to share knowledge and educational content. For example, YouTube tutorials or online study groups on social networks allow teenagers to improve their academic skills and learn new subjects. During the COVID-19 pandemic, social media platforms became one of the main tools for distance learning and peer support.

Despite the benefits, there are also negative aspects of social media. One of the main problems is addiction. Many teenagers spend hours scrolling through feeds, watching videos, or checking updates. This habit reduces their productivity, sleep quality, and sometimes even academic performance. Another concern is mental health. Teenagers may compare themselves to others online, which can lead to feelings of low self-esteem, anxiety, or depression. The pressure to look perfect, gain followers, or receive likes can negatively affect their emotional well-being. Cyberbullying is another major risk. Unlike traditional bullying, which usually happens in schools, online harassment can follow teenagers everywhere through their phones and computers. This makes the experience more harmful and difficult to escape. Finally, privacy and safety are serious issues. Teenagers often share personal information without realizing the potential consequences. This can make them vulnerable to online predators, fraud, or identity theft.

To reduce the negative influence of social media, parents and teachers play a crucial role. Parents should monitor online activity without being overly controlling, encourage open communication, and set healthy time limits. Teachers can integrate digital literacy into the school curriculum so that students learn to use social media responsibly. Developing critical thinking skills is essential, as it helps teenagers distinguish between reliable information and fake news.

Social media has both positive and negative effects on teenagers. On the one hand, it improves communication, self-expression, and access to knowledge. On the other hand, it can cause addiction, harm mental health, and create risks related to privacy and safety. Therefore, balance is the key. Teenagers should be taught to use social media as a helpful tool rather than a harmful distraction. With the right guidance from parents, teachers, and society,

social media can become a powerful instrument for personal growth, education, and global connection.

Literature:

● Boyd, D. (2014). It's Complicated: The Social Lives of Networked Teens. Yale University Press.

● Lenhart, A. (2015). Teens, Social Media & Technology Overview. Pew Research Center.

● Livingstone, S., & Helsper, E. (2007). Gradations in digital inclusion: Children, young people and the digital divide. New Media & Society, 9(4), 671–696.

● Twenge, J. M. (2017). iGen: Why Today's Super-Connected Kids Are Growing Up Less Rebellious, More Tolerant, Less Happy—and Completely Unprepared for Adulthood. Atria Books.

● Kuss, D. J., & Griffiths, M. D. (2015). Social Networking Sites and Addiction: Ten Lessons Learned. International Journal of Environmental Research and Public Health, 12(3), 128–146.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Темерканова Р.Е.,
Абай облысы, Мақаншы ауданы
«Сейфуллин атындағы орта мектеп- бақшасы» КММ-ның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Түйін: Бұл мақалада жасанды интеллекті сабақта пайданалудың пайдасы жөнінде айтылған. Жасанды интеллект қазіргі кезде өзекті мәселе. Мұғалімдер үшін жасанды интеллекті қолдану арқылы сабақтың қызықты өткізуге тиімді әдіс. Жасанды интеллект мұғаімдер үшін тиімді құрал екенін атап көрсетеді.

Қазір XXI ғасыр техника заманы емес, техниканың қарыштап дамып біздің өмірімізге дендеп еніп, етене араласып кеткен заманы. Әлем қарқынды түрде жасанды интеллект элементтерін пайдаланып, қаржыландыру жұмыстары жыл санап өсіп, қарқынды дамып келеді. Мысалы, статистикаға сүйенсек бұл салада бірінші орында Қытай, олар жылына 12 миллиард доллар құяды екен, жоспар бойынша 2030 жылға дейін 150 миллиард долларға өсуге көзделіп отыр . Қазір кез келген сала компьютерлік техникасыз жұмыс жасамайды. Ақпараттық технология мен ғылыми инновациялық ресурстар практикаға көшіп, теориясы базасы қалыптасып болды. Білім беру жүйесіндегі адамдардың барлық іс-әрекеті ғылым мен білімнің барлық саласына өзгеріс киргізді, төңкеріс әкелді. Ол білімге деген сұраныстың артуынан және осы сұраныстарға жауап беретін жаңа құралдар мен технологиялардың пайда болуынан көрініс табады. Ол техникалық салаларда заттай қолмен ұстауға келетін обьекті болғандықтан бірден етене таныс болып, алға дамушылық халықтың көз алдына келеді. Педагогиканың қолданыс аясы педагогтар болғандықтан көпшілік тереңірек түсініп, етене таныс болмаса да, алға даму керемет жүзеге асып келеді. Сондықтан болашақ білім педагогтерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруда жасанды интеллектің ең тиімді элементтерін қолданамыз.

Бүгінде мұғалімдерді жасанды интеллект төңірегіндегі өзекті мәселелер толғандырады. Өйткені қазіргі ақпаратты технологиялар қарыштап дамыған дәуірде мұғалім үшін мүмкіндіктер мен басымдықтар, жасанды интеллект балалардың игілігі үшін жұмыс істеуге тиіс. Технологияның дамуына қарай оқытуда оқушының қабілетін, қажеттілігін, жеке ерекшелігін ескеруді ұмытпауымыз керек. Балалардың болашағын, олардың үйлесімді дамуын қамтамасыз ете отырып, адам мен компьютердің артықшылықтарын біріктіру

арқылы білім беруді тиімді етіп, ал мұғалімнің жұмысын шығармашылыққа айналдыруға болады. Бірақ жасанды интеллекті мектептерде қолдану тәжірибесі бізде әлі де жеткіліксіз.

Жасанды интеллект (AI) біздің білімге деген көзқарасымызды өзгертуге мүмкіндігі бар. Білім беру процесіне жасанды интеллект технологиялары мен әдістерін біріктіру оқытудың тиімділігін арттыруы мүмкін. Жасанды интеллект оқушыларға жекелендірілген және қызықты оқу тәжірибесін бере алады және мұғалімдерде оқушыларға жақсырақ қолдау көрсетуге көмектеседі. Ғалым Ж.Ы. Сардарова ғылыми зерттеуінде «бастауыш педагогтерін ақпараттандыру – бастауыш білім оқушыларын оқыту, тәрбиелеу, дамыту және олардың ақпараттық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында, сонымен қатар біліми үрдісті басқару мен педагогының кәсіби іс-әрекетін қамтамасыз ету құралы есебінде оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды түсінеміз» (Сардарова, 2014) деген пікір айтады. Осы ғылыми тұжырымды қолдай отырып мұғалімдердің кәсіби білімдерін жасанды интеллектінің элементтерін негізге алып, сабаққа жоғары шығармашылықпен қолдануды ұсынамыз. Жасанды интеллекті мектеп мұғалімдерінің білім берудің дәстүрден тыс жаңа бағыттарды ұсынуға, оны өз бетінше игеруге, интеллектуалдық әлеуетін өсіруге мүмкіндік береді. Осы пікірді ғалым Д.М. Жүсібәлиева одан ары жандандыра түсіп, болашақ бастауыш білім педагогтері өзінің кәсіби жауапкершілігін іске қосып барлық мүмкіндігін салуға IT арқылы жетілдіруді ұсынады. А.М. Жұмабаева жасанды интеллектің ең пайдалы тұсы «білімді өз бетімен алу және ұсыну; ақпараттық коммуникациялық пәндік ортаның қызмет ету жағдайында оқу әрекеті режимін өз бетімен таңдау; оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістерін өз бетімен таңдау» (Жұмабаева, 2019) ақпараттандыру жағдайында сабақ өту формасын үйренушінің дамуы, интеллектуалдық әлеуеті қалыптасуы үшін зерттеу, өлшеу, моделдеумен етене таныс болуы тиіс дейді. Педагог ғалым А.Б. Медешова «оқытудың ақпараттық технологиясы дегеніміз – оқушылар мен педагогтердің педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттерінің өзара әсерлері мен білім берудің мақсаттарына сәйкес меңгерілуге тиіс оқу материалдарының мазмұны берілген ақпараттық жүйені құрайтын ресурстар» (Медешова, 2014) дейді. Ғалым ақпараттық бағдарламалық жабдықтарды, білім беруде пайдалану мен оның әдіс- тәсілін көрсетеді. Жасанды интеллекті сабақта қолдану барысында мұғалім үшін бірнеше жағымды және жағымсыз тұстарын саралай келе төмендегідей талдау жасаймыз. Жасанды интеллекті мұғалімдерге ең алдымен техникалық көмек ретінде, сабақты өткізу барысында көрнекіліктің ықшам, қолайлы түрі есебінде алып жүретіні бірінші десек, екіншіден білім алушыларды тәртіп, тәрбие, мәдениет, білімге құштарлық, оқуға, ізденуге деген құлшыныс жағымды интеллектуалдық санасын өсіреді.

Әлемді жаулаған індет коронавирус оқу процесіне үлкен төңкеріс әкелгені сөзсіз. Бүкіл әлем алғаш рет онлайн оқу форматына ауысты. Осы кезде Қазақстанда BilimLand, Daryn.Online, Opiq, ZOOM және өзге онлайн оқу платформаларында оқу үдерісі жалғасты. Әрине, мұның жақсы жақтары да, кемшілік тұстары да болды. Білім және ғылым министрлігі, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жаз бойғы дайындығына қарамастан, сабақ бастала салған алғашқы апталар ішінде кемшіліктер бірден көзге көрінді. Ең бастыларын тізбектесек:

- Оқудың алғашқы күні BilimLand онлайн платформалары қолданушылардың көптігінен қатып қалған немесе жұмыс жасамай қалған; - Zoom арқылы оқу кезінде байланысқа бөгде адам қосылып, басқа бейнелерін көрсету қосылды. Бұдан бөлек, оқушылар мен ата-аналардың аталған платформаларға қосыла алмау мәселесі де

өзекті болып отыр. Оған негізгі екі себеп бар:

- интернет сапасының төмендігі;
- оқушының платформаны қолдана білмеуі.

Бұл процесстер уақыт өте келе реттеліп, олқылықтар түзелді. Осы арқылы жаңа технологиялар қаншалықты өміріміздің бір бөлігі болғанын аңғарғандаймыз. Енді осы процесстерге жасанды интеллект элементтерін қосу қажеттілігі туындап отыр. Ең алғаш осы «SkyEng деген ағылшын оқу орталықтарында жасанды интеллект адаптивті, дербес оқытуды және сол уақытта тапсырмаларды тексеруді қамтамасыз етеді. Оқу тренажерлерінің көпшілігі жасанда интеллектпен жұмыс істейді» (Анаш, 2021). Бұл бағдарламалардың негізгі артықшылықтарына тоқталатын болсақ:

1) мұғалімдердің қағазбастылық жұмыстарынан босап, шығармашылықпен айналысуға уақыты пайда болады

2) жасанды интеллект көмегімен аналитикалық және статистикалық мәліметтерді автоматты түрде өзі жинайды. Бұл уақыт пен артық қағазбастылық секілді жұмыстан босатса, оның кемшілік тұсы хакерлік шабуылдар кесірінен құпия ақпараттардың жалпыға қолжетімді болып кетуінен қорқады. Одан басқа көп уақыт компьютермен жұмыс жасау педагогтерге физиологиялық зияны туралы айтады. Олар, көру органдарының нашарлауы, қимылсыз ұзақ уақыт отыру режимінде жұмыс жасаудың салдарынан аяқ-қолда қан айналымы дұрыс болмау, бел, арқаның құрысуы секілді ауырулардың алғашқы белгілерінің байқалуы. Жасанды интеллектің ең соңғы құрастырылған нұсқасы да педагогдерді алмастыра алмайды, бірақ педагогтердің интеллектуалдық әлеуетін өсіруге, оқу процессін жеңілдетуге көмегін тигізеді. Өкініштісі Қазақстанда жасанды интеллекті толығымен пайдаланып, жасанды интеллектіні жүз пайыз түсініп жұмыс жасап жатқан мамандар өте аз. Алдағы уақытта жасанды интеллект педагогтің көмекші құралы болуы тиіс.

Қазіргі таңда өте танымал GPT-3 OpenAI (https://chat.openai.com/) технологиясы, соның ішінде chatgpt моделі білім беруде бірнеше жолмен қолданылуы мүмкін. ChatGPT нақты уақыттағы кері байланысты және студенттерге оқу барысында басшылықты қамтамасыз ету үшін жекелендірілген оқыту платформаларына біріктірілуі мүмкін. Сонымен қатар, ChatGPT оқушылардың деректерін талдау және оқытушыларға нұсқаулар мен түсініктер беру үшін пайдаланылуы мүмкін, бұл оларға оқушыларды қолдау және олардың үлгерімі туралы негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. ChatGPT-ті білім беруде қолдану оқу процесін едәуір жақсарта алатынына қарамастан, оны адам тәрбиешілерімен және этикалық және құпиялылық мәселелеріне сәйкес пайдалану керек екенін ескеру маңызды. Жасанды интеллект мұғалімдер мен мекемелерге шешім қабылдауға және ресурстарды бөлуге көмектесу үшін де қолданыла алады. Мысалы, жасанды интеллект алгоритмдері трендтер мен заңдылықтарды анықтау мақсатында оқушылардың үлгерімі туралы деректерді талдау үшін пайдаланылуы мүмкін, бұл мұғалімдерге қосымша мұғалімдерді жалдау немесе оқу бағдарламасын жаңарту сияқты ресурстарды қайда бөлу керектігі туралы негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Жасанды интеллектің көмегімен сабақты өткізудің бір мысалын келтірсек. Техника көмегімен сабаққа интеллектуалды ойындарды кірістіру, сабақты түсіндіру барысында баланың көңілін оқуға, үйренуге шоғырландыратын қызықты бағдарламалық көрнекіліктер дайындау, сергіту сәтінде жасанды интеллектің бастамасымен физикалық жаттығулар жасау сапалы нәтиженің көрінісі. Оқушылардың жалпы беттік тест тапсыруы кезінде барлық оқушылардың қамтылғаны, кім қандай тестті шешіп жатқаны көрініп тұрады. Бұл

педагогке өте қажетті көмекші құрал. Осы ерекшеліктерді негізге алып Н.С. Кожамкулова технологияны қолдана отырып сабақты өтуде бірнеше бағдарламаларды ұсынады. Олардың әрқайсының өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, «Quizizz» бағдарламасында тесті ойын түрінде өткізіп, ТЖБ мен БЖБ жұмысын бағдарлама көмегімен алуға болады. Мен өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде сабақта жасанды интеллекті қолдану өте тиімді деп ойлаймын.Осыған орай жасанды интеллектінің оқу үдерісіне енгізудің негізгі артықшылықтары мен әдістеріне тоқталуға болады. Жасанды интеллект әрбір оқушыға жеке көзқарас – табысты оқудың кепілі екеніне көз жеткізуімізге болады. Жасанды интеллект оқушылардың білім деңгейін, қызығушылықтары мен қабілеттерін талдай алады, бейімделген оқу материалдары мен тапсырмаларын ұсына алады. Бұл әр оқушының қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді және оқу процесін тиімдірек және қызықты етеді. Оқытудың көп уақытты қажет ететін аспектілерінің бірі – жазба жұмыстарын бағалау. Жасанды интеллект грамматикалық және стилистикалық қателерді автоматты түрде тексеріп, жылдам кері байланыс береді. Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға өз қателерін түсіну және оларды түзету бойынша ұсыныстар алу арқылы материалды тез меңгеруге көмектеседі. Жасанды интеллект қазақ әдебиеті тұлғаларының мәтіндерін, аудиокітаптарды және бейне сабақтарды қамтитын оқу материалдарының ауқымды дерекқорына қолжетімділікті қамтамасыз ете алады. Бұл әртүрлі форматтар оқушыларға ақпаратты жақсы қабылдауға және пәнге деген қызығушылықты дамытуға көмектеседі. Чатботтар сияқты интерактивті қолданбаларды сауалнамалар, әртүрлі сұрақтар және оқушыларың оқу процесіне қатысуын ынталандыратын басқа әрекеттерді жүргізу үшін пайдалануға болады. Оқушылар нақты уақыт режимінде сұрақтар қойып, оларға жауап ала алады, ыңғайлы оқу ортасын жасайды. Жасанды интеллекттің күшті және әлсіз жақтарын анықтай отырып, оқушылардың үлгерімі туралы деректерді жинап, талдай алады.

Бұл мұғалімдерге оқу үрдісінің сапасын арттыра отырып, оқыту әдістерін түзетуге мүмкіндік береді. Оқушылардың үлгерімін уақыт бойынша бақылауға болады, бұл мәселелерді дер кезінде анықтауға және қажетті шешімдерді ұсынуға көмектеседі. Қазақ тілі мен әдебиеті мәдени контекстпен тығыз байланысты. Жасанды интеллект Қазақстанның мәдени аспектілері, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы қосымша ақпарат бере алады, бұл материалды түсінуді тереңдетеді және оны бай және қызықты етеді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті қолдану оқу-тәрбие үрдісінің жаңа көкжиектерін ашады. Жасанды интелекттіні оқытуды жекелендіруге, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға, ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге және интерактивті ортаны құруға көмектеседі. Бұл технологияларды оқу үдерісіне енгізу оның тиімділігін арттырып қана қоймай, оны оқушылар үшін қызықты әрі мазмұнды ете алады. Болашақта интеллектіні одан әрі дамыту Қазақстандағы және әлемдегі білім беруді трансформациялауда шешуші рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллекті қолдану білім беру процесін тиімді әрі қызықты етеді. Жасанды интеллекттің көмегімен оқушылардың тілдік дағдылары мен шығармашылық қабілеттері артып, жеке оқу жолдары қалыптасады. Білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану – болашақтың қажеттілігі, және оның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы біз сапалы білім алуға қол жеткізе аламыз.

Жасанды интеллект жекелендірілген және тиімді оқу тәжірибесін ұсыну, ресурстарды бөлуді оңтайландыру және білімге қол жетімділікті жақсарту арқылы

білім беру процесінде төңкеріс жасай алады. Жасанды интеллект дамып келе жатқандықтан, мұғалімдер, мекемелер мен саясаткерлер үшін оның әлеуетін пайдалану және оны жүзеге асыру жауапты, этикалық және студенттерге де, оқытушыларға да пайдалы болуы үшін жұмыс істеу маңызды. Білім беру процесінде жасанды интеллектті қолдану тенденциялары мен инновацияларына шолу осы технологияның оқуды өзгерту және оқушылардың оқу нәтижелерін жақсарту үшін айтарлықтай әлеуетін көрсетеді. Жекелендірілген оқыту, бағалау және кері байланысты автоматтандыру, сондай - ақ үлгерімді болжау және ұсыныстар - осы инновациялардың барлығы әрбір білім алушының қажеттіліктеріне сәйкес келетін жекелендірілген және тиімді оқу бағдарламаларын жасауға көмектеседі. Қазақстанда жасанды интеллектіні оқу жүйесінде тұтастай жалпыластырудың өзіндік кедергілері де бар. Ең басты себеп техникалық мүмкіндіктің аздығы, педагогтердің техникалық білім білігінің төмендігі. Міне, осы түйіндерді де алдағы уақыттарда жедел шешу керек. Сонда ғана дамыған, өркениетті елдердің санатында жасанды интеллектіні жалпы білім оқушыларыдың қабілетін арттыру мақсатында өнімді әрі ұтымды пайдалана аламыз.

Алайда, қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, қиындықтар мен шешілмеген мәселелер қалады. Білім беруде жасанды интеллект технологияларын зерттеуді жалғастыру және дамыту маңызды. Этикалық мәселелерге, алгоритмдердің ашықтығына және барлық білім алушылар үшін жаңа технологияларға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге назар аудару қажет.

Әдебиет:

1. М.Жұмабаев шығармалары. Алматы: Жазушы, 2013, – 375 б. https://qazaqtimes.com/article/85732
2. Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. Алматы: Білім, 2012. – 360 б. Платон. Диалоги. Серия «Философское наследие». – Мәскеу: Мысль, 1986. – 605
3. Сартаева Н.Т. Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш білім оқушыларының зерттеулік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру. филос.док (PhD) дис. Алматы, –2019.
4. Сардарова Ы. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың тұжырмдамалық негізі. Орал: БҚМУ, – 2014 ж.
5. Жұмабаева А.М. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. - Қарағанды, «Medet Group». – – 2019. Медешова А.Б.
6. Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. Орал: БҚМУ. – 2014. Дәнеш Р. Егемен Қазақстан. // Республикалық газеті, 2021, №131. – 1б. https://www.enterpriseedges.com/importance-artificial-intelligenc

БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗ ОРТАСЫН ҚҰРУДАҒЫ МЕКТЕП ПЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ РӨЛІ

Темірғалиева Гүлсезім Серікқызы, Бақберген Аружан,
Ақтөбе қаласы №78 жалпы орта білім
беретін мектеп-гимназиясы

Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі– ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан.» (Абай, «Он тоғызыншы қара сөз»)

Бала – ұлттың үміті, елдің ертеңі. Оның жүрегі нәзік, көңілі таза, сенімі шынайы. Сол сенімді жоғалтпай, өмірге сеніммен қарайтын тұлға етіп қалыптастыру – қоғамның ең қасиетті міндеттерінің бірі. Қауіпсіз орта – бұл тек қабырғалар мен күзет емес, бұл – **жылы сөз, мейірім, әділдік пен сүйіспеншілікке толы рухани кеңістік**.

Мектеп – тек білім ордасы емес, рух пен парасаттың мекені. Мұнда бала тек оқу ғана емес, адам болуды үйренеді. Ұстаздың жүзі жарқын болса, бала мектепке қуанып келеді. Ал егер сыныптағы ахуал жылы, достық қарым-қатынас берік болса, бала өзін қауіпсіз сезінеді.

Мектеп ұжымы үшін басты міндет – баланың жандүниесіне бей-жай қарамау. Бала үнсіз болса – ол да белгі. Кейде тыныштықтың артында жалғыздық немесе уайым тұруы мүмкін. Осындай сәтте мұғалім мен мектеп психологының жылы әңгімесі үлкен көмек бола алады. Мектеп қабырғасында құрылған сенім мен сыйластық – өмір бойы баланың жүрегінде із қалдырады.

Ал, ата-ана – баланың өмір айнасы. Бала ата-ананың көзқарасын, сөйлеу мәнерін, тіпті үніндегі жылылықты да бойына сіңіреді. Егер үйде тыныштық пен құрмет болса, бала мектепке сеніммен барады. Керісінше, үйдегі дау-дамай мен немқұрайлық баланың ішкі әлемінде қорқыныш ұялатады. Ата-ана мен бала арасындағы ашық әңгіме – ең тиімді қорған. Баланы тыңдау, оның пікірімен санасу – қауіпсіздіктің бастауы.

Қауіпсіз орта – рухани кеңістік. Қауіпсіз орта – тек физикалық тұрғыда емес, **эмоционалдық және рухани қауіпсіздікті де қамтиды.**

Мұндай ортада бала өз ойын ашық айта алады, қателесуден қорықпайды, өз құндылығын сезінеді. Бала өзін түсінген ортада ғана өсе алады. Қазақтың *«Баланды өз тәрбиеңмен емес, өз мінезіңмен тәрбиеле»* деген нақылы – бүгінгі заман үшін де мәңгілік қағида.

Қазіргі таңда көптеген білім ордаларында **Ата-аналарды қолдау орталықтары** табысты жұмыс атқарып келеді. Бұл орталықтар – мектеп пен отбасының арасындағы алтын көпір. Мұнда ата-аналар мен педагогтар ортақ мақсат жолында бас қосып, өзара тәжірибе алмасады.

Орталық жұмысының негізгі бағыттары:

- Ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер мен дәрістер өткізу;
- Қиын жағдайдағы отбасылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Баланың интернет қауіпсіздігі мен эмоциялық денсаулығы туралы кеңестер беру;
- «Мектеп – менің екінші үйім» атты шығармашылық кездесулер ұйымдастыру.

Осындай орталықтарда әрбір ата-ана өз баласын басқа қырынан тани алады. Бірі баласының талантын байқай бастаса, енді бірі оның ішкі әлеміне жол табады.

Бірлік пен сенім – қауіпсіздіктің кілті. Бала тәрбиесінде сенім – басты тірек. Егер бала ұстазына сенсе – ол мектепті жақсы көреді; егер ата-анасына сенсе – өмірден қорықпайды.

Сенім мен мейірім бар жерде қауіпсіздік өзінен-өзі орнайды. Мектеп пен ата-ана бір бағытта, бір тілекте болғанда ғана бала өзін қорғалған сезінеді. Бұл – шынайы серіктестік.

Бала – қоғам айнасы. Оның күлкісінде – болашақтың үміті, оның көзінде – елдің ертеңі. Балаға мейіріммен қарау – болашаққа үмітпен қарау.

Мектеп пен ата-ана – екі қанат, ал бала – сол қанаттың арасындағы жарық сәуле. Егер сол сәуле сөнбесе – ұлттың рухы да сөнбейді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Тлеуленова Гулден Алпамысовна,
Ақтөбе қаласы, №2 жалпы орта білім
беретін мектеп гимназиясының химия пәні мұғалімі
Капрахимова Шахида Хашибаевна,
Ақтөбе қаласы, №2 жалпы орта білім
беретін мектеп гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі технологиялық жаңғырудың жаңа сатысына көтеріліп отыр. Жасанды интеллект (Artificial Intelligence – AI) ұғымы білім беру саласына еніп, оқыту үдерісін тиімді басқаруға, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға және мұғалім еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік беруде. Жаратылыстану пәндері – физика, химия, биология және география – тәжірибелік және зерттеушілік бағыттағы пәндер болғандықтан, AI технологияларын қолдану олардың мазмұнын терең түсінуге жол ашады. Бұл баяндамада жасанды интеллекттің жаратылыстану пәндерін оқытудағы негізгі мүмкіндіктері мен артықшылықтары қарастырылады.

Негізгі бөлім

1. Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі рөлі

Жасанды интеллект – адамның ойлау қабілетін, логикалық қорытынды жасау және шешім қабылдау процестерін компьютерлік жүйелер арқылы модельдеуге бағытталған технология. Білім беру саласында AI оқыту сапасын арттыру, жеке дараландыру, бағалау және оқу материалдарын бейімдеу мақсатында кеңінен қолданылады.

2. Жаратылыстану пәндерін оқытуда AI қолдану бағыттары

AI технологиялары жаратылыстану пәндерінде келесі бағыттарда тиімді:
• Виртуалды зертханалар және тәжірибелер – оқушылар тәжірибелерді қауіпсіз ортада орындап, нәтижесін талдай алады;
• Ақылды оқыту платформалары – оқушылардың білім деңгейіне сәйкес тапсырмаларды автоматты түрде бейімдейді;
• Деректерді талдау және модельдеу – экологиялық, физикалық немесе химиялық процестерді сандық талдауға мүмкіндік береді;
• Автоматтандырылған бағалау жүйелері – тест нәтижелерін талдап, оқушының даму траекториясын анықтайды;
• Мұғалімге арналған көмекші құралдар – оқу процесін бақылау мен кері байланысты жеңілдетеді.

3. Жасанды интеллекттің артықшылықтары

AI қолданудың басты артықшылықтары:
• Оқыту процесін дараландыру және әр оқушының ерекшелігіне бейімдеу;
• Қашықтықтан және аралас оқыту форматтарын тиімді ұйымдастыру;
• Зерттеу және тәжірибелік дағдыларды дамыту;
• Мұғалімнің уақытын үнемдеу және бағалауда объективтілік;
• Оқу материалдарын интерактивті және көрнекі ету.

4. Жасанды интеллектті қолданудағы шектеулер мен мәселелер

AI технологияларын енгізуде бірқатар қиындықтар да кездеседі. Атап айтқанда, техникалық жабдықталудың жеткіліксіздігі, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығының әркелкі деңгейі және деректер қауіпсіздігі мәселелері. Дегенмен бұл кедергілер білім беру жүйесінде цифрлық трансформация үдерісін тоқтатпайды, керісінше оның сапалы дамуына түрткі болады. Жоғарыда аталған AI мүмкіндіктері мен артықшылықтарының арқасында біздер өз сабақтарымызда, соның ішінде бастауыш кастардағы жаратылыстану, жоғары

сыныптардағы химия пәндерін үйретуде үлкен септігін тигізеді.






Құрылымдық схема: Жаратылыстану пәндерінде AI қолдану бағыттары



Қорытынды

Қорытындылай келе, жасанды интеллект жаратылыстану пәндерін оқытуды жаңа деңгейге көтеріп отыр. Ол оқушылардың білім алу процесін дараландырып, олардың ғылыми-зерттеу және аналитикалық қабілеттерін дамытады. AI технологияларын тиімді пайдалану мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан білім беру саласында жасанды интеллектті жүйелі және мақсатты түрде қолдану – заманауи білім берудің басты талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанова М., Аухадеева К., Белоусова Т. Химия: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, 2022.
2. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
3. UNESCO. Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities. – Paris, 2021.
4. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. Цифрлық педагогика және жасанды интеллект: әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2024.
5. OpenAI. Education and AI Integration Framework. – San Francisco, 2024.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ТРУДОВОЕ ВОСПИТАНИЕ КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ОСОБЕННОГО РЕБЕНКА

Тохобаева Алия Рыскановна, Айтхожина Дарига Мукаметкалиевна,
дефектологи Кабинета психолога-педагогической коррекции,
Жамбылской области, Кордайского района, село Кордай

Трудовая подготовка детей с особыми образовательными нуждами особо значима, это обусловлено гораздо меньшими возможностями самостоятельно принимать, осмысливать, сохранять и перерабатывать информацию, получаемую из окружающей среды, т.е. меньшей, чем в норме, сформированностью различных сторон познавательной деятельности.

Главными задачами при этом являются воспитание трудолюбия, потребности в труде, создание психологической и практической готовности к труду. В связи с этим важно формировать мотивацию трудовой деятельности детей, развивать интерес к разным формам труда, помощи старшим.

Из фундаментальных ценностей воспитательных систем было выделено трудовое воспитание, которое проводится по трем направлениям.

Труд по самообслуживанию включает в себя соблюдение личной гигиены, организацию личной жизни и индивидуальной деятельности, формирование умений и навыков по их обеспечению. В процессе реализации выделенного направления у детей формируются комплексный навык ухода за телом; соблюдение режима жизни и деятельности, в том числе и трудовой; умение ухаживать за обувью и одеждой; культура взаимодействия со средой проживания.

Большое значение необходимо придавать общественно-полезному труду. Следует отметить, что для повышения интереса и активности в процессе обучения необходимо, чтобы они осознали важность и полезность того, что они делают, понимали, что результаты их деятельности имеют известное практическое и общественное значение. Это направление направлено на формирование комплексного навыка соблюдения гигиены жилья, представлений о своем доме, его интерьере; умение пользоваться бытовыми предметами для уборки помещений и территорий дома. Бытовой труд в нашей повседневности занимает весьма значительное место. Уборка, стирка, утюжка и прочие дела - не перечислить, как их много. Приучать детей к выполнению домашних дел необходимо не только потому, что мы их должны готовить к будущей самостоятельной жизни. Главное - привлекая детей к выполнению бытовых обязанностей, мы воспитываем привычку у них трудиться и заботиться друг о друге, формируя тем самым благородные побуждения. Именно с бытового труда и начинается трудовое воспитание. Дети с удовольствием берутся за любые дела, выполняют поручения взрослых, помогают в домашней работе, но при этом их больше привлекает процессуальная сторона дела, а не результат; их трудовая активность нередко зависит от внимания окружающих и их позитивной реакции. В связи с этим необходимо предлагать детям разнообразные виды труда, обновлять их содержание, поддерживать стремление к работе и веру в успех, стимулировать эмоциональное отношение к результатам деятельности. Вот почему родители должны стремиться, не просто привить детям трудовые навыки, но и помочь им увидеть результат своего труда, пользу от него. Желание повторить успех стимулирует потребность в труде. Важно умело реализовать воспитательный потенциал труда, который заключается в том, что достижение его цели и удовлетворение вследствие этого какой-либо потребности влечет за собой появление новой или новых потребностей. Сельскохозяйственный труд -

это работа на участке, в огороде, работа по уходу за растениями на участке и в помещении, выращивание рассады, уход за домашними животными. Трудовые обязанности распределяются с учетом желания ребенка, а также их возраста и имеющегося опыта.

Нужно помнить, что трудовое воспитание - важное средство всестороннего развития личности ребенка. Но в то же время - труд должен доставлять удовлетворение и радость. А это возможно при условии, что он посилен ребенку, осмыслен им как приносящий пользу другим людям. Разумно организованный труд укрепляет физические силы, здоровье ребенка, а также оказывает существенное влияние и на умственное развитие детей. Он способствует формированию таких качеств, как сообразительность, наблюдательность, сосредоточенность, тренирует память, внимание, активизирует восприятие.

Особенно важна роль трудовой деятельности в нравственном воспитании. В труде воспитываются устойчивость поведения, дисциплинированности, самостоятельность, развивается инициатива, умение преодолевать трудности, формируются интерес к качественной работе. Основными методами трудового воспитания особых детей являются: расчлененный показ способов и последовательности выполнения доступных действий, действия совместные и по образцу, по словесной инструкции.

Выбор методов в обучении трудовым действиям зависит от возраста детей, глубины нарушения, состояния их моторики, восприятия, внимания. Поэтому важно учитывать их возрастные и индивидуальные особенности.

Важным направлением является ознакомление детей с трудом взрослых, воспитание интереса и уважения к нему и его результатам.

Ознакомление с трудом взрослых связано с расширением представлений детей о занятиях и профессиях людей. Дети знакомятся с такими профессиями, как продавец, врач, водитель, строитель, парикмахер и т. д. У ребят формируются представления о деятельности представителей разных профессий, складывается интерес к ним. Этому способствуют беседы, рисование, сюжетно-ролевые игры, в которых дети выступают в различных ролях, что отражает понимание ими деятельности людей. В процессе всей работы по ознакомлению с трудом взрослых нужно акцентировать внимание на результатах труда, его значимости для людей («Врач вылечил Султана — он здоров». «Повар приготовил вкусный обед»). Важно, чтобы система работы по трудовому воспитанию детей формировала у детей желание помогать старшим, выполнять работу быстро и аккуратно, доводить дело до конца, испытывать радость от работы. Таким образом, формирование трудовых умений и навыков, связанных с разными видами труда, благотворно влияет на уровень развития детей с особыми образовательными нуждами, позволяет эффективно решать задачи социальной адаптации, игровых и социальных проб.

Ребенок, погруженный в трудовую деятельность, получает возможность быть успешным, принимаемым, расширяются и конкретизируются его представления о жизни и занятиях людей, о пользе и результатах их труда, происходит развитие зрительно-двигательной координации, мелкой моторики, совершенствуются движения, их координация и согласованность. В результате формируются трудолюбие, потребность в труде, создается психологическая и практическая готовность к труду.

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

Туралиева Айна Хамитовна,
учитель географии Жайсанской
общеобразовательной средней школы
Актюбинской области, Мартукского района

Введение

Современное образование невозможно представить без цифровых технологий. Одной из ведущих тенденций в педагогике сегодня является внедрение искусственного интеллекта (ИИ) в образовательный процесс. География как наука о Земле предоставляет широкие возможности для использования ИИ: от анализа карт и климатических данных до прогнозирования последствий природных процессов.

Применение ИИ на уроках географии позволяет:

- повысить интерес учащихся к предмету;
- развивать навыки критического и функционального мышления;
- обучать детей работать с цифровыми инструментами;
- создавать условия для дифференцированного и индивидуального обучения.

Основные направления использования ИИ на уроках географии

1. Генерация карт и инфографики – автоматическое создание карт, схем и диаграмм с помощью ИИ-сервисов.
2. Виртуальные экскурсии – погружение в природные зоны и города мира через 3D-модели и VR-технологии.
3. Анализ климатических данных – работа с таблицами и прогнозами погоды.
4. Создание заданий и тестов – ИИ помогает учителю готовить разноуровневые задания.
5. Поддержка учеников с особыми образовательными потребностями – упрощённые задания, визуальные подсказки, голосовые помощники.

Примеры заданий с использованием ИИ

Задание 1. «ИИ-картограф»

Ученику предлагается ввести в программу (например, ChatGPT, Google Bard или ЯндексGPT) запрос: «Составь карту климатических поясов Казахстана с пояснениями».
- Полученную карту обсудить в классе.
- Сравнить её с атласом.
- Выделить совпадения и неточности.

Навык: работа с картографией, анализ достоверности информации.

Задание 2. «ИИ-метеоролог»

Используя ИИ, учащимся предлагается составить прогноз погоды на неделю для своего региона.
Запрос: «Составь прогноз погоды для Актюбинской области на следующую неделю с объяснением, какие климатические факторы влияют на температуру и осадки».
- Ученики анализируют данные, делают выводы.
- Сравнивают прогноз с реальными данными метеосайтов.

Навык: умение сопоставлять прогнозы и факты.

Задание 3. «Виртуальное путешествие»

ИИ помогает подготовить мини-экскурсию.
Запрос: «Составь описание виртуальной экскурсии по Великим пустыням мира (Сахара, Каракумы, Кызылкум). Добавь интересные факты и легенды».
- Ученики готовят презентацию, используя тексты и изображения.

Навык: исследовательская работа, креативное мышление.

Задание 4. «Эколог-аналитик»

Ученикам предлагается:
- Ввести запрос: «Какие экологические

проблемы актуальны для Казахстана и какие пути их решения предлагает мировая практика?»
- Составить таблицу «Проблема – Причина – Возможное решение».

Навык: аналитическое мышление, умение структурировать информацию.

Задание 5. «Международные организации и Казахстан»

Ученики используют ИИ для поиска информации:
«Как Казахстан сотрудничает с ООН, ЮНЕСКО и ВТО? Приведи примеры проектов».
- На уроке проводится обсуждение.
- Дополнительно – создание интеллект-карты (схемы).

Навык: умение работать с глобальной информацией.

Заключение

Применение искусственного интеллекта на уроках географии открывает широкие возможности для формирования функциональной грамотности и подготовки учащихся к жизни в современном обществе. Такие задания делают уроки интереснее, а процесс обучения — более практико-ориентированным и современным. ИИ — это не замена учителя, а помощник, который позволяет детям учиться исследовать, анализировать и критически мыслить.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Туртаева Ира Канатбайкызы,
Ақтөбе обылысы, Байғанин аударны,
Жарқамыс орта мектебінің математика пәні мұғалімі

Қазіргі қоғамда математика тек білім беру пәні ғана емес, сонымен қатар өмірлік маңызды құзыреттіліктерді қалыптастырудың құралына айналып отыр. Қазақстанның білім беру стандарттарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту басты мақсаттардың бірі ретінде айқындалған. Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін нақты өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілеті. Жоғары сыныптарда математика курсы алгебра, геометрия, тригонометрия, математикалық анализдің элементтерін қамтиды. Бұл тақырыптар оқушылардың абстрактілі ойлауын, логикалық пайымдауын, талдау және салыстыру дағдыларын жетілдіреді. Алайда мұндай білім тек теория жүзінде қалып қоймауы керек, оны өмірде қолдану арқылы ғана оқушыда функционалдық сауаттылық дамиды.

Менің бұл жүргізген талдауыма сәйкес бұл еңбекте функционалдық сауаттылықты дамытудың әдістері, практикалық есептердің үлгілері, статистикалық деректер мен диаграммалар арқылы талдау жолдары көрсетіледі.

Функционалдық сауаттылық – оқушының күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді математикалық білімді пайдалана отырып шеше білу қабілеті. Бұл ұғым PISA халықаралық зерттеулерінде ерекше мәнге ие. Мысалы, Қазақстан бойынша PISA-2022 нәтижесінде оқушылардың тек 34%-ы ғана мәтіндік есепті өмірлік жағдаймен байланыстыра алған. Бұл көрсеткіш бізге функционалдық сауаттылықты дамыту үшін әдістер мен есептердің маңыздылығын дәлелдейді. Жалпы функционалдық сауаттылық математикада үш негізгі бағытта көрініс табады:

- Өмірлік мәселені математикалық модельге айналдыру. Мысалы, қаржы есептерін теңдеу арқылы шешу;

➢ Мәселені шешу алгоритмін құру. Формулаларды дұрыс қолдану, логикалық тізбек арқылы қорытындыға келу;

➢ Нәтижені түсіндіру және қолдану. Есептің жауабын тұрмыстық жағдайға сәйкестендіру.

Математикалық ойлау осы процестер арқылы дамиды. Оқушы нақты бір жағдайда қандай формуланы қолданатынын, есептің жауабы нені білдіретінін түсінгенде ғана математика өмірмен байланысады. Бұдан бөлек, математикалық ойлауды дамытудың бірнеше әдістері бар. Мысалы:

а) Проблемалық оқыту әдісі: мұғалім сабақта нақты өмірлік жағдайды ұсынады. Мәселен, «Банкке салынған депозиттің мөлшерін есептеу», «Құрылысқа қажетті материал көлемін табу». Бұл оқушыны ойлануға, мәселені шешу жолын іздеуге итермелейді.

